


1 2008
602к

ҚАСТЕК БАЯНБАЕВ



ҚАСТЕК БАЯНБАЕВ

Таңдамалы шығармалары
1 том



Балалар әдебиеті • 2007

ББК 84 Қаз7-4

Б 31

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІНІҢ АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҮРАҒАТ
КОМИТЕТІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША
ШЫҒАРЫЛЫП ОТЫР

Баянбай Қ.

Таңдамалы шығармалары. I том. – 222 бет.

Алматы “Балалар әдебиеті” баспасы. – 2007.

ISBN 9965-650-69-1

Бұл томға ақынның мектеп есігін ашар қарсаңындағы балаларға, бастауыш сынып шәкірттеріне арналған өлеңдері мен ертегілерінің, жаңылтпаштарының ең таңдаулы дегендері енгізіліп отыр.

ББК 84 Қаз7-4

Б 4702250201
00(05)-07

ISBN 9965-650-69-1

© Баянбай Қ., 2007

© “Балалар әдебиеті” баспасы, 2007

БАЛАБАҚТА

АСЫҒУ

Жетіге аяқ басқалы
Жүз жыл өткен сияқты.
Ұмыт бола бастады
Созған күндер
Құлақты.
Күнгізбенің биылғы
Бетін күнде аударам.
Менің туған күнімді
Ұмытты ма
Әлде анам?
Өтіп жатыр ретімен
Көктем жазға жалғасып.
Осындайда жетіден
Кетпедім бе
Әлде асып?
Қанша жүрем күтініп,
Бөкпенімді жеп текке.
Балабақты бігіріп,
Барсам екен мектепке.

ТАҢЕРТЕҢ

Ерте тұрғым келмейді.
Бірақ тағы тұрамын.

Көзім түкті көрмейді,
Естімейді құлағым.

Суды ағызып ақырын,
Жуған болам бетімді.
Кешегі көп ақылым
Кеміп қалған секілді.

Балабаққа бүгін де
Барғым келе қоймайды.
Жақсы көрем үйімде
Кейде жеке болғанды.

Бірақ үйден шығамын,
Қол ұстасып көксеммен.
Ашылып көз,
Құлағым,
Балабаққа жетем мен.

КЕШКІЛІКТЕ

Біз ересек баламыз,
Аппақ жаға-жеңіміз.
Біріншіге барамыз
Биыл күзде көбіміз.

Кейде қызып қанымыз,
Қызарса да шекеміз,
Кешке қарай бәріміз
Ақылды боп кетеміз.

Тымырайып ондайда,
Қайта жымың қағамыз.
Сағат алты болғанда,
Шырт киініп аламыз.

ЕРЕКШЕ КҮН

Бүгінгі күн
Бір түрлі,
Түс сияқты,
Сиқырлы.
Өздігімен ояндым.
Қандырған соң ұйқымды.

Түс емесін білгенмен,
Түсіне алмай бірден мен,
Қарай бердім бөлмеме,
Көзім әбден үйренген.

Қалай екен мұнысы?
Неге күнгірт үй іші?
Қорқынышты көрінді
Қараңғы төрт бұрышы.

Ұшып тұрып
Мен жылдам,
Жатқан жылы орнымнан,
Терезеге ұмтылдым,
Перде тұтқан торғыннан.

Шетін аштым перденің,
Тек ештеңе көрмедім.
Жаңбыр жауып тұр екен,
Байқағаным сол менің.

Болар мұндай
Күн сирек,
Жүрегім түр дүрсілдеп.
Оятпаған болды ғой,
Бүгін үйде жүрсін деп.

Кім кұмартар
Жауында
Балабаққа баруға.
Ойнап қана отырам
Мен әжемнің жанында.

Ерекше екен
Бүгін күн,
Деп қуана жымыдым.
Жастығымды теңкиген
Жұдырықпен бір ұрдым.

Ұйқым бүгін қанды анық,
Қайтем жатып жайланып.
Жүгірдім үй ішінде,
Үстелді шыр айналып.

Дүңкідетіп еленді.
Қарғып көрдім мен енді.
Тер шығарып,
Өзімше
Сергіттім сәл денемді.

Содан кейін жуынып,
Асықпастан киініп,
Сокпақ болып ойынды,
Алдым жеңді түрініп.

Тайбурылдай ақылды
Ерттеп ағаш атымды,
Аттандым бір айқасқа.
Қысып қалып тақымды.

Асып туған батырмын,
Арыстанша ақырдым,
Қарсы келген дұшпанды

Шопше шауып,
Жапырдым.

Жұрт ермесе соңыңнан,
Түк шықпайды ойыңнан.
Сәлден кейін
Жалықтым
Тіпті батыр болудан.

Атым жатыр болдырып,
Мен отырмын ой қуып,
Терезенің түбінде
Сыртқа қарап,
Телміріп.

Жаңбыр үнсіз себелеп,
Тынар емес,
Не керек!
Үйдің іші көңілсіз,
Болып кетті керемет.

Мына жаңбыр бірақ та
Жауа қоймас бір апта.
Көп ұзамай,
Ойнармыз
Асыр салып шуақта.

Айналаның бәрі бұлт,
Кеткендей үй тарылып.
Жызарман боп отырмын,
Балабақты
Сағынып.

АПТАНЫҢ АЯҒЫНДА

Балабактын тәртібін
Сақтадым мен алты күн.

Дәмді-дәмсіз бөкпеннің
Бәрін өзім жеп келдім.

Сапқа тұрып,
Салдым ән,
Құмарлығым бар бұған.

Қала сыртын көруге
Шықтым кеше сейілге.

Жуынуға
Күн сайын
Кеткен шығар бір сабын.

Отті кілен қиын күн,
Көп шешініп,
Киіндім.

Түскі ұйқының қорлығын
Тағы көрдім
Мен бүгін.

Тәртіп сақтай бергеннен
Шаршап кетем кейде мен.

ДЕМАЛЫС

Қинамайды мені анам,
Бүгін үйде демалам.

Тәртіп сақтау керек деп,
Жүгірмеймін дедектеп.

Ретін тауып мұндайда,
Болады бет жумауға.

Бүгін дәмсіз бөкпенді
Жемессең,
Түк етпейді.

Болады үйде жүргенде
Таза киім кимеуге.

Келген жоқпын мен үйге
Шығу үшін сейілге.

Түскі ұйқыны...
Қой әрі,
Түнде үйктасам болады.

Келдім екен үйіме,
Түсем ерке күйіме.

МАУСЫМДАР

*ҚЫС күнар береді,
КӨКТЕМ дән егеді,
ЖАЗ баптап өсірсе,
КҮЗ жинап-тереді.*

КӨКТЕМ КҮНДЕРІ

НАУРЫЗ

Өніп еккен дәніміз,
Бүршік жарды бағымыз.
Сәскеде — жаз,
Түнде — қыс
Секілді екен наурыз.

Төлден жатыр малымыз,
Қазан толы сары уыз.
Сүті көп те,
Көмірі аз
Болады ғой наурыз.

Жайдарымыз бәріміз,
Дастарқанда дәміміз.
Кожесі көп,
Қыры көк
Қандай жақсы наурыз!

СОҢҒЫ ҚАР

Қырға қаптап төл өрген,
Көктем кезі дегенмен.

Жапалақтап қар жауды
Жер бетіне көгерген.
Қанша жауып оңдырар,
Осы шығар соңғы қар.
Азар болса азырақ
Жауқазынды тоңдырар.

ТЫРНАЛАР

Аспанда самғайды
Тырналар тізіліп.
Біреуі қалмайды
Қатардан үзіліп.

Сактайды сапарда
Бірлікті кім мұндай.
Бұзылмас катары
Кәдімгі шынжырдай.

ҰЯ

Ұя жасап тақтайдан,
Талға апарып байладым.
Жыл құсының шаттанған
Күттім қашан сайрауын.

Сол ұяны талдағы
Қараторғай мекендеп,
Күні бойы сайрады,
Жайлы пәтер екен деп.

ЖАҢБЫРДАН СОҢ

Көктемнің ақ жауыны
Жаңа ғана басылды.
Жырттылың бұлт бауыры,
Күннің көзі ашылды.

Бұйраланған көк белен
Күн шуақтап
Жайнайды,
Әлі жүні кеспеген
Жас қозыдан аумайды.

КҮРЕС

Палуан болу оңай ма,
Қажет оған көп айла.
Сол үшін біз аянбай
Көп күрестік қоғалда.

Айту қиын шындықты,
Кім жығылды,
Кім жықты?
Арқамызға, әйтсеуір,
Аршып алар ніл жұқты.

СЕКІРМЕК

Көк өскен айнала,
Көңілді қайда да.
Секірмек ойнап жүр
Балалар аулада.

Әдіспен не қилы
Айнымай секірді.
Қарасан сыртынан,
Серіппе секілді.

КӨБЕЛЕК

Қырат түгел түрленіп,
Коз тартады ксремет.
Гүл біткенге бір қонып,
Жүрген еді көбелек.

Қоюланып тағы бұлт,
Жауды жаңбыр себелеп.
Жапырақты жамылып,
Бұға қалды көбелек.

ЖАЛАУ ӨСІП ТҰРҒАНДАЙ

Бұлбұлдары сайраған
Бүйраланған бак қандай!
Алма ағаштар жайнаған
Аппак бантик такқандай.

Самал желмен таранған
Қызғалдақты қыр қандай!
Жер бетінде саналуан
Жалау өсіп тұрғандай.

СЕҢ

Өзен дүр сілкінді.
Көкше мұз жыртылды.

Демде арна кеңейді,
Қозғалды сең енді.

Сансыз мұз аралы
Қағысып барады.

Қайыру бермеген
Асаудай сең деген.

ТҮНДЕ

Балапаны байғыздын
Қалғып отыр орманда.
Құлағына жалғыздын
Күбірлейді жел майда.

Байғыз ұяң келеді,
Сөзге сараң,
Ойға бай.
Қамсыз қалғи береді,
Күні бойы ойнамай.

Тек шымшықша секендеп.
Шошиды күн батқанда,
Аспан құлап кетер деп,
Адам ұйықтап жатқанда.

АШЫҚ КҮН

Атамның баяғы
Жаралы аяғы.
Жауынды күндері
Ауырып қалады.

Көрпесін жамылып,
Жатады сарылып.
Кенет күн ашылса,
Кетеді сауығып.

Кешкісін атамның
Қойнына жатамын.
Сипаймын ақырын
Сүттей ақ сақалын.

Таң атса күлімдеп,
Жүрегім дірілдеп,

Атама жүгірем:
— Күн ашық бүгін! — деп.

ТІС

Тісім қаулап шықты,
Санау қиын тіпті.
Бәрі қардай әппак,
Әрі қандай мықты.
Ала қаптан алып,
Азу тіске салып,
Тастай қатты күртты
Жей аламын шағып.

ОРЫНДЫҚ

Қарағайдың қалдығын
Қанат қиып, қашады.
Қиыстырып барлығын,
Бір орындық жасады.

Жаман емес көргенге
Орындығы шикылдақ.
Ал отыра бергенде
Шыға келер бұлтыңдап.

БІР АТТА

Талпынып көр жүруге,
Әуелі тек бір атта.
Жетеді сол бүгінге.
Ертеңге аздау бірақ та.

Бес аттасаң егер де,
Ертеңге сол жетеді.
Арғы күнге,

Дегенмен,
Оның аздық етеді.

Арғы күні,
Ерінбей,
Он аттауға болады.
Бірақ одан кейінге
Бұл да аздау соғалды.

Қалма жұрттың соңында.
Қажет болса,
Мын атта.
Аздық етер оның да,
Жету үшін мұратқа.

“ДӘРІГЕР”

Қадірлеген қалың ел,
Қалқаш — жақсы дәрігер.
Науқастарды қабылдап,
Отыр жалғыз дабырлап.
Кетігі бар тісінің
Қарап болып мысығын:
— Кәрі тышқан жеме! — деп,
Тапсырды оған шегелеп.
Тексерген соң бопсесін,
Айтты бірден тотсесін:
— Жас емессің сен енді,
Таста емшек емгенді.
Қуыршағын көргесін,
Берді лайық кеңесін:
— Жүгірсеңші дедектеп,
Саған қимыл керек, — деп.
— Кезектегі кім енді? —
Деп дауыстап жіберді.
“Сыртта” ешкім жоқ еді.
Бұған “науқас” керекті.

Өзі жайлап күліп кеп,
Көрді әжесін үгіттеп:
– Жүре бермей “белім” деп,
Дәрігерге көрін, — деп.
– Қоя тұршы сол белді,
Одан әжен өлмейді.
– Мен бәрібір білемін.
Ауыратын жүрегін.
– Жаман емес ол-дағы.
Ренжітпессен, болғаны.
– Сыздайды ғой буының.
Қиын болар жүруін?
– Дәнесе жок буында,
Жарар жүріп-тұруға.
– Ауру жок па басыңда
Немесе ақ шашыңда?
– Алаң болма,
Айнашым,
Шаш орнында,
Сау басым.

Қалырлеген қалың ел
Сонда әлгі дәрігер
Жылады жер тебелеп:
— Ауырмайсың неге! — деп.

АЯҒЫ АУЫР ЖЕҢГЕМНІҢ

Аяғы ауыр жеңгемнің,
Көп еркелей бермеймін.
Тыныш қана жүремін.
Жайлап қана сөйлеймін.

Ойнайық деп келгеннің
Барлығына ермеймін.
Қара қойды қалжалық
Суарамын.

Жемдеймін.
Әдетімен кейде елдің,
Ұл туғаны жөн деймін.
Оқасы жоқ қыз болса,
Оны да жек көрмеймін.

АҚЫЛ ТІС

Бауырым
Ауырған шамалы
Бір тісін тастады жұлғызып.
Тісіне күдікпен қарады,
Ой келіп өзіне бір қызық.

Дәрігер абайсыз суырып
Алды ма әлде ақыл тісімді,
Деп ойлап,
Мүкият жуынып,
Ақылсыз емесін түсінді.

КЕРЕК

Ие керек итке,
Ине керек жіпке.
Икем керек іске,
Иық керек жүкке.

БАЛА МЫСЫҚ

Бала мысық батыл-ақ,
Тышқан ұстау талабы.
Сылдыр етсе жапырақ,
Дерсу бұға қалады.

Сол дыбысты сарылып,
Күні бойы аңдиды.
Кеткен кезде жалығып,
Көзін жұмып қалғиды.

ЖҰЛДЫЗШЫ

Сары,
Күлгін,
Жалқын,
Жұлдыздары айқын
Жаздың қоңыр кеші,
Самал ескен салқын.

Бөленген жас бауға
Шағын, жасыл аула.
Көк иісі жұпар
Жайылады маңға.

Ақшам түсс Қанат
Ашық көкке карап,
Күбірлетіп ернін,
Жағыр жұлдыз санап.

Қос жанары жайнап,
Көктің жүзін шарлап,
Қанша жұлдыз барын
Анық біліп алмақ.

Оған таныс еді,
Жұлдыздардың қобі.
Шашыраған көкке
Көбіктей күс жолы.

Батқан мөлдір қолға
Секілді алтын теңге,
Көрінеді анық
Темірқазық елге.

Білмепті бұл бұрын,
Байқады тек бүгін,

Жұлдыз санау деген
Жұмыс екен қиын.

Оріс толы толді
Санағандай болды.
Қойды есебі жүрмей,
Жаңылыса берді.

Ең керегі бұған
Керемет зор шыдам.
Және кешке көкті
Баспасын бұлт,
Тұман.

Құған бала мақсат,
Кетпейді ғой тастап.
Біреу...
Тоғыз...
Отыз. —
Дейді қайта бастап.

Болмаса да жарық,
Тұрған жаңа жанын
Бір елеусіз жұлдыз
Кетті кенет ағып.

Құлады екен неғып,
Қалған болар сөніп,
Деп ойлады Қанат,
Көзіне жас келіп, —

Жүрегін бір түйреп,
Кетті үрей билеп.
Көктегі көп жұлдыз
Қалғандай сәл сиреп.

Жасыл,
Күлгін,
Сары
Жұлдыздардың бәрі
Ағып түссе егер,
Қандай болмақ жайы?

Сөнсе мына мың от,
Басар жерді түнек!
Көк күмбездей аспан
Қалар еді жүдеп.

Айта көрме оны,
Қайнап онда соры,
Өзі ғана болмақ
Жұлдызшының соңы.

Естияр ұл бірақ
Қайтсін бекер жылап.
Жымың қағып бұған
Тұрды сансыз шырақ.

Өзін енді Қанат
Қарауылға балап,
Жұлдыздарын қайта
Қоймақ болды санап.

Болса талап,
Жігер,
Әлі санын білер.
Көктегі көп жұлдыз
Тұрса болды түгел.

АСАР

Ағасы үй жұмысын
Қауымдасып жасарда,
“Қолы жеңіл” інісін
Шакырады асарға.

Бұлар асар дегенді
Асығу деп ұғады.
Бірі сүртіп еденді,
Бірі ыдыс жуады.

Өздеріне белгілі
Мұндай шұғыл асарды
Кейде аға,
Кейде іні
Кезектесіп жасайды.

Білетін өз бағасын
Батыл іні сасар ма,
“Алтын басты” ағасын
Шакырады асарға.

Анық аға екені,
Қайтарсын ба меселін.
Асарлатып екеуі
Шығаралы есебін.

ДӘУ ЕМЕН

Атағы асын ауылдан,
Аймағына жайылған,
Бар еменнің бабасы
Осы шығар, шамасы.
Келе жатқан ел оны
Түстік жерден көреді.
Биіктігі жүз құлаш,

Шындай мәңгі мызғымас.
Бұтақтары түйіскен
Бұғылардай сүзіскен.
Қақтаған күн жалыны
Қалын көндей қабығы.
Жапырағы жайқалған
Сипалайды арқаңнан.

Жасын ешкім білмейтін,
“Баяғыдан тұр” дейтін.
База кезде сары ауыз
Өрмелепті бабамыз.
Жалаң аяқ Жамбыл да
Паналапты жаңбырда.

Сонау жылы бір ғалым
Санап бұтақ-бунағын,
Қасып көріп қабығын,
Басып көріп тамырын,
Жүріпті жаз айында
Дәу еменнің маңында.
Үш жүз жасқа толғанын
Анықтапты сол ғалым.

* * *

Кілең ойын құғаны,
Осы ауылдың ұлдары
Жиналады әр күні
Сол еменге әйгілі.
Ағашты бір айналып,
Бұрынғыша таң қалып:
— Қалыпты сәл жуандап,—
Десе бірі қиялдап,
Сенімеіздеу сөзге осы
Оре тұрын өзгесі.

Үдеп ұлдар айқайы,
Басталады дау тағы.
— Ағаштардың бір түнде
Жуандауы мүмкін бе?
— Жуандаса бір елі,
Онысын кім біледі.
— Ал азырақ бойы өссе,
Байқалады емес пе.
— Қарап қана бойына,
Білу қиын оны да.
— Тобесі көк тіреген
Өсе қоймас бұл емен.
— Қарайық та шалқайып,
Қанша өскенін байқайық.
— Қалыпты деп жуандап,
Анау тағы түр алдап.
— Егер ешкім сенбесе,
Өлшеу керек, ендеше.

— Өлшегеннен не шығар,
Түсінсейші осылар!
— Айтыспайық снді көп,
Өлшейік бір соңғы рет.—
Деп айбарлы біреуі,
Сөз аяғын түйеді.

Қол-аяғы сидиған,
Сары бала тырбиған
Шығады алға жүгіріп,
Екі жеңін түрініп.
Алдындағы серейген
Күресердей еменмен,
Жазып денс құрысын,
Терен алып тынысын,
Қабырғасы қабысып,
Дәу еменге жабысып,

Құлашын кен кереді,
Өлшегені сол еді.
Әлде біреу сарынын
Басады енді арынын:
— Жетпейді ғой құлашын,
Күшеніп не қыласың.
Жасып қалған сары бала
Жалтарады жай ғана:
— Бір құлаштың кеңдігі
Бәріне де белгілі.

Салт бойынша күндегі,
Біреу шығып ілгері,
Тырбық сары екеуі
Қол жалғаса кетеді.
Білектері майысып,
Дәу еменге жабысып,
Құлаштарын кереді,
Өлшегені сол еді.
Тұрады олар тырбыып,
Басқаларын күлдіріп.

Тағы шығып бірі алға,
Қосылған соң бұларға,
Қол ұстасын үшеуі,
Арқалана түседі.
Білектері майысып,
Дәу еменге жабысып.
Құлаштарын кереді,
Өлшегені сол еді.
Белгілі дәу бұларға
Үш құлашқа сияр ма.

Ретін күтіп манадан,
Екі санын сабаған.

Тағы біреу шығады,
Қалқиып қос құлағы.
Төртеуі қол жалғасып,
Дәу еменге жармасып,
Құлаштарын жаяды,
Бірақ жетпей қалады.

Тағы шығып бірі алға,
Қосылған соң бұларға,
Қаралары көбейіп,
Орталары кеңейіп,
Бессуі қол жалғасып,
Дәу еменге жармасып,
Құлаштарын жаяды,
Тағы жетпей қалады.

Қолында бар кеңейі,
Біреу шыға келеді.
Қаралары көбейіп,
Шеңберлері кеңейіп,
Алтауы қол жалғасып,
Дәу еменге жармасып.
Құлаштарын керемді,
Сенімдері зор еді.
Құшақтауға айнала
Жетпей қалды сәл ғана.

Қос танауы тарбиып,
Біреу шығар даурығып:
— Байқап тұрмын мен бәрін,
Әлі қысқа қолдарың.
Қосылмасам мен келін,
Тұрасыңдар қор болып.
Мен қолымды жалғасам,
Жетуші елі әрқашан.
Өлшейік те бұл дәуді,
Бітірейік бір дауды.

Қол ұстасып жетеуі,
Шеңберленс кетеді.
Құлаштап дәу еменді,
Шуласады топ енді.
— Жуандығын мен оның
Жеті құлаш дегенмін.
— Өлшесек те мын рет,
Жуандаған түгі жоқ!
— Тұрғанын сол күйінде
Көрдіндер ғой бүгін де.
— Текке өкініп не керек,
Алып қой бұл керемет.
— Жінішкеріп қалғандай,
Тұрсындар ғой танданбай!
— Тұрған күнді перделеп,
Мұндай ағаш жерде жоқ.
— Жеті құлаш дегенге
Кормегендер сенер ме!
— Мұндай алып еменді
Өсіре алмас ел енді!
— Көп жасайды бұл әлі.
— Мүмкін емес құлауы!

* * *

Ала жаздай сол емен
Күн түсірмей төбеден,
Носер болып құятын
Бұлтша қалқып тұратын.
Бұл ауылдың бар ұлы
Болып алған көнігі,
Жерде қалмай біреуі,
Құшағына сіңеді.

Құшағында күнде оның
Туындайды түрлі ойын.

Бірсуі сүр тиінше
Бұтақ бойлай жүгірсе,
Бірі айқай салады,
Тарзан болып баяғы,
Енді бірі барысша
Жерге бұғып жабысса,
Маймыл болып мынасы,
Кен жайылса құлашы.
Арыстан боп анасы.
Желпілдейді жағасы.
Кетеді ойын ұзарып,
Күн батқанша қызарып.

Күнге күйген маңдайы,
Осы ауылдың шалдары
Бас қосады іңірде,
Сол еменнің түбінде.
Немере көп, жиен көп.
Жетегінде бірсу жоқ.
Бала біткен осында,
Жаздық жасыл қосында.
Қарттар қарап тұрмайды.
Шақыралы ұлдарды:
— Періштелер көктегі,
Саргайтпаңдар көп мені.
Әрі қарай қашпаңдар,
Жерге түсе бастаңдар.

Отырғандар бірге кеп.
Жөнеледі кимелеп:
— Осылардай кезімде
Өрмелегем өзім де.
— Осы ағаштың басында
Қалғушы едім жасымда.
— Зор еменнен мынадай
Жүрсе игі құламай.
— Босап кетіп қолымыз,

Кұладық кой көбіміз.
— Дін аманбыз сонда да,
Сылтып жүрген сен ғана.
— Қалқып тұрған кешегі
Көк ордамыз осы еді.
— Мұндай ағаш киелі
Мың жыл өмір сүреді.
— Қуат алып әуеден
Тұрған шығар дәу емен.
— Еш күнәсіз онда біз
Періштедей болғамыз.
— Бүгін енді жердеміз,
Қыбырлаған пендеміз.
— Қайда бұға қалдыңдар,
Ербендеген маймылдар?
— Ойындарың қанды да,
Түсіндер кел алдыма!
— Мына салқын қойнауада
Ойнасаңдар болмай ма!
— Жоғары орлей бергенде,
Түз төге ме сендерге?

Көп періште көктегі
Шеттерінен етті еді.
Амаздарын асырып,
Түсер жерге шанылып.
Бірақ қарттар ұлдарлы
Құр бақылап тұрмайды.
“Кұлаған” әр баланың
Синалап қол-аяғын,
Амандығын біледі,
Мұрттарынан күледі.
Тарайды олар көңілді,
Ертіп алып көп ұлды.

Алып емен баяғы
Түнде жалғыз қалады.

Қорып тұрған ауылды
Қарауылдай кәдімгі.

ЖАРЫС

Қос жеңімді түрініп,
Түстім жаяу жарысқа.
Келемін зыр жүгіріп,
Мініп алып намысқа.

Қара терге малынып,
Топтан оза бергенде,
Балағыма шалынып,
Ұшып түстім
Мен жерге.

Қалағандай
Мен мына
Көпке күлкі болуды,
Балақ тұру орнына
Түріппін ғой жеңімді.

БЕС ҚАРУ

Орақ батыр ондағы
Осы ойынды қоймады.

Салдырлатып ас үйді,
Ауыртады басыңды.

Бір табакты қалайы
Қалқан қылып алады.

Бір үлкені бақырдың —
Дулығасы батырдың.

Әжесінің оқтауы —
Тақымдағы шокпары.
Күткендей бір сайысты,
Жарқылдайды шанышқы.

Бәрі керек уағында
Айналады қаруға.

Байқап батыр баланы,
Жоламай жүр жау әлі.

МАУБАСТАР

Тәтті ұйқысын қимайды
Бүкіл маубас атаулы.
Төсегінен тұрмайды
Таңертең ел қатарлы.

Корне астына бұғады,
Екі көзін ашпайды.
Оянып тек құлағы.
Дыбысты ести бастайды.

Тұрып сәске болғанда,
Беті-қолын шаяды.
Оянбайды сонда да
Олардың қол-аяғы.

ҚҰРДАСТАР

Шақан зулап шабады,
Мініп алып шыбыққа.
Бек өрмелей алады
Сүйей салған сырыққа.

Қасен күлім қағады,
Шаңғы теуіп суықта.

Көбісі ер баланың
Кұмар батыл кылыққа.
Бақай ғана баяғы
Жүреді ығи нықта,
Салбыран қос аяғы,
Жерге жетер жуықта.

ИІС

Жайнатқан кең аймағың,
Атам бағбан, айтулы.
Киімінен әрдайым
Көк иісі аңқиды.

Дастарканы толы дәм,
Айнадай бар ыдысы,
Анамның ақ қолынан
Шығады нан иісі.

Бірақ інім басқарак,
Оңдырмай жүр оқуын.
Күнделігін аңсаң-ақ,
Шығады иісі “екінің”.

ТАЛАП ПЕН САҒАТ

Қылығы бар Талаптың
Бәрімізге ұнайтын.
Жатар кезде сағаттың
Қоңырауын бұрайтын.

Қоңырауы сағаттың
Тан атқанын білдіріп,
Оятады, Талаптың
Құлағына шынғырып.

Әдеті бар Талаптың
Қорыдайтын көп уақыт,

Қолындағы сағаттың
Қоңырауын тоқтатып.

АСАННЫҢ АМАЛЫ

Адамға ең жаманы —
Қашқан кезі ұйқыны.
Көзіңнен жас ағалы,
Жуыспайды кірпігің.

Астындағы ақ төсек,
Басыңдағы дәу жастық —
Айнымаған тас кесек,
Жатқаның сол аунақшып.

Бірақ біраз баланың
Болады екен сиқыры,
Тез шақырып алатын
Қашып жүрген ұйқыны.

Бір баланың мынандай
Айласы бар тамаша:
Ұйықтайды түк қиналмай,
Жүзге дейін санаса.

Өзі келіп ұйқының
Табады кей баланы,
Тыңдап сағат тықылын,
Тыныш жатса шамалы.

Айтқызбай-ақ ертегі,
Алтыдағы кіші інім
Қамсыз ұйықтап кетеді.
Сипап жатса мысығын.

Ал Асанның амалы
Бұдан гөрі басқаша:

Лезде ұйықтап қалады
Кітап оқи бастаса.

КӨЛЕНКЕ МЕ, БАЛА МА?

Ағасының қолынан
Бір ұстаса Бекені,
Күні бойы соңынан
Қалмайды ғой екі елі.

Көленкесі секілді
Қайда барса, қалмайды.
Осы отырған екі ұлды
Ешкім бола алмайды.

Үйге кірсе — кіреді,
Шықса — шығар далаға,
Осыны кім біледі,
Көленке ме,
Бала ма?

ШЫНЫҒУ

Ыстық күнде тон киген
Бір баланы көрдім мен.
Белін қысып буышты
Бір құлаштай кендірмен.

Ми қайнатқан шілдеде
Пысынап жүр бұл неге?
Жон сұрадым баладан,
Білмек болып бірдеңе.

Тонды бала бұрылып,
Жауап қатты жымиып:
— Шыдау үшін ыстыққа
Жүргенім ғой шынығып.

КЕРІКТІҢ МОЙНЫ

Шөбін шалып қорықтың,
Көп еңкейе бермейтін
Құрық мойны керіктің
Жетпейді екен жерге еркін.

Отамайтын сол ғана
Көк шалғынды жердегі.
Ашықтырмай сонда да,
Асырайды мойны оны.

Серейін төрт сирағы,
Қалақ басы кегжиін,
Мәңгі жасыл құрманың
Жапырағын жейді үзіп.

Белгілі ғой, керіктің
Мойны сондай болады.
Бірақ біздің Беріктің
Неге қысқа қолы әлі?

Тозаң басқан бөлмесін,
Жиналмайды төсегі.
Жатыр кітап, жейдесі
Кір еденде бес елі.

Жетсе егер жерге шын
Салбыраған қолы оның,
Жинап кітап, бөлмесін,
Жуар еді еденін.

Байқап жүрміз біз анық,
Мұндай қысқа қол кейде
Кетеді екен ұзарып,
Дастарқанға келгенде.

ҚУЛЫҚ

– Кімдікі қалай? – деп,
Көрсетіп кекілін,
Жүгінді маған кеп
Кішкентай екі інім.

Мінезін бұлардың
Жасынан білемін.
Біреуі жылайды,
Мақтасаң біреуін.

Шатақтан әдейі
Құлықпен құтылдым:
– Менікі әлемі! –
Деп сөзді бітірдім.

БАЙЛАУЛЫ БАЛА

Күнде көрем Қуатты
Телевизор алдынан.
Кәрі мысық сияқты,
От басында қалғыған.

Қос жанары мұнарлы,
Жайнамайды.
Сөнбейді.
Экраннан былайғы
Ештеңені көрмейді.

Мұның жансыз
Кескінін
Елес дерсін шынайы.
Бөтен үннің ешбірін
Естімейді құлағы.

Футбол,
Фильм,
Ертегі,
Бірі қызық бірінен.
Қуат ұзақ елтеді,
Айнымай сол күйінен.

Хоккей көре отырып,
Оқиды кей сабағын.
Асайды
Аузын толтырып,
Алдына әкеп тамағын.

Жүгірмейді,
Жүрмейді,
Доп қуғанды білмейді.
Шакырса да кім,
Мейлі,
Үйіне әсте кірмейді.

Көп отыра бергесін,
Қозғалмастан,
Жайғасып.
Оның балғын денесін
Бара жатыр май басып.

Құр өткізіп
Күндерді,
Апталарды,
Айларды,
Қартаймасын мүлде енді
Осы бала байлаулы.

АСЫҚШЫ

Оң қалтада он асық,
Сол қалтада он асық.

Оң қолтықта бес асық,
Сол қолтықта бес асық.

Оң қолында үш асық,
Сол қолында үш асық.

Қазынасы бар қымбат
Бойында жүр салдырлап.

Салмақ жаншып баланы,
Жерге шөгіп барады.

Есейгенше мұрт шығып,
Қалар белі бүкшіліп.

ҚОНАҚ КЕЛГЕНДЕ

Қонақтар келгелі
Көңілді үй қандай!
Кілемдер төрдегі
Күлімдеп тұрғандай.

Жайылған арнайы
Дастарқан
Бай қандай!
Әлемнің бар дәмі
Аспаннан жауғандай.

Бүйірі жарқырап,
Самауыр бір жақта,
Салады сақырлап
Әдемі ырғаққа.

Қонаққа бәріміз
Көрсеттік қошемет.
Сапырған сары қымыз
Құйылды еселеп.

Көңілді кокем де,
Әжем де,
Анам да.
Қонақты бекерге
Бұлар күт санай ма.

Даладай аумағы
Жайнаған бөлмені
Шат күлкі жайлады,
Қуаныш кернеді.

Үлкендер не етеді,
Оңаша бөлініп.
Мазасы кетеді,
Үйінде зерігіп.

Біреуі қайтқанда,
Орнына бірі кеп.
Сабылын жатпай ма
Қонақтар жиірек.

“ҚАРА ТЕҢІЗ”

Кемелдің кең танауы
Келеді бір құрғамай.
Бұл әдеттен анайы
Жиіркенбей жүр қалай?

Аязында қаңтардың,
Аптабында шілденің
Пырсылдаудан танбайды
Тәрбиессіз мұрны оның.

Ал балалар таппайтын
Теңеу бар ма бейнелі:
“Жыл бойына қатпайтын
Қара теңіз” дейді оны.

СӘЛІМ “ҒАЛЫМ” АТАНБАҚ

Сәтін тапса болғаны,
Сәлім бакка кіреді.
Бармақтай көк алманы
Көрген болып жүреді.

Ғалым деген атакка
Жету ме екен арманы,
Қол созады бұтаққа,
Зерттемек боп алманы.

Кіретіндей кітапқа
Құпия ашса, жарады.
Тек төменгі бұтақта
Алма азайып барады.

АРЫСТАНМЕН АЙҚАС

Қасыма ертіп әпкемді,
Келе жатқам тоғайда.
Қос арыстан тап берді,
Мұнша сұсты болар ма!

Құба жүзі қуарып,
Әпкем жылап жіберді.
Қыздың бәрі жылауық.
Жұбатып көр мұны енді

Қайрат толы бойымда,
Жігітпін ғой жүректі.
Жаудың көзін жоюға
Сыбандым қос білекті.

Тұрған аңнан алдымда
Айырылып қалам ба,
Құйрығынан алдым да,
Лақтырдым қырық қадамға.

Маған шошн қарады
Екіншісі ерекше,
Аяғымды жалады
Жата қалып,
Тобетше.

Жоқ үреіі де,
Қорку да,
Келем тоғай ішінде.
...Осындай бір оқиға
Болған менің түсімде.

ЖАҚСЫ МЕН ЖАМАН

(Санамак)

1

Қайыр күтпе баладан,
Өз мысығын сабаған.

Кім алдаса анасын,
Оған қалай нанарсың.

“Екі” болса алғаны —
Бала ұятқа қалғаны.

Ойнап жүріп жыласа,
Орынды емес бұл аса.

Келсе сөзі анайы.
Мақтамас бұл баланы.

Жала жапқан басқаға,
Барып тұрған маскара.

Қашқан бала қораздан
Су жүрек қой ол жазған.

Добын қимас ойнауға
Ұят сараң болған да.

Кім мақтанса көбірек,
Жайсыз мінез жөні жоқ.

Ерінсе қол жуғанға,
Нассың дейміз мұндайға.

Мұнша уақыт санарлық,
Бар екен ғой жамандық..

2

Бәрі жақсы баланың
“Беске” оқиды сабағын.

Айналайық баладан
Көгершінді аяған.

Адал болса досына,
Азаматың осы да.

Ойнатса кім інісін,
Мақұлдаймыз мұнысын.

Әділ болсаң ойында,
Жақсы мінез оның да.

Күтсе бала әжесін,
Жақсы дейміз дәл осың.

Өскен бала ауылда
Ойнар аттың жалында.

Өзі түйме қадаса,
Мұндай бала тамаша.

Барын берсе қолдағы,
Баба жомарт болғаны.

Уәдесін сақтаған
Баланы жұрт мактаған.

Болады әрі санауға,
Жақсылық көп қалайда.

ӨТКІНШІ

Асыр салып жүр едік
Таң атқалы аулада.
Аспан кенет түнеріп,
Күнгірт тартты айнала.

Құлағалы тұрғандай
Төбемізден кара бұлт.
— Шыға келді бұл қайдан? —
Деп шалқая карадық.

Кесек-кесек тамшылар
Жауды жерге сорғалап.
Намысымыз бар шығар,
Қашамыз ба қорғалап!

Егескенде
Біз кейде
Батырсынып кетеміз.
Бірақ тамшы тигенде
Қайқан-қайқан етеміз.

Мынау өзі немене,
Атып жатқан жебе ме?
Жауып тұрған шеге ме,
Қадалалы денене.

Бірақ шыдам жетпелі,
Қаштық біреу қуғандай.
Қалын тентек көктегі
Тап бергелі тұрғандай.

Кірген бетте
Бар бала
Үйімізге жүгіріп,
Қайта шықтық аулаға
Бір-бір сулық киініп.

Үйімізге жеткенше,
Төніп тұрған қара бұлт
Жауын болып өткізші,
Кеткен екен таралып.

Аспан ашық көкпенбек,
Көрінбейді қара бұлт.
— Қайда көшіп кеткен? — деп
Айналаға қарадық.

Жаңғыртып бар ауланы:
— Жау! Жау! — дедік жар салып.
Жанбыр бірақ жаумалы,
Күте-күте шаршадық.

Киіп жүрміз бәріміз
Сүйретілген сулықты.
Қашпау үшін тағы бі,
Ойладық бір қулықты.

Талай нөсер кұяды,
Күн туады ондай да.
Тек сулықты ұдайы
Киіп жүрсек болмай ма.

ЕРДЕННІҢ “ЕРЛІГІ”

Көршілері Ерденді
Бала дейді орденді
Ерден орден аларлық
Апты ма бір жаңалық?
Әлде айта жүрерлік
Жасады ма бір ерлік?
Жок, Ерденнің “ерлігі”
Бәрімізге белгілі:
Қалса үйінде оңаша,
Оған осы тамаша.
Шкафтарды ашады,
Киімдерді шашады.
Әкесінің бағалы
Ордендерін тағады.
Үйде біраз жүреді,
Көршілерге кіреді.
Сонсын тысқа шығады.
Маңғазданып тұрады.
Батыр болып көрініп,
Қайталаы үйге еліріп.
Киімдерді жинайды,
Шкафқа енді сыймайды.
Бүктеп сала береді,
Уақыт тығыз себебі.
Жұмыстан кеп әкесі,
Базардан кеп тәтесі,
Бір бүлікті байқайды,
Қиналып бас шайқайды:
– Тоздырдың ғой киімді,
Қойсаншы енді мұныңды!

Жалықпайды Ерден де
Уәдесін бергенге.
Берген сертін ол бірақ
Ұмытады соңыра-ақ.
Әдетімен қашанғы
Шкафтарды ашады...
Бәрімізге белгілі,
Осы – Ерденнің “ерлігі”.

ЕҢБЕКТІҢ ЕҢ ТӘТТІСІ

Көрсетейін бір көмек,
Отырғанша үйде деп,
Бардым алша теруге,
Алға қарай қимелеп.

Келдім екен көмекке,
Бос жүруім керек пе.
Теріп сала бастадым
Алшаны ақ шелекке.

Күлім қағып қабағым,
Алшаны үзіп аламын.
Ұсағын сап шелекке,
Ірісін жей саламын.

Бәсеңдеді енді екпін,
Бірақ тағы термекпін.
Ең тәттісі осы екен
Мен білетін еңбектің.

Аз болды ма көмегім,
Көп бодды ма жегенім,
Күн тобедең ауғанда
Зорға толды шелегім.

АРАША

Сүтке малған түмсығын
Сүртіп отыр бір шыбын.
Төгіп-шашып бұл ақты,
Артық ішкен сияқты.
Бөрткен дәндей
Су сініп.
Қарны кеткен тырсиып.
Өз салмағын ауырлап,
Алмақ еді дамылдап,
Байқап осы Шыбынды,
Торғай оған шүйілді.
– Сүтке әбден тойынып,
Шыққандайсың шомылып.
Адал асын басқаның
Жетер енді ластауын!

Мына Торғай ашулы
Зәре-күтын қашырды.
Шығармақшы бір бүлік,
Қалды Шыбын шыңғырып.
Мысық естіп бұл үнді,
Бері қарай жүгірді.
Мұртын талдап тараған,
Үстін сәндеп жалаған,
Бар өңінде шын айбат,
Жөн сұрады мияулап:
– Мына әлсіз жәндікті
Шырылдатқан қай мықты?
Торғаймысың кәдімгі,
Ағызайын қаныңды!

Мысық ыршып түсті де,
Төнді күстың үстіне.
Шошып жаудан білекті,
Торғай байкүс шыр етті.

Естіп қалып бұл үнді,
Төбет бері жүгірді.
Жайын ауыз,
Жуан төс,
Томар мойын,
Тұман көз,
Ашу қысқан арландай,
Арсылдап кеп,
Салды айғай:
— Бырт еткізіп белінді,
Сыпырамын терінді!
Босат мына Торғайды,
Бұл бейшара неңді алды?

Ит Мысыкка атылып,
Алды тісін батырып.
Мысык шапшаң әрі сәтті
Қалы қалып, шар етті.
Құнан естіп бұл үнді,
Бері қарай бұрылды.
Құрық мойын,
Қыл құйрық,
Шоктығы зор,
Шын жүйрік
Жерді тарпып үш рет,
Айтты Итке кісінен:
— Сен Мысықты жәбірлеп,
Жатырмысың тағы илеп!
Оймай тұрып төбенді,
Тентектікті қой енді!

Жібергендей ат теуіп,
Жан ұшыра жалт беріп,
Шаңкылдады көк Төбет,
Шығып алып шеткерек.

Естіп ашы бұл үнді,
Ит иесі жүгірді.
Ұзын сирақ сары бала
Қарап еді айнала,
Корді өзінің Құнанын,
Жымырған қос құлағын.
Білмесе де әлі анық,
Айтты соған қадалып:
— Қаңсылатқан мынаны
Сен шығарсың,
Сыңайы.
Бұл жөніне жүрген Ит.
Мал қайырып, үй қорып.
Қоқандама сен бұған,
Түсінлің бе, Кер құнан?

Шыдамай бұл жалаға,
Құнан айтты балаға:
— Мына тобет бүлдірген,
Арашалап жүрмін мен.

Күлік туып кенеттен,
Жон сұрады Тобеттен:
— Шу шығарған сенбісің,
Неге сонша толды ішің?

Ит шыдар ма жалаға,
Шындықты айтты балаға:
— Мысық бәрін бүлдірген,
Арашалап жүрмін мен.

Қуып шындық ұшығып,
Тергеді енді Мысығын:
— Айтшы, маубас, сыланған,
Сен бе шатақ шығарған?
Қонбей мына жалаға,

Мысық айтты балаға:
– Анау Торғай бүлдірген,
Арашалап жүрмін мен.

Ең соңында Торғайды
Тергемек боп,
Қолға алды:
– Шу көтерген сен дейді,
Құс едің ғой көргенді?

Шыдамай құс жалаға,
Шындықты айтты балаға:
– Шыбын бәрін бастаған,
Таза сүтті ластаған...

Бала жайды ойланып,
Түсінгендей болды анық.
Қыркысса да манадан,
Мыналардың бәрі аман.
Әлеізге әркім араца
Болған қандай тамаша!

ҚЫРЫҚ СЕРКЕШТІҢ ХИКАЯСЫ

Өркешіндей түйенің
Өсіпсің ғой, жиенім.
Құрғамайтын күйрығың
Бокташақтың бірі едің.

Қалыңдықтың қойнында
Қалғитындай болдың ба?
Тағы есіңе салайын,
Қырық серкешің мойнымда.

Сенсең егер сен маған,
Ештеңеге болма алаң.

Серкештерін аман жүр
Жар басында ойнаған.

Ерке бұлаң сен едің,
Тисін саған көмегім,
Бәсіреңнің барлығын
Өзім бағып берейін.

Ойласаң өз жайыңды,
Қинама жас жаныңды.
Қырық серкешті бағудан
Қарға баққан қайырлы.

Тыркыратып дәл бүгін
Айдап кетпе барлығын.
Арасынан солардың
Өзін таңдап ал бірін.

Басып көріп желкесін,
Әкетсең бір бөртесін,
Менде тағы қалады
Отыз тоғыз серкешің.

Жаңа жылда шауып кеп,
Тағы бірін алып кет.
Аузы-мұрның майланып,
Қаласың бір қарық боп.

Алдайтындай баланы,
Қиын емес санағы,
Екіншісін әкетсең,
Отыз сегіз қалады.

Сөйтін, мені ептейсін,
Далада тер төкпейсін.
Тыныш жатып үйінде
Қырық жыл бойы ет жейсін.

Тауыссаң кырык серкені,
Тоғаярсың сен тегі.
Кәрі жиен боларсың,
Нағыз жуан желкелі.

Аман жетсек сол күнге,
Қартайармын мен мүлде
Әдетінмен сонда сен
Серке сұрап кеп жүрме.

Бөседі өстіп нағашым.
Өсіріп өз бағасын.
Бірақ барлық айтқанын
Шындай көріп қаласың.

Жок өзінің бір лағы,
Не кураған тулағы.
Жарты ғасыр болыпты
Алматыда тұрғалы.

МЕН ОРТАНШЫ БАЛАМЫН

Мен ортаншы баламын.
Ониан асып барамын.
Мен ағама інімін,
Ал ініме ағамын.

Кейде аға,
Кейде іні
Болу маған белгілі.
Өз басынан өтпесе
Түсінбейді ел мұны.

Барлық аға атаулы
Болады ғой қаһарлы.
Жалқауды зыр кактырып,
Сайратады мақауды.

Сондай менің ағам да,
Қорқам тура қарауға.
Бірақ қолы бармай жүр
Әзір мені сабауға.

Жұмыстарын ең жаман
Тапсырады ол маған.
— Сен көмекшім боласың,
Қасымда отыр, — дейді ағам.

Іні болған құрысын,
Бітпейді бір жұмысын:
Алмассын деп ауасы,
Желдетемін үй ішін.

Өтектеймін әрдайым
Жейдесі мен шалбарын.
Абайсызда отекке
Талай күйді бармағым.

Іздегенін мен оның
Лезде тауып беремін.
Іштей біліп отырам,
Тағы да не керегін.

— Қайда менің портфелім?
— Қайда есеп дәптерім?
— Қойып едің қай жаққа,
Қаламымлы тап менің!

Осы менің күндегі
Еститінім үйдегі.
Сабағынан ағамның
Босамайды бір қолы.

Кейде оқуын ауырлап,
Отырады уайымдап:

— Сабағымды сен кашан
Бере аласың дайындап.

Сайтан мініп мойнына,
Жалқау қылып қойды ма,
Барса дейді мектепке
Біреу менің орныма.

Бірақ оның қиялы
Тек осымен тынады.
Нән бокшасын асынып,
Үйден жайлап шығады.

Қуанамын сол кезде
Аға болып мен лезде.
Арқаланып кстемін,
Адамға ұқсап енді өзге.

Ойға батып ағаша
Отырған да тамаша.
Қайтер скен дегендей,
Інің қорқа қараса.

Аға болған жаман ба,
Ұнайды бұл маған да.
Ойдағыңның барлығын
Орындайсың табанда.

Ұқсайды інім ондайда
Үрейі ұшқан торғайға.
Әлде ағалар шетінен
Ашулы деп ойлай ма.
— Тапсырма сол бүгінгі,
Құрт үйдегі шыбынды!—
Деп бұйырам ініме,
Сәл катайтып үнімді.
Шыбын көрсес шүйіліп,

Желпуішін үйіріп,
Түсіреді еденге
Кейбіреуін бір ұрып.

— Жаман емес қарқының,
Жетер осы, жарқыным.
Біраз ойнап қайтайық,
Текке өтпесін жарты күн.

Айта салған мұны аяп
Осы сөзге “уралап”,
Секіреді қуанып,
Терезеге бір қарап.

Несіне енді тұрамыз,
Сыртқа атылып шығамыз.
Қалың топқа қосылып,
Ала допты қуамыз.

Бірдей аға, іні де,
Кім қарайды түріңе.
Айналамын мен енді
Көп баланың біріңе.

Топырлайды бала көп,
Тыпырлайды ала доп.
Ойнағаным артық қой
Отырғаннан аға боп.

ДЕЙ САЛАМ

Дәптерімді ақтарып,
“Үштерімді” көрсем анам,
Әурем болмай ақталып:
— Кешіріңіз.— дей салам.

Қайтіп жақсы үлгерем,
Жетілмесе ой-санам.

Мұғалімге күнде мен:
— Кешіріңіз, — дей салам.

Ала қашып добымды
Достарымнан қоршаған
Бұзамын да ойынды:
— Кешіріңдер, — дей салам.

Қыстың күні ызғарлы
Қырдан зулап қол шанам.
Қағып кетсе қыздарды:
— Кешіріңдер, — дей салам.

Бітпейді ісім бастаған,
Қиял — жүйрік,
Қол шабан.
Мұны байқап қалса атам:
— Кешіріңіз, — дей салам.

Әкем шытып қабағын,
Әдетіме болса алаң,
Мен сыпайы баламын:
— Кешіріңіз, — дей салам.

БОЛАТ ПЕН ҚОНАҚ

Қалғып кеткен қонақты
Болат келіп оятты:
— Байлап қойған жанағы
Атың қашып барады!

Күдіктеніп бір түрлі
Қонақ сыртқа үмтылды.

Атты көріп байлаулы,
Қонақ қатты таң қалды.

Бұғып қалған баланы
Шыр айнала қарады.

Алдар Көсе сияқты
Таба алмады суайтты.

Мініп кетсе сайтанға,
Ол жуырда қайтар ма.

ҚАҢБАҚТАР

Даланың аңындай
Қауқиған қаңбағы.
Үрлеген қарындай
Бірақ бар салмағы.

Қазанның дауылы
Қасқырдай шапқанда,
Қашады барлығы
Қойнауға,
Шатқалға.

— Ұшарын жел біліп,
Қонарын сай білген,
Қаңғыбас,— дейді жұрт
Далада жай жүрген.

Белгілі бұл жайды
Баяндау себебім,
Үшқалақ ұлдарды
Ұялтсам деп едім.

Қағысып,
Алысып,
Ауса да қай жаққа,
Қабырғам қайысып
Көрген жоқ қаңбаққа.

Кейбір ұл, мысалы,
Қанбақтай болады:
Қанатсыз ұшады.
Құйрықсыз қонады.

Безгенде еркінше
Бәріне шыдайды.
Күн өтіп,
Жел тисе,
Төсекке құлайды.

Даланың қаңбағы
Кезеді жапанды.
Баланың қаңбағы
Шарлайды шаһарды.

ТЫРНА, ТОТЫ, ТОҚЫЛДАҚ

I

Тырна, Тоты. Тоқылдақ
Оқиды бір сыныпта.
Қиын екен отырмақ
Қозғалмай қу сырықта.

Дала безер Тырнанын
Ала бөтен мойны ұзын.
Серейтіп қос сирағын.
Шолатындай жер жүзін.

Қарап күнде сағатқа,
Мектебіне беттейді.
Кіріскенде сабакқа
Сенетіні тек мойны.
Құрық мойны “екіден”

Құтқарудың тапты ебін.
Шолып шығар шетінен
Достарының дәптерін.
Қысылғанда осы оның
Ойлап тапқан амалы:
Кім шығарса есебін,
Бұл көшіріп алады.

Ұстазын көп қинады,
Сүрініп әр сынақтан,
Оң құлақтан күйғаны
Ағады сол құлақтан.

2

Такылдаған Тотының
Бар сенері — құлағы.
Пысықтамай оқуын,
Қанқу сөзді қуады.

Көйлегі көк,
Уайым жоқ.
Бойын сылап бұландар,
Күшік болып шәуілдеп,
Мысық болып мияулар.

Кербез құстың тұлегі
Келемеждеп кейде елді:
Сақылдап кеп күледі,
Такылдап кеп сөйлейді.

Не естісе құлағы,
Аузы соны айтады.
Жұртты мезі қылады
Мағынасыз айқайы.
Ұстаз оны оқытып,

Қоссам дейді санатқа.
Қайдағыны коқытып
Отырады ол сабақта.

3

Болады екен әркімнің
Шығаратын бір шиі.
Кетірді әбден қадірін
Тоқылдақтың тұмсығы.

Олақ самғап ұшуға
Осынау құс тырнақты.
Тұмсығының ұшында
Қайласы бар сияқты.

Тастай қатты малтаны
Шағып жатқан баладай,
Алдындағы партаны
Тоқылдатар аямай.

— Қираттың ғой партаны
Тұмсығыңмен жаңқалап!—
Деп достары айтады
Күніне он қайталап.

Баулығанмен ел қанша,
Оңдырмас ол оқуын,
Қашан мүлде қойғанша
Парталарды шоқуын.

Құстың бәрі саналы
Білім қуған топырлап.
Бірақ әлі жабайы
Тырна, Тоты, Тоқылдақ.

ҚУ ҚҰЙРЫҚ

Көбігіндеі сабынның
Төбедегі бұйра бұлт.
Жапырағы қайыңның
Жапалақтап тұр жауып.

Сол қайыңның түбінде
Бұғып жатыр сары мысық.
Білтеленген жүнінде
Жылтырайды таңғы шық.

Байқалады түрінен
Жерге ұзақ бұққаны.
Тыри етпестен түнімен
Тышқан аңдып шыққаны.

Сары тышқан жырынды
Көрген талай қуғынды,
Машығымен бұрынғы
Жапырақты үңгиді.

Бірақ тысқа сығалап,
Тыныш жата алмайды.
Ығыр қылған қуалап
Сары мысықты алдайды.

Жылтыңдаған сары тышқан
Асырып өз құлығын,
Шығаралы әр тұстан
Қылт еткізіп күйрығын.

Сары мысык жебедей
Бір атылып ігері,
Тұтылдың той дегендей,
Жапырақты бүреді.
Сары тышқан жауынан

Көрмеген еш ұтылып,
Әйтеуір бір жағынан
Шыға келер сытылып.

Жапырақтың ішіне
Жасырынған немені
Салып өткір тісіне,
Бытырлатып жер еді!

Күйірығы бар, өзі жоқ
Сары тышқанды сұмдайы
Жайратпаса тезірек,
Мазак болар бұл тағы!

Қуғыншысы қалғыса,
Қашқыны да қалғиды:
Мысық мұны аңдыса,
Тышқан оны аңдиды.

НЕ ЖАУЫП ТҰР?

Қоюланың кара бұлт,
Төкті көктем жаңбыры.
От басына камалып
Отыр елдің барлығы.

— Нан жауып тұр,
Нан жауып! —
Деді көкем көңілі.
Өзі соған таң қалып
Отырғандай көрінді.

— Сүт жауып тұр,
Сүт жауып! —
Деді апам қуанып.
Тегін аққа жүрт қарық.
Болатындай бір ауық.

– Нұр жауып тұр,
Нұр жауып! —
Деді әпкем жымып,
Қолда ұршығы зыр қағып,
Отырған жіп піріп.

Осы сәтте
Оз сөзін
Көкем қайта жалғалды:
– Шаш-етектен өссе егін,
Сол ғой нанның жауғаны.

Анам сондай емес пе,
Ойлайтыны мал қамы:
– Сыыр төяр, көк өссе,
Сол ғой сүттің жауғаны!

Шешіп ойын жұмбақша,
Әпкем тағы сайрады:
– Қырды қызыл гүл жапса,
Сол ғой нұрдың жауғаны!

Сөзді бөлмей тыңдадық,
Құтырмадық,
Күлмелік.
Сыртта жаңбыр тұр жауып,
Елге
Нан,
Сүт,
Нұр болып.

ТАЛАС

Біздің үйдің ауласы —
Балалардың ордасы.
Ақай қазір қолбасы,
Бәрі соның жолдасы.

Мұрынын тарта беретін,
Санға жүйрік Секен бар,
Жарыста озып келетін
Жалаң аяқ Жекен бар.

Тобелеске құмарлау
Ұзынтұра Токыш бар,
Басқалардан жуандау
Батуан бата Бекіш бар.

Үлкендерше сөйлеуді
Ұнататын Ақай бар,
Зыр жүгіріп ойнауды
Жарататын Шапай бар.

Кішілерге сіз дейтін
Қыз мінезді Қанат бар,
Жазда жейле кимейтін
Ойын жанды Жанат бар,
Резенке доп қолында,
Жекен шығып ілгері,
Қалғандары соңында
Қаптай қуып жүр еді.

Шалбарының батағы
Елін қасып бақайын,
Күлдіріп бар батаны,
Ұшып түсті Шапайын.

— Ойнамайын, ендеше, —
Делі өкпелеп өтірік, —
Доп қуалай бергенше,
Демаламын отырып.

— Қара мұның ақылын!
— Кержалқау ғой баяғы!

– Жығылғанға акырын
Сынған болар аяғы!

– Тұрамыз ба жалынып...
– Біз де сендей баламыз.
– Бүйте берсең жабылып.
Ойын бұзар аламыз

Топ ішінен сығылып,
Тоқыш шықты ілгері:
– Тимей тұрып жұдырық,
Тез орныннан тұр!– деді.

Бекіш шықты асықпай,
Белін буып балуанша:
– Жатасың ба осылай
Сыбағанды алғанша?

– Араша бер!
Араша!
Шуламандар балаша.
Көңілдерің қаласа,
Бір ойым бар тамаша.
Болмайық та ақымақ!
Басқа ойынға көшейік.—
Деді Ақай тақылдап.—
Дауды осылай шешейік.

Өткір сөзі Ақайдың
Токтау салды оларға.
Қасына кеп Шапайдың.
Отырысты көгалға.

Секен тегі сөйлесе,
Бір тартады танауды:
– Үйренейік немесе
Жүзге дейін санауды.

– Ойын ба сол! – деді Ақай, –
Жокты айтасың елдегі
Егер білсең,
Балақай,
Бұл – қыздардың ермегі.

Тоқыш тұрды айқай сап:
– Қызық ойын табылды.
Төбелесіп байқайық,
Қораз болып кәдімгі.

– Төбелесе бастасак,
Болады ғой ыңғайсыз.
– Бетті тырнап тастасак,
Жазылмайды бір айсыз.

– Керек болса төбелес,
Қызық болсын!
Өйтпелік,
Қашатұғын мен емес,
Таласайық ит болып.
Бұл сөзіне Жанаттың
Қанат бірақ көнбеді:
– Балаларды кабатын
Ит болмаймын мен! – деді.

Үшын тұрды Жекен де,
Өз ойына шат болып:
– Таласқанша бекерге,
Жарысайық ат болып.

– Бәйгеге атын қоспаса,
Тұра алмайды балақай.
Ойнайықшы басқаша,
Керегі не, – деді Ақай.

– Басқашанды қоймасаң,
Жіберемін желкелеп!
Кәне, қосыл ойынға! –
Деді Тоқыш ентелеп.

– Ойынымды басқадай
Жана таптым ойланым.
Үстімізді ластамай,
Үлкендер боп ойнайық.

– Дұрыс, – деді Шапай да, –
Таласты енді қояйық.
Барлығымыз Ақайға
Бағынатын болайық.

Сөйлеуге де сол шебер,
Бастыққа осы лайық.
Ол отырсын кеңседе,
Біз жұмысқа шығайық.

Жарым сағат дауласып,
Тапты лайық жұмысты.
Біздің үйдің ауласын
Сыпыруға кірісті.

Десек те ойын баласы,
Таласпапты текке олар.
Білсе керек,
Шамасы,
Бұлар түсын тоқталар.

“ЖЫРТҚЫШТАР”

Ойда жоқта кездесіп
Екі тентек атақты,
Шыға келді егесіп,
Бастау үшін шатақты.

– Ашулымын дәл бүгін,
Жылдамырақ атыңды айт!
Деп біреуі әлгінің
Шыға келді шақылдап.

Мына сөзге шыдар ма,
Болса бала намысы.
Қыңырайып мынау да,
Қатты шықты дауысы.

– Айтсам егер атымды,
Ұшып кетер үрейін!
Соншалықты қатулы
Сенің өзін кім едің?

Жаңа ғана ұрынып,
Жалтарғаны жарай ма,
Қабағы қарс түйіліп,
Жауап тапты анау да:

– Мен жақындай бергенде
Қалтыраған көл,
Қамыс!
Пысқырам ба сендейге,
Менің атым –
Жолбарыс.

– Сонда анмын дейсің бе,
Шыға келген камыстан.
Болсын онда есіңде,
Менің атым – Арыстан!

Екі тентек жауласқан
Есімдерін малданып,
Шыға келді шайнасқан
Жыртқыштарға айналып.

Арыстаны акырды,
Жолбарысы атылды.
Азуларын батырды,
Топырақты сапырды.

Бірі жастан қайратты,
Бірі асқан айбатты,
Бірін бірі аунатты,
Ауыздары шаң қапты.

Жанталасты өздері,
Қанталасты көздері.
Жауларынан өзгені
Елемеді,
Сезбеді.

Қайтар емес сайыстан,
Мерт болғанша біреуі.
Жолбарыс пен арыстан
Сойтеді деп біледі.
Бір қария жылы өнді
Байқап қалып екі ұлды,
Ажыратып жіберді
Нак тореші секілді.

Жасты көздер жаудырап,
Кетті бастар салбырап.
Құлақтарын әлгі қарт
Жібергендей сәл бұрап.

Тізе бүгіп қария,
Мұртын сылап қияқты,
Отырғызып жанына,
Қос тентекті ұялтты:

— Бұйырса деп тілейді
Балалардың барлығы

Жолбарыстың жүрегі,
Арыстанның айбыны.

Мықты болу арманы
Бөрік киген әр ұлдың.
Жетпей жатса
Жауға әлі,
Сактай алар арын кім.

Бет қаратпас кескіні
Көріп едім көп ерді.
Тек солардың ешбірі
Жыртқыш болдым демейді.

Жыртқыштық пен мықтылық
Екі басқа екенін
Бермек едім ұқтырып,
Кеп тұрғанда
Реті оның.
Жүрген жерін қан қылып,
Жыртқыш жортар
Қаңғырып.
Елге шапқан жауды ұрып,
Мықты атанар
Нар жігіт.

Кескілесер қазір-ақ
Екеуінді кім дермін?
Ақыл қонса азырақ,
Батырға ұқсас
Түрлерің.

Тарқады егес,
Өтті елес,
Түсті бұлар арнаға.
Жыртқыш та емес.

Мықты емес,
Екі бала
Жай ғана.

ҚОЛ АРБА

Жалаң аяқ бар бала
Жарысып жүр аулада.
Сирақты екеу алдағы
Суырылып зауалды.
Тыпырлайды төрт бала,
Тобын жазбай ортада.
Жейдесі бар қолында,
Сары бала соңында.
Қалған скен жырылып,
Келеді жай жүгіріп.
Озып келген екеуі
Бәрін мазақ етеді.
Қатар келген төртеуі
Қасып қойды желкені.
Артта қалған сары бала
Окшау жатыр аулада.

Қарап алып айнала,
Сөзге тартты сары бала:
– Жатқанша күр ерініп,
Қайтайық та шомылып.

Қос жүйріктің жаңағы
Қатар шықты жауабы:
– Келгенін жөн шомылып,
Қалдың шаңға көміліп!
– Жата берсең ерініп,
Кетесің ғой семіріп!

Түртті біреу тағы да
Сары баланың шабына:

– Жолға шыға шөлдесең,
Жете алмассың көлге сен!

Жатқан бойы керіліп,
Айтты бірі ерініп:
– Не десең де сен, мейлі,
Жаяу барғым келмейді.

Сары бала әлі де
Бой бермеді бәріне:
– Онда көлік табайық,
Соған мініп барайық!

Жалт қарасты аулада
Қаңсып жатқан арбаға.
Қос тертелі қол арба
Ұнай кетті оларға.
Ұшып тұрып сары бала,
Айқай салды айнала:
– Отырындар!
Сендерді
Сүйреп барам көлге енді!

Талас тынған секілді,
Бәрі арбаға отырды.
Сөзге берік сары бала,
Жегілді кеп арбаға.
Отырғандар “шүү” деді,
Бірақ арба жүрмеді.
Жалғыз бала арбаны
Мүлде қозғай алмады.
Қарғып түсіп бір бала,
Жегілді кеп арбаға.
Отырғандар “шүү” деді,
Бірақ арба жүрмеді.
Тағы бірі жалма-жан

Қарғып түсіп арбадан,
Үшеу болып сүйреді,
Бірақ арба жүрмеді.
Тағы бірі жалма-жан
Ырғып түсіп арбадан,
Қосылғанда оларға,
Сәл қозғалды қол арба.
Тағы бірі жалма-жан
Сырғып түсіп арбадан,
Қосылғанда оларға,
Жылжи берді қол арба.
Түсіп жерге қалғаны,
Зымыратты арбаны.
Салдырлаған қол арба
Осынша азап болар ма.
Жеті бала жегіліп,
Қабырғасы сөгіліп,
Табан тасқа сойылып,
Алақандар ойылып,
Күнге күйіп маңдайы,
Шолден кеуіп таңдайы,
Қызық болды арбаны
Бекер сүйреп барғаны.

КҮДІК

Мына бастар түйіскен
Болып отыр бір іспен.
Ұлдың басы қауғадай,
Қыздың басы алмадай.
Келте ғана кекілді
Қанат қаңқа секілді.
Тоқаш дерсің кәдімгі
Домалаңған Айгүлді.

Ұлдың басы салмақты
Тисе керек сәл қатты,

Отырған кыз саз илеп,
Айтты акырын әзілдеп:
— Тартқансын ба текеге.
Сүзгіленсін шекеме.
— Басын тиіп кетті деп.
Жыларсын жер тепкілеп?
— Білеміз ғой ұлдарды.
Бір жылатпай тынбайды.
— Ат, қыздармен ойнасан.
Дау шығады әрқашан.

— Ендеше, сен ойнама.
Жалынбаспын сонда да.
— Сен домалак шардайсын.
Жөндел ойнай алмайсын!
— Кішкентаймын мен әлі.
Арықтауға болаты.
— Шыға келем бұралтып.
Деп ойлама қуанып.
— Ендеше,
Сен шидейсін!
Қамыр илей білмейсін!
— Таксист болған кезімде
Жалынарсын өзің де.
— Бойжеткенде,
Кейін мен
Билеймін сенімен!..

Өстіп,
Айгүл сазды айғай
Жақтан тартып қалғандай.
Лузы қатты бүртиып,
Қазды дереу ұл тынып,
Шырман алған дәу басты
Күдік елі алғашқы.
Тұрса Айгүл шын айтып,

Жалғыз билер
Бұл қайтіп?

АҒАШ АЯҚ

Ағаш жалғап аяғыма,
Асылып қос таяғыма,
Сүйрестілің шықтым үйден.
Аса қарап маңайыма.

Ат шаптырым ауладағы
Анық көрдім бар баланы.
Доп соңында шұбырып жүр,
Шуылдатып айналаны.

Кенет бірі жалт бұрылып,
Дауыстары сап тыйылып,
Мені көріп түйекүстай,
Жапырыла жатты күліп.
Сәл толастап күлкілері,
Маған қарай дүркіреді.
Жазатайым қағып кетсе,
Мертігуім мүмкін еді.

Құр қалардай бірденселен.
Алға қарай кимелеген,
Көкпаршылар додасындай,
Топыр еді бұл не деген.

Қамағандай бала аюды,
Бірі түріп балағымды,
Бірі сишап,
Бірі қозғап,
Көріп жатыр аяғымды.

Қандай жақсы ағаш аяқ,
Қарап тұрсаң тамашалап.

Отырған кыз саз илеп,
Айтты акырын әзілдеп:
– Тартқансын ба текеге.
Сүзгілейсің шекеме.
– Басың тиіп кетті деп,
Жыларсың жер тепкілеп?
– Білеміз ғой ұлдарды,
Бір жылатпай тынбайды.
– Ал, қыздармен ойнасан,
Дау шығады әрқашан.

– Ендеше, сен ойнама,
Жалынбасын сонда да.
– Сен домалақ шардайсың,
Жөндеп ойнай алмайсың!
– Кішкентаймын мен әлі,
Арықтауға болады.
– Шыға келем бұралып,
Деп ойлама қуанып.
– Ендеше,
Сен шидейсің!
Қамыр илей білмейсің!
– Таксист болған кезімде
Жалынарсың өзін де.
– Бойжеткенде,
Кейін мен
Билеймін сенімен!..

Өстіп,
Айгүл салды айғай
Жақтан тартып қалғандай.
Аузы қатты бұртнып,
Қалды дереу ұл тынып.
Шырмап алған дәу басты
Күдік еді алғашқы.
Тұрса Айгүл шын айтып,

Жалғыз билер
Бұл қайтіп?

АҒАШ АЯҚ

Ағаш жалған аяғыма,
Асылың қос таяғыма,
Сүйретіліп шықтым үйден,
Аса қарап маңайыма.

Ат шаптырым ауладағы
Анық көрдім бар баланы.
Доп соңында шұбырып жүр,
Шуылдатып айналаны.

Кенет бірі жалт бұрылып,
Дауыстары сап тыйылып,
Мені көріп түйскүстай.
Жапырыла жатты күліп.
Сәл толастап күлкілері,
Маған қарай дүркіреді.
Жазатайым қағып кетсе,
Мертігуім мүмкін еді.

Күр қалардай бірденселен,
Алға қарай кимелеген,
Көкпаршылар додасындай,
Тоныр еді бұл не деген.

Қамағандай бала аюды,
Бірі түріп балағымды,
Бірі сипап,
Бірі қозғап,
Көріп жатыр аяғымды.

Қандай жақсы ағаш аяқ,
Қарап тұрсан таманалап.

Тырна мойын тайлақтар да
Күндегіден аласарак.

Миығымнан күлемін мен,
Адамдай бір түйе мінген.
Кешегі ұлдар ұзын тұра
Келеді тек иегімнен.

Қалмайық деп бұл дүбірден,
Кішкентайлар зыр жүгірген,
Қарсы алдыма келіп еді,
Көбі аспады кіндігімнен.

Ұзын сирақ Өмірсерік
Өзінен зор жоғын сезіп,
Байқап көрді бойымды олшеп,
Көкке қарай қолын созып.

Күткенімдей күн ілгері,
Ел қызығып күлімделі.
Қас қағымда бола қалдым
Осы ауылдың Гулливерсі.

Қамап алды лезде мені
Топырлаған ергежейлі.
Өздерінің кім екенін
Бұлар жаңа сезген еді.

Жүретұғын айбыны асыш
Ұлдар мүлде қалды жасып,
Менің ағаш аяғыма
Жауыққандай барлығы ашық.

Амалсыздан мысы кұрып,
Қызғаныштан іші күйіп.

Айналамнан козбен атты,
Көргендей бір кісікиік.

Сазарған топ тымырайып,
Қабактарын түйіп алып,
Қонаштады бәрі мені,
Бірі атып, бірі қағып.

Балалардың ең дүлейі
Едіреншеп келді бері:
— Тобемізден төне бермей,
Жоғал әрі, сорлы! — деді.

Күлдей ұсақ секпілдері
Шекер тентек шеткі үйдегі:
— Қу ағашты өздерін қор.
Мен киноға кеттім, — деді.

Қорлануға бұдан әрі
Қордабай да шыдамады.
Маған қолын сермей салды,
Сөзбен сынап бір анайы.

Жаңқадай қос жауырыны
Шықты ортадан тағы бірі.
Осылайша орши берді
Қызғаншақтар шабуылы.

Жақан ғана жанымдағы
Қосылмаған дабырға әлі:
— Бізбен қалай ойнайсың, — деп.
Жайымды ойлап уайымдады.

Жаңа ғана көңілді едім,
Ұзарғандай бойым менің.
Жалғап алған аяғыма
Ойламаппын сенім жоғын.

Боным биік болғанымен,
Талтан қағып зорға жүрем.
Біреу қағып кететіндеп,
Қорғанамын мен бәрінен.

Үстау қып допты іріп,
Ойнамасан тек бірігіп,
Алып ұшқан желаяктар
Ала допты кетті қуып.

Достарымның зымыраған
Бұрылмады бірі маған.
Ағаш аяқ Гултивердің
Болады екен күні қаран.

ШӨМЕЛЕ

Жаздың соңғы күндері,
Күбірлейді қыр желі.
Жапырақтар сарғайып,
Шыбын-шіркей сиреді.

Жердің көгі сұйылды,
Бұлақ суы суынды.
Аспандағы ала бұлт
Бөкендей бір үйірлі.

Бір шаруакор қария
Пішен шауып малына,
Үйе салған шошайтын
Ауылдың сырт жағына.

Ұлдар безіп үйінен,
Жоғалғанда күнімен,
Табылатын осы бір
Шомеленің түбінен.

Ел бастаған көсемі,
Сөз ұстаған шешені
Кенесетін оңаша
Күлтөбесі осы еді.

Жаздың ашық күнінде
Отырсын ба үйінде,
Өншен “билер” сол жерге
Жиналыпты бүгін де.

Мұндай кезде үнемі
Сөзге жүйрік біреуі
Қос бүйірін таянып,
Түрегеліп тұр еді.

— Арқар болып бір ауық,
Асқар тауға шығайық.
Тастан-тасқа секіріп,
Озімізді сынайық!

Жарқын сөзі әлгінің
Желіктірді барлығын.
Жақсы болды тапқаны
Осы ойынды дәл бүгін!

Айналған соң арқарға,
Алған беттен қайтар ма.
Шөмелеге лап қойды
Әркім өзін байқауға.

Кернегендей бір қайрат,
Жүздерінде нұр жайнап,
Шөмеленің үстіне
Шығып алды тырбаңдап.

Көрінсе де бұларға
Шыңдай болып шығарда,

Шөмеле деп жүргені
Пішен екен бір арба.

Ұшардай боп елпілдеп,
Тұрған сәтте желпілдеп,
Ала сиыр бір жақтан
Шыға келді өңкілдеп.

Жүрмей қойған айдауға,
Тұрмай қойған байлауға,
Сиыр елі сүзеген
Қорқынышты аңнан да.

Қорсылдаған танауы,
Қабан дерсін жаралы.
Шанырақтай мүйізін
Шайқап-шайқап алады.

Әлденеге қамданып,
Пішенді бір айналып,
Тұрып алды сүйкеніп,
Тастайтындай аударып.

Шопке тығып мұрынды,
Ұлдар дереу бұғынды.
Үрей билеп бойларын,
Қол-аяқтар суынды.

Ешбірінде қыбыр жоқ,
Жатыр үнсіз дірілдеп.
Дауыл соғып далада,
Кеткендей жер дүбірлеп.

Амал қайсы
Бұқпайлап
Қашатындай сыртқа аулақ?

Мына сұмдық сиырдан
Кім бұларды құтқармақ?

Қалмаған соң еш үміт,
Онан әрмен шошынып,
Бөлтiрiкше қыңсылап
Жылады олар қосылып.

Қамағандай бәрі кеп,
Толды үрейге төңірек.
Қадап қамшы күйрығын
Қашты сиыр мөңірен.

Бітті осылай бұл майдан,
Шықты бәрі шырмаудан:
Ұлдар қашса сиырдан,
Сиыр қашты ұлдардан.

ІҢІРДЕ

Шыққан бойы мектептен
Кешке дейін доп тепкен,
Шұғай шіркін бүгін де
Жетті үйіне іңірде.

Жауынгердей жаралы
Әлі құрып барады.
Үстелге кеп отырып,
Көрдi өзінше “бекініп”.
Кітап, дәптер ашылып,
Жатты алдында шашылып,
Қолына алып қаламын,
Шұқылайды самайын.
Көрген кісі оны енді
Бекер отыр демейді.

Болмайды ғой інірде
Үлкендердің бірі үйде.
Өре шығып аулаға,
Жұмылады шаруаға.
Атасы жай байпандап,
Қайтады ат арқандап.
Қырдан түскен жанағы
Малды апасы сауады.
Ағасы да зыр қағып,
Жүреді төл суғарып.
Әпкесі күс санайды,
Қорасына қамайды.
Болған кезде мал жайғап,
Келеді олар жайрандап.
Ауыр соғып сабағы,
Қарс түйілген қабағы,
Жайын байқап Шұғайдың
Жаны ашиды бұлардың.

БАТЫР

Мініп алып
Шыбық ат,
Шықты канат зымырап.
Кезікпейтін көп ұлда
Қылышы бар қолында.
Қарай берді айнала,
Жетпей тұрған —
“Жау” ғана.

Көріп мектеп қақпасын,
Солай бұрды ат басын.
Жақын келсе аулаға,
Осында екен бар бала.
“Жау” дегенің осылар,
Жасқанатын несі бар!

Қамсыз ойнап жүр көбі,
Елмейді мүлде оны.
Араласты соларға,
Онсыз батыр болар ма.
Тұрғандарға құр қарап
Шапты жалғыз “уралап”.

Аманкелді сияқты,
Жаулар – жаяу,
Бұл – атты.
Арыстанша ақырып,
Шықпақ шөпше жапырып.
Енді ғана
Жайды ұғып,
Қалды бұдан қаймығып.
Шар еткенде қоңырау,
Күтсе керек соны “жау”,
Жапырыла жалт берді,
Ішке қарай лап қойды.
Қанат осы көпке еріп,
Бір класка кетті еніп.
Бұл “батырға” жүректі
Қалың “жауы” шу етті:
– Мектепке атиен кіруге
Болмайды ғой,
Мұның не?

Бакырайып көздері
Қорқып кеткен өздері.
Ауыздары бүртип,
Қыздар отыр үрпиіп.
Болмаса тек көптігі
Қолдарында жоқ түгі.
Байқап мұны енді анық,
Батыр қалды ойланып,
Басын бұрып атының,
Шығып кетті ақырын.

Жок!
Қарусыз “жауларды”
Қанат қыра алмайды.

КОКТЕН КЕНЕ ЖАУА МА?

Биылғы жаз жанбырлы.
Дала жасыл шалғынды.
Егін бітік стекте,
Төскейдегі мал күйлі.

Кок белесте бөгелек,
Қойнау толы көбелек.
Көрінбейді демесен.
Көбелектен кене көп.
Болады екен бүт неміс
Далада да,
Үйде де,
Қолтығында өркімнің
Бұғып жатыр бір кене.

Жабағының жалына,
Ботақанның шабына
Қадалады шегедей
Тойғанша әбден қанына.

Қалың кене қайда да,
Қамап алған айнала.
Күндіз-түні маза жоқ
Адамға да,
Малға да.

Еріксізден енді жұрт
Жайсыздыққа көндігіп,
Кене жауған жаз осы,
Дейтін болды сендіріп.

Кене жауды дегенге
Тіпті бала сенер ме,
Бакыраштай басында
Болса ақылы егер де.

Таң нұрындай сары ала
Сәуле шашып далаға
Көктен жұлдыз жаумаса,
Көктен кене жауа ма?

ӘЖЕМ

Кейде әжем бакшаға барды,
Қалғандай бойына ол кіріп,
Қолымнан жетелеп алады,
Қалады кайтарда алқынып.

— Әжетай, алайық тынығып,
Шаршадым, — деймін мен өтірік.
Ойымды сезгендей жымнып,
Демалар көгалға отырып.

Жүрерде таянып таяғын,
Орнынан тұрады ол әрең.
Әттең, мен кішкентай баламын,
Әйтпесе, арқалап алар ем.

АСАУ

Мініп алып сабауға,
Асыр салып жүр інім.
Достары тұр маңайда,
Қызық көріп қылығын.

Қарсы келген баланы
Қағып-соғып өтеді,

Делдиіп қос танауы,
Желпілдейді етегі.

Қақты кешіп сасыған,
Қозы-лақты қуалы.
Білтеленген шашынан
Бұрқырап бу шығалы.

Қылығына әлгі жат
Қысылғанды білмейді.
— Астымдағы арғымақ
Алып қашып жүр, — дейді.

ЖЕЗДЕ

Мен білмейтін біреуге
Шықты әпкем күйеуге.
Ұнатпадым мен оны,
Белгілі ғой себебі...
Менің әпкем ғана ма,
Қыздар көп қой қалада.
Бірін алса солардың,
Өкпелейді оған кім.
Тура менің әпкемді
Таңдағаны қайткені!
Қол ұстасып екеуі
Енді алысқа кетеді.
Іанша үлкен болғанмен,
Сағынам ғой сонда мен.

Жақын келіп әлгі аға,
— Сәлем, — делі жай ғана.
Тістегендей тілімді,
Шығармадым үнімді.
Мен тұрғамын түрегеп,

Ол отырды жүрелеп.
— Сәлемді алғың келмесе,
Атыңды айтшы ендеше,—
Деп сұрады тағы да,
Отырмай өз жайына.
Мен аузымды ашпадым,
Ашулана бастадым.
— Айналайын, көп жаса,
Жасыңды айтшы болмаса,—
Тұра бердім бірақ та
Жауап қатпай сұраққа.
Сипап менің басымнан,
Кетпеді ол қасымнан.
Қолтығымнан түрткіз қап,
Корді мені қытықтап.
Бәрібір мен күлмедім.
Жылағым кеп тұр менің.
Тарқатпак боп өкпемді:
— Жезденмін ғой,— деп қойды.
Түсінбедім мен оның
“Жезденмін ғой” дегенін.
Оның жезде болғанын
Қайтемін деп ойладым.

Айтты жездем жымыып,
Екі жеңін түрініп:
— Онда мені ат қылып,
Дүбірлетіп шап мініп.

Торт аяғы тарбиып,
Келді алдыма арбиып.
Енді менің жаңағы
Бар ашуым тарады.
Тұрған атқа алдымда
Ырғып мініп алдым да,
Желке шашын тартқылап,
Кете бардым шапқылап.

Бүйым көрмей ол мені,
Шыр айналды бөлмені.
Барған сайын желігіп,
Қоям атты тебініп.

Кешке дейін шапқылап
Жүрмейді ғой ат бірақ.
Маңдайынан тер ағып,
Тұрды біраз демалып.
Сол уақытта оны аяп,
Түстім жерге домалап.
Болмаса да арғымақ,
Жездем маған қалды ұнап.

БОПСА

Секен әртіс секілді,
Сан құбылтып оқиды
Қиссаларды не қилы.

Оқи келе қиссаны,
Батырға өзі ұқсады,
Бата алмайтын дұшпаны.

Не десе де ел, мейлі,
Ешкімге дес бермейді,
Тек бопсалап сөйлейді.

Жүргенде доп қуалап,
Қағып кетсе бір аяқ,
“Жауға” қарсы тұра қап:

— Алыспак па керегі,
Атыспак па керегі,
Қалауыңды айт! — дер еді.

Шыға келер табанда,
Айбаттанып анау да,
Даярланып сабауға.

Бопсалаған батырың
Айтын калып айтуын,
Ығысады ақырын.

“ТАРҒЫЛ” ТУРАЛЫ ХИКАЯ

Бабасындай баяғы,
Тарбиған төрт аяғы,
Біздің тарғыл тасбақа
Мақұлұқтың саяғы.
Жас баладай өкпелі,
Шығып алып шеткері,
Жатады ұзақ томпайып,
Тасбақа ғой, өйткені,

Қарағанда сен келіп,
Төбесінен еңкейіп,
Тостакандай кәлімгі
Тастай салған тоңкеріп.

Арқасы бар, белі жок,
Тасқа ұқсайды көбірек.
Қатқан көндей терісін
Түсінейік тоны деп.

Көнермеген тоны әлі,
Қанық барлық бояуы.
Арқасының тарғылын
Кесте десең болады.

Дорбашадай шым толы,
Жок шаруаға икемі.

Асқа тойып алғасын,
Аузын зорға сүртеді.

Ойнатады әркім кеп,
Жас балаша әлдилеп.
Ақырында ел оны
Атап кетті “Тарғыл” деп.

Табакшасын ернеулі
Көп жағалай бермейді.
Толып тұрған шүпілдеп
Суды ішкісі келмейді.

Асыр салып кейде еркін
Тарғыл емес терлейтін.
Терлемсйтін болған соң,
Жөні де жоқ шөлдейтін.

Хикая ғой жалқауым
Қайсы бірін айтайын.
Тәтті ұйқымен өткізер
Жылдың қысқы алты айын.

Көз алдымда күндегі
Тіршілігі үйдегі.
Байқап басып еденді,
Қызық оның жүргені.

Мойнын созып шандырлы.
Екі аттап, бір қалғиды.
Сандығы бар сияқты
Арқасында шандулы.

Қайта басып бір жерді.
Жылжығанмен бұл, мейлі,
Қайда бара жатқанын
Бірақ өзі білмейді.

Түсініксіз бір тілек
Сүйрегенмен сілкілеп,
Кідіреді бәрі бір
Қысқа жолда қырық рет.

Жүре ме әлде қалғи ма,
Жолы ашық алдында.
Қашан қайда барса да,
Бәрі бір ғой Тарғылға.

Жылқысы жоқ бағатын,
Пішені жоқ шабатын.
Керегі жоқ тіпті оған
Қоңыраулы сағатың.
Қайғырмайды аһ ұрып,
Шошытпайды ақырып.
Көп ойланып жатпайды,
Бекер басын қатырып.

Сояу мұртын шиырып,
Мысық келсе жүгіріп,
Жерге жата қалады,
Аяқ-қолын жиырып.

Кездесетін жері осы
Тастай қатты денесі,
Белгілі еді мысыққа
Мұның тышқан емесі.

Бірақ мысық оркеуде
Өз көзіне сенбей ме,
Тап береді әйтеуір,
Күнде мұны көргенде.

Байқаған ғой бұл бұрын
Тасбақаның қулығын,

Кетеді өз жайына
Бұландатып күйрығын.

* * *

Бізге бұлдыр шын тегі,
Ертегідей сыр толы.
Бірақ Тарғыл әйтеуір
Біздің үйдің үлкені.

Қияндағы жат елден
Қорапқа сап әкелген
Тостақандай Тарғылдың
Жасы үлкен әкемнен.
Қонысы бар күйқалы,
Жайбасардың ұрпағы
Елу жасқа толғанын
Ұмытқан жоқ жұрт әлі.

Салтанатты сол күні
Қошеметтеп ел мұны,
Қонақтарды күлдірген
Сыйлық беріп кейбірі.

Табайық деп қалауын,
Жуып-шайып табағын,
Үйіп салған алдына
Тасбаканың тамағын.

Араласып ән-биі
Тойдағыдай дағдылы,
— Бабанша ұзақ жаса, — деп,
Тілек айтқан әрбірі.

* * *

Асып Тарғыл мерейі,
Жасы ұлғайып келеді.
Қабыл болып халқының
Ұзақ жаса дегені.

Жок жаңбыры,
Жок желі,
Терезесі перделі
Жайлауындай көреді
Тарғыл осы бөлмені.

Шашыраған таң нұрын,
Жаздың жылы жаңбырын —
Үйде жатып сезеді
Сырттағының барлығын.

Алып шықсам аулаға,
Ұзақ карап айнала,
Қасқа басы қайқайып,
Қыбырлайды жай ғана.

Таманшалап мұны жұрт,
Маңайына жиылып,
Арқасынан қағады
Қайсы бірі жымыып.

Болып кейде ұрынбақ,
Ит ұмтылса ырылдан.
Тасқа айнала қалады
Тасбақамыз жыбырлақ.

Иіскеп көріп ит оны,
Тұмсығымен түртеді.
Жыбырлаған жанды тас
Әншейін көз күрты еді.

Бір тигізіп тіл ұшын,
Ішке тартып тынысын,
Лезде біле қояды ит
Тасбақаның иісін.

Семізі емес түктінің
Қалжасы жоқ түк мұның.
Соны анықтап алған соң,
Жасамайды иттігін.

Тасбақаның кәнігі
Өзінен зор сабыры.
Құтылады жауынан
Болмаса да қаруы.
Селдір тартып бағымыз,
Түскен кезде сары күз,
Қысқы ұйқыға қамданып,
Маужырайды кәріміз.

Қалың қағаз корабы
Оған сарай болады.
Бас-аяғын қымтанып,
Қыстай ұйқы соғады.

Қанғанша әбден ұйқысы,
Жазылып жер қыртысы,
Қиқу салып төбеден,
Оралады жыл құсы.

Қыс аязын шынайы
Сезген емес бұл әлі.
Оятады жылда оны
Күннің жылы шуағы.

Көретіні жайлы жаз,
Былтырғыдан айнымас.

Сыбырлайды жапырақ.
Сыңғырлайды қарлығаш.

Атқан шақта таң күліп,
Тұрады бұл тарбиып.
Қозғалады асықпай,
Жасайтындай мәңгілік.

ЖОЛСЫЗ ЖОРЫҚ

Ертсек

Көк тұмандай тондары,
Жермен жексен бойлары
Ағайынды бес тышқан
Жайлаған бай қойманы.

Шеттерінен тоқ бәрі,
Алаңдатар жоқ қамы.
Түркі қысқа демесен,
Майлы ішектей соқталы.

Ай-жұлдызсыз түндері,
Желсіз, бұлтсыз күндері,
Қойма іші мәңгі жаз,
Қоңыр салқын жыл бойы.

Бес тышқанның мұндағы
Берекелі қырманы.
Таудай болып үйіліп
Жатыр арпа-бидайы.

Баданадай ақ дәнді
Бас көтермей жалмайды.
Бірақ бұлар жүз жылда
Жеп тауыса алмайды.

Қомағайлық бойдағы
Ас тілеуін қоймады.
Қарындары тойғанмен,
Аш көздері тоймады.

Тышқан болып туғалы,
Жайбаракат жүр бәрі.
Батқан емес бұларға
Еш мысықтың тырнағы.

* * *

Көңілді еді топ бүгін,
Жақтарында жоқ тыным.
Қалды бірі кекіріп,
Білдіргендей тоқтығын.

Іс болғандай ұятты,
Туыстардың бірі айтты:
— Күнде жеген шикі дән
Кекіртетін сияқты.

Алған әбден семіріп,
Айтты бірі ерініп:
— Қашанғы жей береміз
Жатқан дәнлі төгіліп.

— Тышқан болсақ егер біз,
Бидай жемей,
Не жейміз.
Жатпаса астық үйіліп,
Қыста аштан өлерміз.—

Делі бірі қызынып,
Дереу өні бұзылып,
Сонда басқа біреуі
Сөз бастады сызылып.

– Сактап жүрген қу жанды
Қорламайық бидайды.
Бірақ қашып қайтеміз,
Тағам болса шын дәмді.

Кенже тышқан бір мезет
Үлкендерше тіл безеп,
Мақтап кетті күймақты,
Жүргендей-ақ күнде жеп.
– Күймағынды қой әрі,
Жемесек те болады, –
Деді ұнатпай ағасы
Мәртебесі жоғары,

– Қойдың қою қаймағы,
Болса керек пайдалы, –
Деді біреу селкостау,
Сөза түсіп дауды әрі.

Бірақ қаймақ туралы
Жұрт салғырттау тыңдады.
Болады қой әркімнің
Аңсайтуғын бір дәмі.

Ақырында төрдегі
Аға тышқан сойледі.
Болар соған белгілі
Ас атаулы жердегі.

– Мына жарық жалғанда
Жұмыртқадай дәм қайда!
Татпасаңдар оны егер,
Өтесіндер арманда!

Аға тышқан беделі
Алатаудай зор елі.

Бас изесіп барлығы,
Іарсы ештеңе демеді.

Өзі қандай сабырлы,
Сөзі қандай жалынды!
Аузын ашты дегенше,
Ас төресі табылды!.

Аға тышқан мақтаған,
Өздері үнсіз жактаған
Жұмыртқаны ешқашан
Ешбіреуі татпаған.

* * *

Туыскандар тоқ қарны,
Білмейтін көп жортқаңшы
Бір қауіпті жорыққа
Айтануға оқталды.

Лезде бәрі бірігіп,
Жұлдырықтай жұмылып,
Қоңыр салқын қоймадан
Шықты сыртқа шұбырып.

Сыртта қандай күн жарық,
Дүние түр нұрланып,
Көз жіберлі маңайға
Көк тышқандар ұрланып.

Сүйреп шидей күйрығын,
Жетеді деп кім бұрын,
Сырғанады сынаптай,
Басып озып бір-бірін.

Жүрген сайын ілгері
Діңкелетті қыр жолы.
Енді қалай барарын
Ешбіреуі білмейді.

– Қонақ едік құдайы,
Тауың қайда тұрады?—
Деп батылдау біреуі
Күшіктен жөн сұрады.
– Үшінші үй алдағы,
Темір тордан шарбағы,—
Деді күшік ұнатпай,
Тышқандарды қайдағы.

Қабырғасы торланған,
Айналасы орланған,
Тауық үйі кем емес
Көрінеді қорғаннан.

Көбік қардай бір күрек,
Тауық жатыр ұлбіреп.
Ту сыртынан барлады
Туыскандар су жүрек.

Ұябасар қардай ақ
Жатар емес жай қарап.
Жайлап қана шайқайды
Жұмыртқасын аймап.

Жауырыны бүлкілдеп,
Комейінен күркілдеп,
Төңірегін қымтайды
Тұмсығымен түртіндеп.

Мұнымен мен де тынбайды.
Қос қанатын ырғайды.

Бүйіріне құлақ сап,
Жұмырткасын тыңдайды.

Күн жеткенін межелі,
Жүрегі анық сезеді.
Бауырына басады
Бүгін-ертең шожені.

Жұмырткасын қорыған
Бермес мынау қолынан,
Деп ойлады ұрылар
Ту сыртынан торыған.

Ақ мекиен алаңдап,
Маңайына қарайлап,
Тысқа қарай бсттеді,
Қайту үшін самалдап.

Күн төбеге келгенде,
Шығатын ол серуенге,
Тарап канат-құйрығын,
Сілкінетін кең жерде.

* * *

Қуаныса шіңгірлеп,
Тордың астын үңгірлеп,
Андушылар асығып
Ішке кірді бір-бірлеп.

Тапқан сәтте ксерегін,
Қалтырады көп ерін.
Ұя толы жұмыртқа,
Ине шаншар жоқ орын.

Мұндайды алғаш көргесін,
Білмей сенер-сенбесін,
Шыр айналып бастары,
Жинағандай болды есін.

Байқатқан шын бірлікті,
Жорық болды бұл құтты.
Күткен емес бауырлар
Мұндай батпан құйрықты.

Мына байлық қымбатты
Жүректерін тулатты.
Жарар еді бүйректен
Шығармаса сирақты.

Тұрған қаздай тізіліп,
Туысқандар қызынып.
Тікірейді мұрттары,
Ниеттері бұзылып.

Бастап бергі шетінсен,
Бөліссе де ретімен,
Жетер еді жұмыртқа
Ең кемінде скіден.

Қалмас үшін керісіп,
Көк тышқандар келісіп,
Бәрін пышақ үстінен
Алмақ болды бөлісіп.

Жұмыртқалар жылы еді,
Соғып жатқан жүрегі.
Аунап түсті ақырын
Оң жағына біреуі.

Лап койысты анталап,
Қалғаны жоқ жай карап.
Әкетпекші әр тышқан
Өз еншісін арқалап.

Не арқаға тұрмады,
Не күшләкка симады,
Ақ малтадай жұмыртқа
Өстіп бәрін қинады.

Арман болған жұмыртқа
Көнбеген соң ырыққа,
Мысы кұрып біржола,
Тірелді кеп түйыққа.

Сәт туганда сыналар,
Қатты састы мыналар.
Қағылғаны тағамнан,
Таба алмаса бір амал.

Аға тышқан ақылды,
Басын жеке қатырды.
Түр өзіне тіреліп
Ел үміті ақырғы.

Қыл үстінде тұрғанда
Бара қояр кім дауға.
Бас шұлғысты барлығы
Бір жұмыртқа ұрлауға.

Жұмыртқаны шеттегі
Қағып алып көп қолы.
Домалатып дөңбекше,
Қойма жакка беттеді.

Бөгелместен жол бойы,
Қолтықтары терледі.

Қарындары қабысып,
Майысқандай белдері.

Артта ауыр жол қалып,
Жоталарын жел қағып.
Жұмыртқаны аман-сау
Кен қоймаға келді алып.

Көңілдері жайланып,
Үлкен іске қамданып,
Олжаларын байқасты
Әрлі-берлі аударып.
Жиналғандар маңына
Байқамады тағы да
Жұмыртқаның азырақ
Ауғанын бір жағына.

Басып көріп бүйірін,
Айтты бірі күдігін:
– Алақаным сезгендей
Әлде ненің дүбірін.

Оның сөзі бірақ та
Жетпеді еш құлаққа.
Жыртақтасып күлісті
Басқасы бұл “суайтқа”.

Бойларына жұғымды
Асты ойлап шырынды.
Мешкейлердің аузынан
Сілекейі шұбарды.

Ауыздары майланса,
Жүректері жалғанса...
Тыпыршиды туыстар
Жұмыртқаны жарғанша.

Ел татпаған бұл тамақ
Болса жақсы бір табак.
Жалаң қакты ұрылар.
Өз қолдарын укалап.

Қазан аузы жоғары
Деген осы болады.
Күтсе енді азырақ,
Жұмыртқаға тояды

Жұмыртқаны жаруға
Түр жиналып маңында.
Қарындары қабысып,
Таусылғандай сабырда.

Жарқылдасып бір ауық,
Тойдағыдай қуанып,
Бастай берді жұмысты,
Білектерін сыбанып.

Бірі алып балғаны,
Бірі тауып қайланы,
Бірі отын жаңқалап,
Бірі қазан қамдады.

Тай соярдай кәдімгі,
Бесеу түгел жабылды.
Қас қағымда жұмыртқа
Қақ ортадан жарылды.

Үстінен бу бүркылдап,
Ботегесі бұлтындап,
Сары шөже ішінен
Шыға келді шикылдап.

Шырпыдай қос сирағы,
Сояудай әр тырнағы.

Осы болып жүрмесін
Өздерінің шын жауы.

Мына жайға таң қалып,
Бір сұмдықты аңғарып,
Жинай алмай естерін,
Түр тілдері байланып.

Шөже жүні үрпиді,
Айбар шашып бір түрлі:
– Жылы үйімді талқандап,
Қайсың бұздың ұйқымды?!
Аттан салды біреуі,
Ұшып кеткен үрейі.
Ойбай салды біреуі,
Кемсең қағып иегі.

Құтырғандар ас тандап,
Көздерінен жас парлап.
Шынашақтай шөжеден
Тырағайлап қашты аулақ.

ТИРДЕ

– Атсам екен қай аңды? –
Деп сұрайды бір бала.
Қардай аппак қоянды
Көрсетеді бір бала.

– Атсам екен қай құсты?
Деп сұрайды бір бала.
Бадырақ көз байғызды
Көрсетеді бір бала.

“Оліп” қадды қаншама
Жазықсыз аң домалап.

Жай ойыншық болса да,
Қарап тұрсаң, обал-ақ!

Мерген екен айтулы,
Жоқ ешкімнің таласы.
Бірақ нені атуды
Білмегенін қарашы.

Мерген болсам мен өзім
Тап жанағы баладай,
Қасқырлар мен күзғынды
Атар елім аямай.

ҚАНАШТЫҢ ҚЫЛЫҒЫ

Бәрімізге Қанаш әлі
Көрсетіп жүр “тамащаны”
Кісі үстінен тәуір киім
Көрсө болады.
Таласады.
Қонақтармен
Келген үйге
Шығып алып торге бірге,
Қолқа салып,
Қыңқылдайды
Қалпағына,
Белбеуіне.

Әкесінің,
Ағасының.
Бөлесінің,
Нағашының
Таза костюм,
Жейделерін
Кірлететін Қанаш інім.

Қылығына күнде соның
Күймес елім,

Күлмес едім.
Егер кеше сұрамаса,
Әжеміздің кимешегін.

ТӘТТІНІ ЖЕГЕНДЕ

Әппақ тісі Болаттын
Болатұғын балғадай.
Күні бойы соғатын
Тәттілерді талғамай.

Қарайтын ел қызығын
Қайран тісі ғажайып
Шіріп,
Сынып,
Мүжіліп,
Барады тым азайып,
Күткен емес тап мұны,
Окініші күшті оның:
Ол жегенде тәттіні,
Тәтті жепті тістерін.

КӨРГЕН ЕКЕН

Біздің жаққа қаладан
Келген еді бір бала.
Көргендерін даладан
Қайталап жүр күр ғана.

Көрген екен жыланды,
Ысқырғанды шығарды.
Көрген екен құнанды,
Осқырғанды шығарды.

Кеше көріп бұқаны,
Окіргенді шығарды.

Бүгін көріп баканы,
Секіргенді шығарды.

Тауысып жұрт төзімін,
Осы кім боп барады?
Бала екенін өзінің
Ұмытпаса жарады.

ЕҢБЕК ЕТТІК

Қашанғы енді тебем доп,
Етсем екен нені ермек?
Екі қолды қусырып,
Қалай жүрем селендеп.
Ойлай келе терендеп,
Етпек болдым мен еңбек.
Қайырып кеп
Сәскеде
Қойдым төлді көгендеп.

Апам қашан келер деп,
Отырам ба елендеп,
Салып шықтам
Бояумен
Қабырғаға көп өрнек.

Оралды апам жеделдеп,
Ақ жаулығы желендеп.
Қайта ағытты төлдерді.
— Бұлар аштан өлер, — деп.

Қайда алғысқа боленбек,
Қайда терің төленбек?!
Қайта ақтады бөлмені:
— Шебер шығар сенен, — деп.

Кетті қырға төл өрлеп,
Қабырғада жок өрнек...

Сөйтіп,
Мен де,
Алам да
Еттік бүгін көп еңбек.

АТАМНЫҢ ӘНІ

Белгілі ауылға
Атамның өнері.
Көңілді шағында
Қамшы өріп береді.

Бабында үнемі
Әр алуан аспабы.
Жұмырлап тіледі.
Қайыстан таспаны.

Дауысы тегінде
“Тәйт” деуден аспайды.
Кіріссе өрімге,
Әндете бастайды.

Атамның жанына
Жүгіріп келемін.
Таңырқап тағы да,
Тыңдаймын әлсінін.

Сезбейді әуелі
Ол кімнің келгенін.
Білмейді әлемі
Ән салып бергенін.

НЕМЕРЕ

– Әжестайым қайда менің?
Мектебіме бармақ едім,
Күйдірермін бармағымды.

Өтектеші шалбарымды, —
Деп жалынды немересі,
Жалынудың шебері осы.

Кеткен әже жетпіс асып,
Түрегелді белін басып,
Жүре беріп “белім” деді,
Бірақ өзі ерінбеді.
Шалбарды алып,
Шаңын қағып,
Өтектеді барын салып.

Ыскырып жүр немересі,
Еріншекке керегі осы.

ЕСЕКТІҢ КҮШІ

Жалы желге жалбырап,
Басы жерге салбырап,
Салпаң құлақ сұр есек
Тұрған жалғыз сүлесок.
Қозы келіп қасына,
Қарай берді басына.
Анық бас па көргені,
Өз кезіне сенбеді.
Ауыр шығар мына бас,
Мойны көпке шыдамас.
Әлде біреу мынаның
Созса керек құлағын.
Сезді қозы сорлының
Көрген барлық қорлығын.
Жылауға елден ұялып,
Тұрғаны ғой мұңайып.

Қос бүйірі томшиған,
Қара қозы монтиған,
Жануарға жаны ашып,

Жон сұрады жанасып:
— Айта койшы шыныңды.
Сені мұнша кім ұрды?
Тұрсың өзін тыртып,
Басың іскен күмпініп,
Түспепті қак айырып,
Тіршіліктен бар үміт.
Миың ақпай қалыпты,
Емес онша қауіпті.
Құлағыннан сүйреткен
Жауыз еді бұл неткен!
Жұлып алса түбінен,
Масқара ғой шынымен.
Сонда да көп қайғырма,
Емдел аунап шалғынға.
Алсаң ертең сауығып,
Болады әлі бәрі ұмыт.
Достасайық, егер сен
Ниетімді жон көрсен.

Есек баяу бұрылып,
Жайын айтты жымып:
— Төл екенсің сүйкімді.
Сөзің қызық бір түрлі.
Көрінесің қиялшыл,
Кенже туған шығарсын.
Танымайсың сен әлі
Малдың бәрін қоралы.
Қоян құлак, томар бас
Көріп тұрсың мені алған.
Есек деген ағаңмын,
Бата алады маған кім.
Қарамастан тұрқыма,
Парапармын жылқыға.
Қайраттымын өте мен,
Тас артсаң да, котерем.

Құтырынған күйінша
Маған біреу ұрынса,
Бүйірінен мен оның
Қос аяқтап тебемін.
Кескен жеңдей құлағым,
Білгенің жөн, шырағым.
Акаусыз денсаулығым,
Көңілсізбін сәл бүгін.
Жалғызсырап тұр едім,
Қабыл болды тілегім.
Даярмын дос болуға,
Олақпын тек ойынға.
Келе қойшы, карағым,
Сені аркалап алайын.
Қозы қайтсін қуанбай
Қошеметке мынандай.
Білмей сенер-сенбесін,
Желік кернеп ксудесін,
Сұр есекке мінді кеп,
Жота жүні үлбіреп.
Қысып еді тақымын,
Есек желді ақырын.
Салт аттыдай кәдімгі,
Кетті аралап ауылды.

Күшік көріп бұларды,
Іші күйіп мұнайды.
Аузын бағып бұл жолы,
Мыналарға үрмеді.
Бүгін ішке қулығын,
Бұландатып күйрығын,
Көлеңкесі секілді,
Есекке еріп отырды.
Сұр есекке алдағы
Кенет тісін қайрады.

Өстіп ере бере ме
Митындаған немеге!
Мал демейтін ел мұны
Бұл есек кой белгілі.
Жыртылғанша көмейі
Бакыру бар өнері.
Жок азығы, жок үйі,
Жұрттың жұмыс көлігі.
Күші адал, сүгі арам,
Бойы аласа бұтадан.
Салпаң құлақ сорлымен
Сөйлесейін енді мен.

Күшік енді қатты үріп,
Ойын айтты аптығын:
— Халің қалай, бауырым,
Арқандағы тағы кім?
Босамайды белің бір,
Күнің күрсын сенің бұл!
Мінгізбейсің тек мені,
Жаратпайсың, өйткені.

Күшік сөзі өкпелі
Сүр есекке өтпеді.
Қалпын сақтап сабырлы,
Жүре жауап қайырды:
— Білем сені, шәуілдек,
Жарытпайсың бауыр боп.
Әлі есімде жүр менің
Жаудай көріп, үргенің.
Толді арқалап келемін,
Сен мінетін жок орын.

Қара козы манадан
Жоғарыдан қараған,
Қутын қакқан жердегі
Күшікке еркін сойледі:

— Қабаттаспай қой әрі,
Есекке ауыр болады.
Зақым келсе беліне,
Котере алмас мені де.
Болам десең маған дос,
Орын табам саған бос.
— Ант берем дос болуға,
Жан қиятын жолында!—
Деді күшік шәу етіп,
Бір жақсылық дәметіп.

Көтеріліп орнынан,
Ұғындырды төл бұған:
— Қанша доспыз десек те,
Мінгеспейміз есекке.
Оған жалғыз мен мінем,
Жайлап қана желдірем.
Арқама мін сен келіп,
Арғымаққа тең көріп.
Бірақ иттік істеме,
Құлағымнан тістеме.

Мініп алды қу күшік
Төл үстіне тырмысып.

Суын ішіп, жемін жеп,
Маймандаған көк үйрек,
Топты көріп көңілді,
Ойы соған бөлінді.
Мұны ойлап шығарған
Кім озады бұлардан.
Бірге жүрсе күнде өстіп,
Осы шығар шын достық.
Күн туса да сыналар
Ажырамас мыналар.
Қосылса кеп соларға,
Үйректе арман болар ма!

Бойын билеп қуаныш
Батылданған мына құс,
Сүр ссекке жақындап,
Айтты ойын қақылдап:
— Аманбысың, алыбым,
Көп қой елге қайырың.
Алшы мені көтеріп,
Мәңгі дос боп өтейік.

Ұнатпай бұл үрпекті,
Есек селқос күңк етті:
— Қозы отыр ғой арқамда,
Орын жоқ сен жалқауға.

Үйрек үзбей күдерін,
Айтты төлге тілегін.
Қозы мына құсты аяп,
Жауап қатты қысқарак:
— Көріп тұрсың, көк үйрек,
Арқамда бос орын жоқ.
Тілегінді пысықтап,
Арқамдағы күшікке айт.
Отырған ең биікте
Қарап соңғы үмітке,
Болса игі жолым деп,
Мұңын шақты көк үйрек:
— Үйрек деген мен едім,
Жалғызсырап келемін.
Дос болайын саған шын,
Бұған қалай қарайсың?
Бос көрінді арқан да,
Месслімді қайтарма.
Алшы мені көтеріп,
Мәңгі дос боп өтейік!

Қара күшік “көктегі”
Әжептәуір епті еді,

Жерге қарай созылып,
Алды құсты өзі іліп.
Достарынша төменгі
Оны арқалап жонелді.

Жүрген сайын желігіп,
Құс күшігін тебініп,
Күшік толін тебініп,
Төл есегін тебініп,
Ұзай берді тортеуі...

Бітті осымен ертегі.

АҒАЙЫНДЫ ЕКЕУМІЗ

Ағайынды екеуіміз
Ақылдымыз,
Еркеміз.
— Ақылды ғой қарғамыз, —
Дейді күнде анамыз.
— Бұлар біздің еркеміз, —
Дейді сонда кокеміз.
Қалушы едік бір кезде
Қызарақтап бұл сөзге.
Қазір құлақ үйренді,
Қысылмаймыз мүлде енді.
Ал ақылды болғаннан
Алғысымыз жоқ алған.
Және бізді ерке деп,
Көрген емес желкелесп.
Бетімізден қақпайды,
“Болмайды” деп айтпайды.
Қаласак та несі біз,
Табылады сонымыз.
Сыйға тартқан екеуі
Ойыншықтар жетеді.

Білмейміз біз есебін,
Бөлмеде жоқ бос орын.
Көрген адам ойланбай,
Дүкен десе болғандай.
Бірақ бекер жатады,
Көбінің бар ақауы.
Қосақтаулы күйінде
Велосипед тұр үйде.
Бірсуі оның көнерек,
Қисық артқы дөңгелек.
Екіншісі су жаңа,
Ершігі жоқ бір ғана.
Түбі тесік кеменің,
Беті бүтін тек оның.
Сынық қанат самолет,
Құлағандай жаңа ксп.
Бір ай болды сынғалы
Ағаш аттың сирағы.
Бірақ бүтін добымыз,
Қармағымыз, торымыз.
Жоқ екенін “Волгамыз”
Ойламапшыз онда біз.
Армандадық тек енді
Автомобиль дегенді.
Болса және педальді,
Жүргізуге қолайды.
Су да,
Май да күймайсың,
Гүрілдетіп тұрмайсың,
Тисе аяғың педальға,
Жылжығаның сен алға.
Шіркін,
Жүрсең зулатып,
Сол емес пе шын бақыт!

Келген сәтте көкеміз,
 Қарсы ұмтылдық екеуміз.
 Коре қойдық нақ сонда
 Әкелгенін ақ “Волга”.
 Сыйлық еді
 Бұл анық
 Қуануға тұрарлық.
 Көкке жетті төбеміз,
 Тек күлімдей береміз.
 Кірген бойда аулаға
 Қойды жерге жай ғана.
 Ортаға алып енді оны,
 Отырдық біз көргелі.
 Қызықтырар қауымлы
 Автомобиль кәдімгі.
 Жарқырап тұр бояуы,
 Қарасаң көз тояды.
 Қалауынша жағылар
 Маңдайында шамы бар.
 Бек ыңғайлы бұруға
 Тетігі бар мұның да.
 Сүйсітіндей арқаны
 Отырғышы бар тағы.
 Жаңа тиген жерге кеп
 Бедерлі төрт дөңгелек.
 Ашып қойған төбесін,
 Маңайды анық көресің.
 Ал қарсыдан жел ессе,
 Тіпті рахат емес пе!
 Дәу “Волгадан” жайлылау
 Секілді екен дәл мынау.
 Маған қатты тұр ұнап,
 Кетсем қазір зымырап!
 Көп қараудан жалтығып,
 Ағайыма жалынып:

– Мен жүргізіп көрейін,
Сен байқашы, — деп едім,
Ағам маған бұрылып,
Айтты ақылын жымиып:
– Ешкім біздің қолдағы
Айдап кетпес “Волганы”.
Жүргізесің сен де әлі,
Сабыр етсең болғаны.
Желе берер тебінсе,
Ат емес бұл,
Меніңше.
Автомобиль жөнінде
Білгенің жөн сенің де.
Тегіктерін мен оның
Түсіндіріп беремін.
Айтқанымды ал ұғып,
Тұрма аңқиып,
Аңырып.
Көр сонан соң жүргізін,
Жіберейін мінгізіп.

Асықпады ағайым.
Қасып қойып самайып,
Есіктердің тұтқасын
Көріп,
Сипап шыққасын,
Маған ернін шүйірін.
Әр жеріне үңіліп,
Бір тұрып,
Бір мықшиып,
Жүріп алды ысқырын.
Көрсетіп ақ қорапты,
Маған біраз жөн айтты.
Төрт доңгелек туралы
Айтып тағы қинады.
Байкатып бар өнерін,
Қайда отыру керетін,

Қалай есік ашуды,
Қалай педаль басуды.
Қалай рульді бұруды,
Қалай қатты жүруді
Айтып жатыр ағайым.
Мен жалығып барамын.
Судай жаңа машина
Тұрған кезде қасыңда.
Текке уақыт кетіріп,
Керегі не отырып!
– Не сен,
Не мен,
Бірсеуміз
Бұған қашан мінеміз? —
Деп әдейі сұрадым,
Жетпеген соң шыдамым.
Асықпастан ағайым,
Қайтарды сол жауабын:
– Түсінсеңші,
Бауырым,
Қайда кеткен сабырың!
Машина айдау оңай ма,
Емес қой бұл қол арба.
Қай жерінде не барын.
Дұрыс біліп қойғаның.
Қимылдатып қол ұшын,
Тер төгеміз ол үшін.
Лезде бұзып,
Мына біз.
Лезде қайта кұраймыз.

Сөйтіп, ағам көнбеді,
Бойымды ашу кернеді.
Ойын анық аңғардым,
Жылауға мен сәл қалдым.
Сезбесін деп мұнымды,
Шығармадым үнімді.

Қорқытамын мен кімді,
Тістеледім ернімді.
Лыпыл қағып қолы оның,
Істей берді дегенін.
Бөлшектерді шетінен
Бұрып алып ретімен,
Тастай беріп жанына,
Еңкейеді тағы да.
Алған сайын бір-бірлеп,
Бара жатыр үңгірлеп.
Актарылды не түрлі
Үлкен-кіші тетігі.
Мына руль де,
Педаль да
Қосылды кеп соларға.
Тік тұрған төрт дөңгелек
Құлады әр жерге кеп.
Темір болып шашылып,
Көз алдымда таусылып,
Ақ машина құруға
Айналды енді,
Шынында.
Аман қалған не бары
Ақ қаңылтыр қорабы.
Тасбақаша тарбиып,
Жатыр жерде
Шаң жұғып.
Тіл қатпаған манадан,
Мылжыңдады тағы ағам:
– Шыда азырақ,
Балақан,
Суысын сәл алақан.
Ағаң барда алдыңда,
Ештеңеге қайғырма.
Жөнделеді “Волга” да,
Үлгересің ойнауға.

Мініп жолға шығасың,
Оңға-солға бұрасың.
Балаларға жолдағы
“Беп”, “беп” десең болғаны,
Мынау басып кетер деп,
Қашады ғой тепсеңдеп.
Ұзап кете бересің,
Машинаға сенесің.
Сондай кезде
Ал тосын
Жүрмей қалса қайтесің?
Дөңгелекті бір ұрып,
Тексересің үңіліп.
Қабырғасын ашасың,
Бөлшектерін шашасың.
Автомобиль атаулы
Болмай қоймас ақаулы.
Сынған екен бөлшегі,
Бүтіндейсің сен соны.
Бөлшектердің барлығын
Керек қайта салуын.
Құрау деген, міне, осы,
Оның бар өз жүйесі.
Бұзғаныма қараудан
Жалықпадың манадан.
Демек,
Оны үйрендің,
Пайдасы зор білгеннің.
Көрсетейін бұларды
Енді қалай құрауды.
Озің қолмен қойғандай,
Істеген жөн ойланбай.
Бітіргендей курсты,
Білесің бар жұмысты.
Толып жатқан бұранда
Бәрі есте тұрар ма.

Ретпен алып қолына,
Қондырасын орнына.

Шыдамадым енді мен,
Тартып қалып жеңінен,
Қараттым да өзіме,
Айттым қарап көзіне:
– Сен қираттың мынаны!
Онай болмас құрауы.

Бірақ бұған ағайым
Шытқан да жоқ қабағын:
– Қиратқам жоқ түгін де,
Барлығы сол күйінде,
Ал ақтарған себебім,
Сен көрсінші деп едім.
– Қандай еді машина,
Қалай қидың шаңуға!
Қайда аппақ “Волгамыз”
Енді немен ойнаймыз.
Жинап-теріп бұларды,
Бастасаңшы құрауды!
Кезектесіп мінейік,
Зымыратып жүрейік.
– Шашқан болсақ жаңа біз.
Қайта құрап аламыз.
Сен де ештеп еңбек ет,
Осындайда бер көмек.
Бөлшектерді тасып тұр.
Әрі мені асықтыр.
Қойыл бекер керісті.
Қыздырайық тек істі.
– Неден бастап тасыын?
Дедім, тарқап ашуым.
– Құрағанда,
Алдымен

Дөңгелекті салу жөн,
Жатқан “Волга” үйелеп.
Тұру үшін түрегеп.
Қазір бәрін тездестем,
Құрау деген сөз бе екен.
Дөңгелекке қол жалғап,
Қарап едім мен барлап,
Теріс салып қойды ма,
Бскіте алмай орнына.
Ағам қатты терледі,
Зая кетті снбегі.
Көп тетіктер іштегі,
Орнына дәл түспеді.
Бұрандалар жердегі
Тағы тура келмеді.
Көрінгенмен біргелкі
Бірі жуан,
Бірі олқы.
Бейнеттендік бекер біз,
Енді қайтер екенбіз?

* * *

Онға баспай ісіміз,
Удай ашып ішіміз,
Отыр едік аулада,
Үнсіз қарап айнала.
Бір топ бала бұрылып,
Келді бізге жүгіріп.
Шеттерінен көңілді,
Соқса керек ойынды.
Айтпай бәрін ұғынды,
Іске жедел жұмылды.
Еркін жетті бұларға
Бөлшек,
Тетік,

Бұранда.
Ұстауға көк темірді
Сәл ептірек көрінді.
Бәрі қызып кетіпті,
Бұрап жатыр тетікті.
Құрайтындай қолдары
Құрып кеткен “Волганы”.
Дөнгелектер бір-бірлеп,
Өз орнына тұрды кеп.
Көптің қолы,
Ақылы
Тындырды істі ақыры.
Жөнделген соң “Волгамыз”
Дайындалдық жолға біз.
Тұр орнында барлығы,
Кім жүргізбек ал мұны?
Ағам рульге отырды,
Нағыз шофер секілді.
Балаларға айнала
Қарап алып пандана,
Бізге бұлғап бір қолын,
Көзі жайнап тұрды онын.
Басқан сәтте педальді,
Мақтан, сенім жоғалды.
Қозғалмады орнынан.
Түсінбедім мен бұған.
Көз алдында ұлдардың
Жылауға мен ұялдым.
Қайран қалып тағы да,
Қарағанда маңыма,
Тетіктердің кейбірі
Жатыр екен сол күйі.
Салмады екен неге оны?
Болмады ма керегі?
Қалғаны ма артылып?
Қарап тұрмын аңқиып.

ТҮС

Ертек

Ауыр соғып сабак,
Қажып қайтты Қанат.
Таба алмады үйден
Жүрек жалғар тамақ.

Күлше,
Шұжық.
Қатық
Әкелсе ғой сатып.
Баруға дәл қазір
Тұр діңкесі қатып.

Диванға кеп жұмсақ
Отырғанда бір сәт,
Басы ауырлай берді
Қойғандай дәл
Құм сап.

Күшін жұмсап барлық,
Тұрмақ еді қарғып,
Тұра алмады бірақ,
Бара жатты қалғып.

* * *

Күлше,
Айран,
Шұжық
Бір дүкеннен шығып,
Жаяу жолға түсіп,
Кетті ілгері жүріп.

Күлім қағып күнше,
Дөңгеленген Күлше,
Жеткізбейді скен,
Жерге аяғы тисе.

Көңілденіп алған
Көк телпекті Айран,
Қайқан қағып безді,
Қалсын елден қайдан.

Тастай салған жұлып
Жеңдей жуан Шұжық
Түсті қара терге,
Май шекесі қызып.

Алатындай жүлде
Алып ұшып мүлде,
Кіріп барды бұлар
Окшау тұрған үйге.
Өстелі жұрт кейде,
Осылары жөн бе:
Бұларды елеп сшкім,
Шақырмады төрге.

Таныс аяқ-табак
Қалды үнсіз қарап.
Өншен суық жүздер,
Кілен салқын қабак.

Көптің мысы басып,
Тұрды қатты жасып,
Болады скен күнсыз
Өзі келген нәсіп.

Оскен алыс қырда,
Түскен талай сынға
Айтты жайлап Күлше

Төрде жатқан ұлға:
— Қанат деген сіз бе?
Тәбеті ауған бізге?
Құрметіңіз үшін
Жетіңіз дәл жүзге.

Келдім сізді сыйлап,
Аспын көпке қымбат.
Болмас еді өкпем,
Жесеңіз тек турап.

Ал Күлшеден кейін
Сылап-синап бойын,
Алға шығып Шұжық,
Айтты өзінің жөнін:

— Мен боламын Шұжық,
Жаралысым қызық.
Ток ішекке тыққан,
Ет пен майды мыжып.

Тураңыз да сәндеп,
Жей беріңіз дәмдеп.
Жүресіз тек аңсап,
Алсаңыз бір дәндеп.

Балағын шаң шалған,
Аяғы аздап талған
Таныстырды өзін
Көк телпекті Айран.

— Мен әйгілі Айран,
Бабалардан қалған.
Түнде ұйып шықтым
Сүттен кеше сауған.

Басып ердің шолін,
Бекітемін белін.
Әрі сусын,
Әрі ас —
Деген мені елім.

Асқақ қарап елге,
Жатқан бала төрде,
Берді шұғыл бұйрық,
Келіп енді жонге:

— Дәл таптыңдар мені,
Жақындандар бері.
Келіпсіңдер іздеп,
Қайтармайын кері.

Әй, Пышак!
Сөз тыңда!
Кел жүгіріп мұнда!
Алдыңдағы нанды
Қықымдамай тура!

Мен көрмеген көптен
Майлы шұжық неткен!
Шайнауға оңай болсын,
Турап көрші еппен.

Шанышқы!
Жет жылдам!
Жарамас бос тұрған.
Өзің шанышып алып,
Әперетін бұл дәм.

Тостағаным жұмыр,
Бері қарай бұрыл.
Айран күйіп алып,

Тура маған жүгір,
Жүзі кылып тұрған,
Жалаң пышақ жылман
Шұжык пенен нанды
Қойды турап жылдам.

Шанышқы жан салып,
Шұжықты іліп алып,
Асагады ұлға,
Құстай ұшып барып.

Кер тостаған қайың
Білетін іс жайын,
Тосты ауызға еппен
Құйып алған дөмін.

Шығармастан терін,
Ауыртпастан белін,
Соғып отыр Қанат
Келген асты тегін.

* * *

Кенет көзін ашса,
Таусылышты ас та,
Жаңағы ток Қанат
Болғаны ма басқа?

Бұл оқиға ерек
Түсі болса керек.
Ойтпесе,
Ас оған
Жалынар ма же деп.

Кіріспесе іске,
Не тиеді тіске.

Тегін сый мен құрмет
Болады тек түсте.

ҚАРА МЫСЫҚ

Талай тиген қырсығы
Көршімнің бар мысығы.
Таңбасы жоқ түймедей,
Шымқай кара күйедей.
Қаралығын мен оның
Керемет жек көремін.
Кесіп өтсе жолыңды —
Қайнатқаны сорыңды.

Өтіп бірде алдымнан,
Маған “скі” алдырған.
Бағамды әкем көргенде,
Қолын созған белбеуге.
Тіл қатыспай менімен
Анам қатты кейіген.
Қосылып бір бүйірден,
Әжем және күйінген.
— Шекеме бір түсті әжім!
Ден қиналған ұстазым.
Жақын қалғам жылауға,
Не демекшің бұларға?
“Мысық өтті” дегенге
Бұлар әсте сенер ме?!

Қара мысық бір күні
Қайқаң етіп күйрығы,
Кесіп өтіп алдымнан,
Тағы ұятқа қалдырған.
Сабағыма кешігіп,
Қақтым класс есігін.

— Маскара ғой мынауың,
Деп ренжіген мұғалім.
Класс маған бұрылып,
Қарай қалған түйіліп.
Оттай жанып тұр бетім,
Тесік болса кіретін...
Бұларға мен не дейін,
Қалай айтам себебін?
“Мысық отті” дегенге
Бұлар әсте сенер ме?!

Қара мысық көрінсе,
Қашқан болам өзімше.
Бірақ үйдің маңында
Бұл поленің барында,
Болу қиын үлгілі,
Сүрінесің бір күні.
Кесіп өтпей қоймайды,
Онысын кім болжайды.
Құрыса егер бұл мысық,
Көресің елім тырмысып.

ЖАЗ КҮНДЕРІ

ШАҢҚАЙ ТҮС

Қырдың момын бұлағы
Ағады жай шымырлап.
Шоп түбіне бұғады,
Шегірткелер шырылдап.

Тұрады күн тобеде,
Көз ұялта жымыңдап.
Ұшады сұр бөдене,
Жол шетінен пырылдап.
Жалы тоқпақ,
Түгі май
Жылылар жүр шыбындап.
Шертіп қалған шыныдай
Шаңқай түс түр шыңылдап.

ҰЗАҚ КҮН

Ұнатамыз пілденің
Ұзақ ыстық күндерін.
Жұрттың бәрі жұмыста,
Отыралы үйде кім.

Егін орған маңайда
Ас апардым ағайға.

Ұзақ күнде
Бірдеңе
Істемеген жарай ма.

ҚАРБЫЗ

Қарбыздардың қампиған
Бірі піскен,
Бірі кок.
Боріге ұксап мал қырған
Үзе берме.
Ірі ден.

Піскен қарбыз байсалды,
Қиналмайды жаны үшін.
Қатты шертіп қалсаң да.
Көтермейді дауысын.

Шикі қарбыз.
Жок дәмі,
Жатқан жоны жаркылдап.
Шертіп қалсаң болғаны,
Шыға келер таңкылдап.
Туар бұдан бір түйін,
Түсінікті бәріңе:
Ашы болар шикінің
Даусы да.
Дәмі де.

САРША ТАМЫЗ

Сарша тамыз шағында
Дала жатар бабында
Алқаптарда толқиды
Сары егін де,
Сағым да.

Мал қонайып өрісте,
Дән толалы егісте.
Шашылып шөп ұрығы,
Шырай қонар жеміске.

Тайып біраз ажары,
Аландайды жаз әлі,
Артқан жүгін
Алғанша
Алтын күз,
Ақ таразы.

ОЙНАУ ҮШІН

Жолдастардан жоқ ешкім,
Мен де олармен егестім.
Жалғызсырап өлмеспін.

Добым даяр қолымда,
Күшігім бар сонымда,
Кірісеміз ойынға.
Қара күшік скеуміз
Қызған кезде шекеміз,
Жұртты ұмытып кетерміз.

Алға қарай екпінден,
Аза допты тептім кеп,
Күшік қуып жетсін деп.

Күшік мені қинады,
Келген сәтте ыңғайы,
Допты баспен ұрмалды.

Әншейінде епті еді,
Не аяқпен теппеді,
Бұл кесірдің не еткені!

Сірә, жорта жүр істеп,
Қайтпек допты иіскеп.
Қашан шындап кіріспек?!

Үйренер деп әлі бұл,
Арғы беттен тағы бір
Бастадым мен шабуыл.

Түсіп ұлдар соңына,
Таласпаса добыңа.
Сән бола ма ойында.

Қолды бір-ақ сермедім.
Бекер мұнша терледім.
Зая кетті снбегім!

Добым зілдей қолдағы,
Күшік серік болмады,
Содан ойын оңбады.

Ойнау үшін,
Кейін де,
Керек екен, тегінде,
Тағы бірсу,
Кемінде.

ФУТБОЛШЫЛАР

Жолдаспыз топ бала,
Жасымыз шамалас.
Денеміз қап-кара,
Жүргесін жалаңаш.

Таңертен шығамыз
Ауылдың шетіне.
Команда құрамыз,
Бөлініп екіге.

Айқасқа алдағы
Қамдана бастаймыз.
Жейдені,
Шалбарды
Шешініп тастаймыз.

Ойынға дегенде
Керекті табамыз.
Күйемен кеудеге
“Қайрат” деп жазамыз.

Екінші команда
“Спартак” болады.
Белгісіз алайда
Кімнің доп соғары.

Жеткізе алмайсың
Жотана қолыңды.
Жазады жолдасың
Жотана нөмірді.

Қоямыз мұндайда
Жолдасқа сенуді.
Ойткені,
Қимайды
Бірінші нөмірді.

Қақпашы болуды
Қалаймыз баршамыз.
Бірінші нөмірді
Тілейміз қаншамыз.

– Сен біздің қақпаға
Тұрасың қазір, – деп.
Кейбірі арқана
Қағады әзілден.

Әрдайым үмітпен
Шығамыз алаңға.
Және бір күдікпен
Қараймыз маңайға.

Бастауға ойынды
Келгенде төреші,
Бірінші нөмірді
Таппайды,
О несі?

– Достар!
Бұл жарай ма,
Қайда жүр қақпашы?
“Оныншы” алаңда
Неге екеу,
Айтпақшы?
Бұлжытпай сақтайық
Ойынның тәртібін.
Шығындар қайқайып
Алаңнан артығың!

Әдетте
Бір адам
Қақпаны қорғайды.
Айтыңдар,
Кім оған
Келеді қолайлы?

Қарайды алаңға
Ашуды төреші,
Қызады табанда
Команда кеңесі.

Шығады ерегес,
Шатынап көздері.

Сен емес,
Мен емес,
Тек мықты өздері.

– Осыған қолайлы
Болатын мен ғана!
– Қакпаны қорғауды
Сен мүлде ойлама!

– Мен он бір метрлік
Допты ұстай аламын!
– Дәлосың өтірік,
Білмейсің амалын!

– Қойсаңдар,
Тұрайын
Құралбек ағаша!
– Бөсуін мынаның
Кішкентай балаша.

– Қақпашы дегенге
Көз керек,
Ой керек!
– Жететін тобеге
Бой керек,
Қол керек.

Мінеки,
Серейген
Бойым бар.
Қолым бар.
Көзім де кореген,
Қақпаға қойыңдар.

Айтысып,
Таласып,

Бір сағат шулаймыз.
Кетуге тарасып,
Ойынды қымаймыз.

Қатқанда сілеміз,
Амалсыз тынамыз.
Қақпаға біреуіміз
Қуана тұрамыз.

Қалған он орынды
Бөлісіп басқамыз,
Ақыры,
Ойынды
Ортадан бастаймыз.

Айқасқа енеміз
Шаңдатып алаңды.
Қақпаға төнеміз,
Асырып амалды.

Біресе ала доп
Ауада самғайды.
Біресе домалап
Алаңда аунайды.
Шапырап,
Қосылып
Тұрады тобымыз.
Асығып,
Кешігіп
Тебеміз көбіміз.

Бір тұрып,
Бір күлап
Ілгері кетеміз.
Кейде оқша зымырап.
Қақпаға жетеміз.

Басқамен таласып,
Асығып жеткенде,
Қақпадан әрі асып,
Қашады доп кейде.

Тебеміз бұлай да,
Тебеміз олай да,
Көнбейді ынғайға,
Гол соғу оңай ма!

Боларда жолымыз,
Тепсек те жобалап,
Қақпаға добымыз
Енеді оңай-ақ!

Көбейсе голымыз,
Сергиді бойымыз.
Шалкиды ойымыз,
Қалаймыз соны біз.

Жан шошыр түріміз,
Қара тер денеміз.
Бұрқырап буымыз,
Қуамыз,
Тебеміз.

Күйемен жазылған
Нөмірлер манағы
Арқаны айғыздап,
Езіліп ағады.

Аланды қамаған
Шықтаймыз
Шаннан біз.
Шалшыққа аунаған
Торайдан аумаймыз.

Қаласың айырмай,
Қайсысы командан.
Қаласың танымай
Мынау кім,
Анау кім?

Қарбалас шақта біз
Қайсысы қакпамыз,
Айырып жатпаймыз.
Әйтсеуір, қаптаймыз.

Алғашқы тайм ба,
Алтыншы тайм ба?
Кімнің біз жағында
Білмейміз барын да.

Кешегі ойын ба,
Бүгінгі ойын ба?
Ешбірі соның да
Болмайды ойында.

Төреші манағы
Жок қазір орнында.
Жүгіріп барады
Ала доп соңында.

Бұзып жүр ойынның
Тәртібін бұл кілен.
Қасына келгенді
Қағады нығымен.

Футболға тоймай біз
Осылай ойнаймыз.
Жеңіспей қоймаймыз,
Әрдайым сондаймыз.

Бір күні көктемнің
Батады қызарып,
Қалайша өткенін
Сезбейміз біз анық.

Келгенде ағамыз,
Келгенде апамыз,
Азайып шамамыз,
Айқасып жатамыз.

Ойынды тамаша
Доғара саламыз.
Бізге олар қараса,
Біз жерге қараймыз.

Білекпен маңдайды
Бір сүйкеп тастаймыз.
Жейдені,
Шалбарды
Киіне бастаймыз.

Апалар,
Ағалар
Ұрыснайды,
Ұрмайды.
Шаншудай кадалар
Сөз тауып,
Қинайды:

– Футболшы шынайы
Осылар болмай ма,
Жететін шыдамы
Он тайм ойнауға.

ШЕГЕ КӨТЕРГЕН КІРПІ

Ертек

Ерте,
Ерте,
Ертеде,
Сақал жоқта серкеде,
Өркеш жоқта тайлақта,
Қалың нулы аймақта,
Шолден ерні кеппеген,
Аузынан ас кетпеген,
Ыстыққа бір күймеген,
Суық барын білмеген,
Басы ауырып көрмеген,
Сор барына сенбеген,
Құндыз құсап құбылар,
Тікен емес,
Түгі бар,
Қос тамшыдан аумаған,
Мөлдір көзі жайнаған,
Басындай сән кебістің
Бой бітімі келісті,
Кербез,
Сәнқой,
Қылықты
Кірпі өмір сүріпті.
Әлпештеген ел-жұрты
Наукастанды сол Кірпі
Күні бойы қышынып,
Кетті арқасы ісініп.
Азап жанын қинады,
Тыпырлады,
Тулады.
Бакырып,
Зар иледі,
Ешкім емін білмеді.

Жаны ашыған әлдекім:
— Дәрігерге бар, — деді.
Ақылшыға бұрылып,
Айтты науқас күйініп:
— Бұл дәрігер дегендер
Барсаң болды.
Егем дер —
Жұтып сөздің аяғын,
Пысылдатып танауын,
Көзінен жас сорғалап.
Кірпі қашты жорғалап.
Ауру кумай қояр ма,
Кірді қалың тоғайға.
— Талады ма қалақай,
Қайда қаштың,
Балақай? —
Деді бұған нән Борсық,
Тұрғандай дәл қамқорсып.
— Денем қышып баралы.
Қасып берші шамалы!

Бірақ Борсық сабырлы
Бейқам жауап қайырды:
— Сырқаттанып көргем мен,
Ең дұрысы — емделген.
Қалған Кірпі кідіріп,
Кенет кері бұрылып,
Көзден жасы сорғалап,
Кете барды жорғалап.
Қарсы алдынан Сүрқожек
Шыға келді тіл безеп:
— Шақты ма әлде қалақай,
Қайда бездің,
Балақай?
— Үстім қышып баралы,
Қасып жібер шамалы!

— Дәрігерге емдел, — деп,
Қашты қоян ербендеп.

Тұрған Кірпі кідіріп,
Тағы шұғыл бұрылып,
Көзден жасы сорғалап,
Жүре берді жорғалап.
Сүртіп қойып тұмсығын,
Ызыңдалды бір Шыбын:
— Тиісті ме қалақай,
Қашқаның не,
Ағатай?

— Үстім қышып барады,
Қасып көрші шамалы! —
— Емделген жөн, шынында,
Деді мына Шыбын да.

Жұрттан түгел түңіліп,
Кірпі кетті жүгіріп.
Топыраққа аунады,
Тек қышуы қанбады.
Аунап коріп көгалға,
Тұрды ыршып онан да.
Тасқа аунады соңында,
Ем болмады оның да.
Тауысып бар амалын,
Білмей қайда барарын.
Көзден жасы сорғалап,
Ұзай берді жорғалап.
Келіп кірді інірде
Тас қараңғы бір үйге.
Темір шырпы төбе боп
Жатыр екен, керемет!
Қышып тұр ғой денесі,
Аунамайды неге осы?

Кірпі тағы аунады.
Үстінен қан саулады.
Кіршілдеген денеге
Мына пәле немене?
Жабысады кенеше.
Қадалады жебеше.
Көп екен деп көресім,
Сипап еді денесін.
Қаптап оскен бойына
Батты тікен қолына.
Аунағаны шеге еді,
Тағы азабын шегеді.
Зілдей ауыр денесі,
Шықырлайды шегесі.
Суыртудан қорқады.
Ойланбақшы ол тағы.
Шыбын жанды мұндайда
Болмас дереу қинауға.
Кетпес мәңгі көнінде,
Жұлдырады кейін де.
Құрттырады түбінде.
Қалдырмастан бірін де.

Сол Кірпі!
Сол шегені
Әлі сүйреп келеді.

ЕҢ ҚОРҚЫНЫШТЫ ЕРТЕК

Қуыршақтай бұл бала
Тәтті жейді құр ғана.
Нанды аузына салмайды,
Соғады кеп сары балды.
Етті және жемейді.
Науатқа тең көрмейді.
Жоламайды бөкпенге,

Жетпейді деп шекерге.
Айрап және жақпайды.
Кәмпиттерді мақтайды.
Бет шырышы бір елі.
Бұл осындай ұл еді.

Бетін жуып баланың.
Сүртіп таңқы танауын: —
— Бәрімізден тәтті осы, —
Деп сүйгенде әпкесі,
Бакырайып көзі оның.
Жалап алды өз ернін.
Таң қалдырған әпкені —
Бала беті тәтті еді.
Бола қалып байсалды.
Тағы сүйіп, тамсанды.
Сүйіп еді маңдайдан.
Білінді сол балдай дәм.
Сенеді деп кім бұған,
Сүйіп қорді мұрнынан.
Тарқатпақ боп күмәнін,
Сорды енді құлағын.
Әпкеге тән бір ешпен
Сүйлі сүйір иектен.
Ақ мамықтай ұлбірек
Тамағынан сүйді кеп.
Асықпай,
Ең соңынан
Сүйді шидей қолынан.
Бауырым бал татиды,
Деп тоқтады ақыры.

Жаңалығын
Әлгінде
Жариялап әркімге,
Ертіп жүріп бауырын.

Тосты алдынан бәрінің.
Үлкен-кіші үйдегі
Шопілдетіп сүйді оны.
Жаңалыққа керемет
Қалды түгел елендеп.

Көңілде жоқ қапасы:
— Тәтті! — деді атасы.
— Немеренің дәмі осы!
Деді күліп әжесі.
— Сөзіңнің жоқ қатесі,
— Тәтті! — деді әкесі.
— Атасының баласы
Тәтті! — деді анасы.
— Тіпті жақсы мұнысы!
Тәтті! — деді інісі.

Бұлар осы баланы
Күнде ортаға алады.
Тәтті екенін біледі
Бәрі жалап, сүйеді.

Жан шошырлық сұмдығы
Жазда болды,
Бір күні
Шыққанда ол далаға,
Лап қойысты бал ара.
Төнген бұлтша түнеріп,
Қыр сонынан жүр еріп.
Иегіне,
Мойнына,
Құлағына,
Қолына,
Маңдайына,
Жағына,
Желкесіне,

Қарнына,
Қос бетіне,
Иығына,
Қабағына,
Мұрнына
Қонып жатыр үймелеп,
Бал татыған гүл ме деп.
Лезде тәтті баланың
Бугандай қол-аяғын,
Тыпырлатып,
Шыңғыртып,
Бара жатыр қылғынтып,
Қыбырлайды күр кірпік.
Көп шыдамас бұл бүйтіп.
Балын сорып болғасын,
Жемсаулары толғасын,
Қалын ара жаңағы
Лезде бұлтша тарады.

Нәткен сұмдық десейші!
Бүйткенше, нан жесейші!

Онағасын саулығы,
Ұмытылды барлығы.
Оған жаздай сан қилы
Ақыл-кеңес айтылды.
Нан жегенің жөн деді,
Бірақ бала көнбеді.
Ақ ішкенің жөн деді,
Анау қолын сермеді.
Ет жегенің жөн деді.
Бұл сөзге де сенбеді.
Аунамастан күмға бір,
Шомылмастан суға бір,
Жел тигізбей бетіне,
Күн өткізбей етіне,

Шықсам егер далаға,
Талайды деп бал ара,
Тәтті сорған күйінде
Жаздай жатты үйінде.

Неткен сұмдық десейші!
Бүйткенше, ет жесейші!

Бұдан асқан сұмдығы
Күзде болды,
Бір күні
Жаздай іші толған ба,
Барлы жалғыз орманға.
Сыбырлайды балаға
Жапырактар сары ала.
Көрген бойла алыстан
Санқылдады сауысқан.
Қысқы ұйқының алдында
Жүрген аю маңында,
Сезе қойып бал дәмін.
Салпыдатты таңдайын.

Жайлап келіп жалады
Қуыршақтай баланы.
Бакырғанын қайтеді,
Бал керемет тәтті еді.
Қол-аяғын кергілеп,
Құшырланып сорды кеп.
Сөлін сорып алғасын,
Құр қаңқасы қалғасын.
Керексіз деп бұл енді,
Лақтырып кеп жіберді.

Тауып алып баланы,
Жұрт шошына қарады.
Қалыпты тек сұлдері,

Танымастай мүлде оны.
Бірақ байқұс тірі еді,
Соғып жатқан жүрегі...

Неткен сұмдық десейші!
Бүйткенше, нан жесейші!

ҚАР МЕН ҚОЗЫ

Ертек

Жарасатын жайлауға
Көрінбейді төрт түлік.
Әппақ қозы шалғайда
Жайылып жүр монтиып.

Көкке әбден тойғанда,
Басы жерге салбырап,
Тыныш қана қойнауада
Ұзақ жатты жалғыз-ақ.

Ашық күні шілденің
Шыжымаған шақ әлі,
Жаздың ашық гүлдерін
Желпиді таң самалы.
Сонау асқар таудағы
Сөгілмеген қар әлі.
Ақ қозыға сайдағы
Қадалып көп қарады.

Шыжып тұрған шілдеде
Қайдан келді қар мына?
Ерімейді бұл неге,
Әлде түнде жауды ма?
Бәрібір ғой ол үшін

Көбік қар ма,
Сұр қар ма,
Берсе болды қол ұшын.
Еріп кетпей тұрғанда.

Мұндай кезде бұғынып
Қаһарман қар жатар ма!
Белді бекем буынып,
Шығу керек сапарға.

Төңкерілген төбедей.
Қопан етіп қар кабак,
Ықты-жарды елемей,
Кете барды тайғанап.

Құм қайрақтай жамбасын
Бұта жыртып,
Тас тіліп,
Сынға салып сау басын.
Сырғи берді қасқып.

Бойы азырақ шоксе де,
Балағынан су ағып,
Болмағандай ештеңе,
Жетті сайға қуанып.
Қос бүйірі бұлтиған
Төлге жұмсақ сойледі:
— Танып келдім сыртынан,
Қар шығарсың сен? — деді.

Үрейі ұшып қозынын,
Кетті көзі аларып.
Кім екенін өзінің
Білмеуші еді әлі анық.

— Қар шығармын. — дей салды,
Жатпастан көп ойланып.

Дереу мына кең сайды
Өтті суық жел қарып.

Қапырық сай
Тынысын
Тарылтқанын аңғарып.
Жедел
Жаңа туысын
Қайтпақ болды тауға алып.

– Қамаған аш бөрідей
Аптап екен айналан,
Сенің әлі ерімсі
Жатқаныңа таң қалам.

Шакырайып тұрған күн,
Кірпік қақпай,
Безеріп,
Сәл кешіксе,
Сұр қардың,
Кетер еді өзі еріп.

Шалқая бір қаралы
Алдындағы қар тауға.
Келген жолы жаңағы
Қиындады қайтарда.

Ұмтылса да ілгері,
Кері кетіп аяғы,
Қайраты жоқ күндегі,
Бір аттап,
Бір таяды,

Ауыр тартты денесі,
Барған сайын
Болбырап.

Сөгілсе де көбісі,
Бөгелмеді ол бірақ.

Бір жығылып,
Бір тұрып,
Талып белі,
Такымы,
Жанталаса ұмтылып,
Жетті шыңға ақыры.

* * *

Қақырайған қарлы шын
Қатып қалған сіресіп.
Сайға қуып аң-құсын,
Суық ызғар тұр есіп.

Мұздай тарғыл тастары,
Бет қариды бұлты да.
Қар қатая бастады,
Қырау тұрып мұртына.

Сәтті бітіп жорығы,
Көтеріліп тауға асқақ,
Тынып енді көңілі,
Қисайды қар жамбастап.

Қалған козы караусыз
Қорықты ма,
Тоңды ма,
Кірді барып амалсыз
Қалың қардың қойнына.

Өтер емес күн мүлде
Қойнына қар төбенің.
Мына дымқыл үңгірде

Жыли қоймас
Бойы оның.

Айналаның бәрі аппақ,
Бәрі суық,
Бәрі жат.
Қоңыр көзі алақтап,
Тол жылалы манырап:

– Қатып қалды тұяғым,
Бітіп қалды танауым!
Бітіп қалды құлағым,
Енді қайда барамын?!

Көзі қалғып жатса да,
Ояу еді құлағы.
Қар ақылын айтпаса,
Кім жұбатар
Мынаны:

– Тыңда мына атаңды,
Балақайым сүйікті.
Тегінде,
Қар атаулы
Қалайды ғой суықты.
Көк тіреген мына шын
Тым айбарлы,
Тым суық.
Енді осында тұрасың,
Жасау үшін тіршілік.

Түсініксіз бұл кеңес
Түңілдірді тек оны.
Суық та емес,
Шын да емес,
Ақ қозыға керекі:

–Шуак қайда манағы,
Жатырмын күр бүрісіп.
Қарным ашып баралы,
Берсеңдерші
Жылы сүт!

Қар мынаған таң қалды.
Сүт сұраған несі деп.
Жібергенін аңғалдық
Ұғынды бұл кешірек.

–Тесіліп көп қараудан
Тозған болар жанарым.
Көрінсе бір ағарған
Қар екен деп қаламын.

Қар боп маған көрінген
Кенже туған төл ме едің!
Терім сор боп төгілген,
Зая кетті-ау еңбегім!

Ақша қардай қарағым,
Қатты шошып қалдың ба?
Қайта апарып салайын,
Сайдағы көк шалғынға.

* * *

Жылдам тұрып,
Жен түріп,
Терен сайға бір қарап,
Төбелей қар теңкіні,
Кетті тағы сырғанап.

Жолдағыны жапырып,
Келе жатыр қасқып.

Сайға түспек қапырык,
Тәуекелге бас тігіп.

Кінәсіз мал төліне
Ақтық себін тигізіп,
Алып қайтқан жеріне
Кетпекші тік тұрғызып.

Барған сайын
Тарылып
Тынысы қар төбенің,
Манайына жайылып,
Шөге түсті бойы онын.

Алғаш көрген қозыны
Жайпак сайға келгенде,
Жеткен бөздей тозығы,
Қалды иленіп
Сол жерде.

– Майша еріп барамын,
Жерге сінем,
Су болып!
Көбейе бер,
Қарағым! –
Деді тілі күрмеліп.
Аптапқа да жалынбай,
Ұстап алған,
Шап беріп,
Торға түскен жайындай
Қаһарман Қар
Жатты өліп.

Қозы жаны жаралы
Тұра алмалы жай қарап.
Жасқа толы жанары,
Қайырымды қарды аяп.

ҰМЫТШАҚ ҰЛУ МЕН ҚАЙСАР ҚҰМЫРСҚА

Ертек

1

Ашық еді бүгін күн,
Кашты ұйқысы ұлудын.
Сездіріп қыс өткенін,
Шалды жылы леп бойын.
Тыста көктем шуакты
Жайнап тұрған сияқты.
Оң жағына бір аунап,
Жата тұрмақ қиялдап.
Алу керек күш жинап,
Керегі не мықшындап.
Тұла бойы болбырап,
Бір созылып ол бірақ,
Еркінен тыс біртүрлі
Сыртқа қарай ұмтылды.
Шығып есік алдына.
Аунай кетті шалғынға.
Аппак жұмсақ қамырдай
Бар денесі қалың май.
Күлімдеп қос жанары,
Айналаға қарады.
Байқамаған бұл неғып,
Қазір анық түр көріп,
Жарқыраған күн қандай,
Күміс сеуіп тұрғандай!
Мұнша неткен мол еді,
Жер бетінің бедері!
Жалғыз жүйрік ой жеткен
Көктің жүзі кең неткен!
Тамаша ғой тіршілік,

Жатыр жаны сүйсініп.
Судай тасып көңілі,
Кетті кеңіп пейілі,
Келсе біреу жақындап,
Тіпті үйіне шақырмак.

2

Бос киялға бой ұрып,
Жатқан Ұлу желігіп,
Маңайға көз жіберді.
Күтіп әлде біреуді.
Ғұмыр бойы тырбаңдап
Бұл қауымнан
Жүрді аулак.
Жәндіктердің бірі де
Кірген емес үйіне.
Бір танысы жоқтығын
Білсе керек тек бүгін.
Құмырскалар қырдағы
Бұған мойын бүрмалы.
Шуалшандар ойдағы
Бері келе қоймады.
Ақ шабақтар көлдегі
Оны тіпті көрмеді.
Ұшып жүрген көбелек
Тілеспейді.
Оны елеп.
Қауырт скен ел қамы,
Босар емес қолдары.
Үзбей бірақ әлі үміт,
Жатыр еді сарылып,
Шыға келді бір жақтан
Жас құмырска,
Зыр қаққан.
Ұлу басын көтеріп,

Белгі берді жөтеліп.
Сөз тауып бір керемет,
Қалайда оны бөгемек.
Мылжыңдасып тұрғанға
Төзбес анау мұндайда.
Қырсыз қысыр кеңеске,
Қара шаруа емес пе.
Созып алмай өте көп,
Айтқаны жөн төтелеп.
Тез шешіліп тілі оның,
Жеткізеді өз тілегін:
– Айналайын Құмырсқа,
Аулақ жүр деп ұрысна.
Бір сәт қана мойын бүр,
Тілегіме менің бір.
Беске толам биыл мен,
Дәм тат менің үйімнен.
Алғашқы қар жауғанда
Күтем сені ауламда.

3

Разы болып тағдырға,
Ұлу жатыр шалғында.
Алып қашқан іштегі
Асау сезім күшті еді.
Астамшылық ой туып,
Шыға келді қомпиып.
Байкамайтын бар-жоғын
Емес қой бұл әлдекім!
Бар байлығы,
Беделі,
Біледі ғой ел оны!
Көпке жайлы мінезі,
Жуандардың бірі өзі.
Дәлелдеді ол бүгін

Пейілінің кендігін.
Әйтпесе ол қайдағы
Қайтпек кара шаруаны.
Әйтпесе алғаш көргенде
Оған үйге кел дер ме.
Жатсынбайтын ешкімді
Жайсаң ұлу өстиді.

4

Жаңағы жас Құмырсқа
Бара жатқан жұмысқа,
Көп ойланды жол бойы,
Бір байламға келгелі.
Жан жуытпай жанына,
Жүрген жәндік жайына
Жарқын мінез шығарса,
Бұл да ерлік,
Былайша.
Тырысып түк көрмеуге,
Қарайтұғын тек жерге.
Таныса да құр кейпін,
Ешкім көзге ілмейтін.
Мынау мүлде ұлуға
Ұқсамайды,
Шынында.
Ақыры сол мақұлық
Отыр тойға шақырып.
Оның күзде туғаны
Құмырсқаны кинады.
Алғашқы қар жауғанда
Құмырсқа ұйқтап
Қалмай ма.
Жолға шығу онлайда
Жанға қатер болмай ма?
Күзгі лайсаң күндерде

Жатқан тыныш илсуде.
Қалса тойдан жырылып,
Сөгер бірақ мұны жұрт.
Шақырған соң арнайы,
Мақұл шығар барғаны.
Күзгі тойға бейімдеп
Сонда үстіне не кимек?
Кезікпейтін елде көп
Жаңа үлгілі тон керек.
Жүре алмасын тұр байқап,
Таппаса егер жүн байпак.
Басында жоқ тымағы,
Қайтіп үйден шығалды?
Бірақ уақыт көп әлі,
Тіктіруге болады.

5

Ұлу бағын тайдырып,
Күннің көзін шалды бұлт.
Шоптін басы шайқалды,
Белгілі сыз байқалды.
Тәтті тірлік жанағы
Ғайып болып барады.
Жиырылып бұл кенет.
Күйге түсті күйгелек.
Жатпак болып бүгіліп,
Қашты үйіне бұрылып.

6

Жер тоназып,
Күн суып,
Күз де келді күрсініп.
Қайтқан құстың кикүюы
Келтіргендей ұйқыны.

Жәндік біткен бұл күнде
Жатыр бұғып інінде.
Көнбей қысқы тұрмысқа,
Жүрген жалғыз Құмырсқа.
Күндіз мейлі,
Түн мейлі,
Кірпігін түк ілмейді.
Қойған мына илсуге
Қарауылдай бұл бейне.
Жалықтырды мүлде оны
Күздің лайсан күндері.
Төзім бітіп барады,
Жауар емес қар әлі.
Таң атса,
Күн батпайды,
Күн батса,
Таң атпайды.
Той киімі қаттаулы,
Сандығында сақтаулы.
Күткен кезде әрдайым
Басады өстіп сары уайым.

Көрген сәтте ақ қарды
Құмырсқа шын шағтанды.
Күткен күні осы күн —
Туған күні досының!
Тымақ киіп,
Тон киіп,
Шықты сыртқа қорбиып.
Ғұмыры бір кимеген
Зілдей скен бұл немен.
Салып алған қабына
Тартуы бар тағы да.
Артсаң дағы қаша жүк,
Көрген бе бұл тайсалып.
Алғашқы қар ақ кобік

Жауған бетте жатты еріп.
Байпағына су сіңіп,
Кетті бойы түршігіп.
Жасымады сонда да,
Ойлағаны той ғана.
Тәуекелге бел байлап,
Келе жатыр қорбандап.

Құмырсқа әбден болдырып,
Бейнеті көп жол жүріп,
Малшынып өз теріне,
Жетті ұлудың еліне.
Осы өңірді жайлаған
Жөн сұрады Қарғадан:
– Қарға баба қадірлі,
Білесіз ғой әр үйді.
Ұлудың ең жуаны
Қай маңайда тұрады?
– Жуық қалған шіруге
Алдындағы сұр үйде.
Ұйқтап қалған болбырап,
Оянар ма ол бірақ.

Аппақ үйдің жан-жағы,
Із түспеген қарға әлі.
Күн бұзылып тұрғанда
Кім келеді бұл маңға.
Жетіп келген елжіреп
Тек Құмырсқа ержүрек.
Қакты қонақ досының
Бекітулі есігін.
Үйдің іші тым-тырыс,
Естілмейді бір дыбыс.
Мына байқұс аман ба,
Білу керек қалай да.
Құмырсқа енді
Салды айғай,

Дауысы жер жарғандай!
– Ұлу!
Үйде бармысың?
Күтпедің бе қарды шын?
Алғашқы қар жауғанда
Тұрмын сенің аулаңда.
Егер мені елесен,
Қарсы алмадың неге сен?
Жаздай күткен той қайда,
Бүгін, сойтіп, болмай ма?

Естіп ащы айғайды,
Ұлу қатты таң қалды.
Денесіне жан кіріп,
Жатыр басы мәңгіріп.
Ток бүйірі бүлкілдеп,
Жауап қатты күңкілдеп:

– Шанқылдаған бұл қайсың?
Неге бекер қинайсың!
Зорлық сенің мынауың,
Сыртқа қайтіп шығайың!
Мынау ақ қар,
Көк мұзда
Қатып жатқан жоқлыз ба!
Айтып тұрған тойың не,
Келдің бе ұшып олуға!
Көріп тұрсың,
Бауырым,
Аш ішектей тар үйім.
Өзім зорға сиямын,
Қайтіп сауық күрайың...
– Әлде ұмытып қалдың ба,
Аунап жатып шалғында...
– Күнге қызып жатқанда
Кім де болса шатпай ма...

Алғашқы қар кетті еріп,
 Түске дейін жоқ болып,
 Күн ашылды жарқырап,
 Айкындалды тау-қырат.
 Күздің ақтық шуағы
 Жерге жылу құяды.
 Жас Құмырсқа қыбырлап,
 Қайтты қажап нығын қап.
 Толған киім бір қалқа
 Түсіп еді кымбатқа.
 Суық кезде манағы
 Бір қажетке жарады.
 Бүгін қайсар Құмырсқа
 Қатыскандай ұрысқа.
 Бір қауіпке бас тігіп,
 Жолға шыққан қасқырып,
 Қынжылды тек бір ауық
 Ұлу үшін ұялып.

ӨЖЕТ КӨЖЕК

Үш тармақ

Бірі қорқақ,
 Бірі өжет,
 Ағайынды сұр көжек,
 Тумысынан қанғыбас,
 Мекен де жоқ,
 Үй де жоқ.

Даладан дәм бұйырса,
 Тоғайға кеп бұғынса,
 Бірі бастап,
 Бірі еріп
 Жүйткі бермек күйынша.

Көз ашып,
Жер басқалы
Бұлар кімнен кашпады.
Кейде қырға,
Кейде ойға
Домалатты бас қамы.

Бейқам жатып
Қос пері
Бір күн белін шешпеді.
Бақ пен соры қоянның
Бұлтпен бірдей көшпелі.

Ембей ене уызын,
Көрмей көке қызығын,
Балаусаны бір үзім
Талшық еткен күн ұзын.

Қашқан қиып қонысын,
Көк шалғынды өрісін
Сыпырғанда
Бір аңшы
Көкссінің терісін.

Тоғай іші түнерді,
Күндер туып үрейлі.
Бауырларын ұялас
Бытыратып жіберді.

Дәме бастап,
Дәм айдап
Кеткенімен бәрі аулақ,
Осы екеуі қалыпты
Бір-біріне карайлап.

Аяқтарын қаз басқан,
Екеу жұбын жазбастан,

Аман жетті бүгінге
Айнымастан,
Азбастан.

Тас қиядан не қилы
Таймай өтіп,
Жетілді.
Кожск болса біреуі,
Біреуі елес секілді.

Түр-тұлғасы аумайды,
Қиық көз,
Дөн маңдайлы.
Екеуін ел кашаннан
Ажырата алмайды.

Бірдей басқан шиыры
Кешкен ыстық-суығы.
Екі түрлі сөйтсе де,
Мінездері,
Қылығы.
Біреуі ожет жасынан,
Бойында қан тасыған.
Астамсыған жау сөзін
Асырмайды басынан.

Қисық көзі көреген.
Жүйрік өзі жебеден.
Екі қолы тырнауық,
Екі аяғы тебеген.

Ыға бермей жаулардан,
Кейде ашады қан майдан.
Оқшелеген түлкіні
Тебеді қак маңдайдан.

Арлан тонсе арылдап,
Қашады бұл шарылдап.
Жан шошырлық ащы үні
Жаудың бетін қайырмақ.

Бірі – қорқақ белгілі,
Бес олетін кей күні.
Сылдырлатып қурайды
Қорқытады жел мұны.

Қанша қорқақ дегенмен,
Қалмақ емес елден кем.
Қиын-қыстау сапарда
Бауырына көп ерген.

Бірге қызық сейілі,
Бірге қиын жорығы.
Осы ғана Өжеттің
Ең сенімді серігі.
Соған арқа сүйейді,
Соның жолын тілейді.
Бір томардың түбінде
Құшақтасып түнейді.

Дәндейді екен
Татса кім
Жемісінен бакшаның.
Шығар емес сәбізден
Жесе бұлар сәт сайын.

Корсең болды бір қабат
Тұрады мен мұңдалап,
Сопан стер сәбізі,
Қазсаң аздап тырналап.

Тапқан майлы өңірді,
Екі көжек көңілді.

Тіс қышуы қанғанша
Жас сәбізді кемірді.

Құлақтарын жымырып,
Тұмсықтарын шүйіріп,
Тойғанша жеп жемісті
Жата берді бұғынып.

Қарауыл қарт мылтықты
Жайбарақат жүр тіпті.
Манайдағы құстарды
Қолын сермеп үркітті.

Алыпты өзі қос тігіп,
Жоқ түрінде сестілік.
Үйренген жан сияқты
Ерте жатып,
Кеш тұрып.

* * *

Бірі — қорқақ,
Бірі — өжет,
Ағайынды сұр көжек,
Кірді барып бақшаға,
Шыр байлаған,
Күнде жеп.

Жалмандатып ауызды,
Қаршыдатты сәбізді.
Екі езуден шырынын,
Сорғалатып ағызды.

Жырық ерні жыбырлап,
Қорқақ айтты сыбырлап:

— Жасырынып жатпаса,
Көрінбейді бүгін қарт.

Жаркылдап қос жанары,
Желпілдеп қос танауы.
Өжет кенет желігіп,
Бауырына қарады.

Қолындағы әлі ұзын,
Тастай салып сәбізін,
Сөйлеп кетті шаңкылдап,
Сүртіп қолмен ауызын.

— Көрінбейді дедің бе,
Болса саған сенуге.
Істеу керек бірдеңе
Қалдырмастан кейінге.

Түсінбейсің қалайша
Жаутаңдайсың жай аңша!
Өмір сүрсек қайтеді
Енді екеуміз адамша.

Сен не дейсің осыма,
Басып кіріп қосына,
Алсақ болды мылтығын,
Ар жағынан шошыма.

Онда бақтың қонғаны,
Бакша біздікі болғаны.
Қасқыр,
Түлкі табанда
Құлға айналар қолдағы.

Күнім шықты оңымнан,
Кім қалдырар жолымнан.

Аттанайық тезірек.
Ер,
Бауырым,
Соңымнан!

Өжет өстіп шаттанып,
Тұрмастан тым сақтанып,
Ойындағы мақсатын
Шабыттанып айтты анық.

Қорқақ санын бір ұрып,
Жата кеткен бүгіліп.
Басын енді көтеріп,
Жауап қатты күйініп:

— Сыйып қана теріңе.
Жүрмейсің бе жөніңе.
Отырмай-ақ қояйық
Қарауылдың төріңе.

Елігіп күр айқайға,
Лаға берме шалғайға!
Ғұмыр кешу адамша
Жазылмаған маңдайға.

Пиғылыңнан қайт енді
Аңғарсаң өз қатеңді.
Сені аяйды деймісің
Атқан адам өкенеңді.

— Жараспайды,
Жарқыным,
Маған ақыл айтуың.
Қалдырсаңшы өзіңе
Ең болмаса сарқының.

Қайтер еді әрқашан
Аяғымнан шалмасан!
Жауға жалғыз шабайын
Жат осылай,
Бармасан!

Тәускелге бел буған
Өжет тұрды орнынан.
Қалтыраған Қорқақ та
Ермек болды сонынан.

— Бас сауғалап амалмен,
Қайтіп жалғыз қалам мен.
Бара жатса бауырым
Айқасуға адаммен.

Басқан сайын ілгері
Бойды үрей биледі.
Қос алыстап кеткендей,
Көріп жүрген күндегі.
Дірілдеген тақымы
Қорқағы мен батылы.
Санап басып аяқты,
Қосқа жетті ақыры.

Босағада кідіріп,
Құлақтарын жымырып,
Үңірейген қуысқа
Қарай берді үніліп.

Қос ішіне қаранғы
Төрт көз ұзақ қадалды.
Анық көрді барлығын,
Көре алмады адамды.

Паңдық бітіп өңіне,
Пісіп енді деміне,

Батыл басып
Шықты Өжет
Қарауылдың төріне.

Масайрады бұл тіпті
Көрген кезде мылтықты.
Қалын елдің алдында
Бір атуға ынтықты.

Жіберместейі тірі енді,
Сан ұшырған үрейді,
Суық темір түр еді
Қабырғаға сүйеулі.

Көрген кезде алыстан,
Секілді еді майысқан.
Ағаш скен құндағы,
Бау тағыпты қайыстан.

Басып ішкі желігін,
Орнықтырып көңілін,
Тістеп көрді ағашын,
Ұстап көрді темірін.

Шығарарда сыртқа алып,
Қарай берді сұктанып.
Құдіретті қаруын
Көрсетпекші жұртқа анық.

Қара темір сүйекті
Үзетіндей білекті.
Сезген сәтте осыны
Жүрегі бір су етті.

Әкетнесе сүйрелеп,
Бар жоспары күйремек.

Ұстап қайыс бауынан
Қорқағы да жүр демеп.

Сыртқа, әйтеуір, шығарып,
Қалды ептеп қуанып.
Тетіктерін тексеріп,
Көру керек бір ауық.

Тілін біліп алмаса,
Мылтық ұстау далбаса.
Онда сенен ықпайды
Сұңқар түгіл,
Сары маса.

Әлдемдегі бар мықты
Қоюы үшін жаулықты...
Кенет...
Мылтық тарс етіп,
Айналаны жаңғыртты.
Көрген Қорқақ көп өліп
Кеткен мүлде көгеріп.
Қос алдында көлденен
Сұлап жатыр серейіп.

Өжетке де бір қатты
Сокқы тиген сияқты.
Қара мылтық қасында,
Шалқасынан құлапты.

Қалай сонда мұнысы?
Токтамаған тынысы.
Кенсірікті кесердей
Көк түтіннің иісі.

Құлап түсіп қас қағым,
Көтерісті бастарын.

Кейін ұқты
Сол сәттің
Көзді қалай ашқанын.

— Атқан кім деп бұл оқты? —
Аң-күс бірден шу етті.
Бейқам елді шошытып,
Жаралапты жүректі.

Қарға түйін қабақты,
Жұртты аузына қаратты:
— Кожек болты қарауыл! --
Деген хабар таратты.

— Келе атса мылтығын,
Бермес елге бұл тыным! —
Деді түгін дүрдітіп,
Ақсақалы кірпінің.

Борсық шықты інінен,
Жан шошырлық түрінен.
-- Тәтті ұйқымды бұзған кім,
Кешірмесің мұны мен!

Жүрген жана әзілден
Қатты ашынды қаз-үйірек:
— Кім тартады кінәні,
Кетсек егер жазым боп!

Аттан қосты ойбайға
Әнші бұлбұл,
Торғай да:
— Біз көнбейміз қорқытып,
Өнерпазды қорлауға!

— Бастап жүрген сұмдықты
Шықсын бері бұл мықты! —

Деп көктегі қалың құс,
Жердегі аң дүрлікті.

Шошытам деп жауларын,
Шулатып бар аймағын,
Ағайынды сұр көжек
Тасқа соқты маңдайын.

Жанарлары жаудырап,
Құлақтары салбырап,
Құр қол қайтып барады,
Көңілдері жай бірақ.

КӨЗӘЙНЕКТІ КӨЖЕК

Бірі – қорқақ,
Бірі – өжет
Ағайынды сұр көжек
Келе жатты орманда
Әзіл айтып,
Тіл безеп.

Қорқақ кенет кідіріп,
Өжетке айтты қиылып:
— Түспей қасқыр көзіне
Отырайық бұғынып.

Ежелден өр кеуделі
Өжет қолын сермеді.
— Жок қасқырдан қорқатын
Сужүрекің сен! — деді.
— Өжет,
Олай ойлама,
Өз тегінді қорлама.
Бәрі қорқақ қоянның,
Ермін дейтін сен ғана.

— Кілең үрей ұдайы,
Бізді қамап тұрады.
Текке жүрген қоянды
Қасқыр неге қуады?

— Өзі мықты,
Өзі елгі,
Жүрегі отты,
Көзі отты
Қасқыр болып қайтеді,
Қумаса егер көжекті.

— Бекер қорқып-бұғуға,
Болмайды ғой, шынында,
Түбінде мен жарармын
Қасқырды бір қууға.

— Өжет,
Өйтіп асқынба,
Қыр көрсетіп Қасқырға!
Торып жүрсе қайтесін
Мына қырдың астында?

— Жасытпақшы бұл мені
Амалымен күндегі.
Құр мылжындап қайтеміз,
Жалтақтамай,
Жүр бері.

Ырғи беріп ілгері,
Өше қалды үндері.
Жатыр екен қос әйнек,
Бар күрсауы,
Ілгері.

Ерні зорға қыбырлап,
Айтты Қорқак сыбырлап:

— Бір сұмдықты сезді ме,
Жүрек кетті суылдап!

Жатпады көп ойланып,
Тұрды Ожет қомданып:
— Көздей ғана немені
Көрейінші мен барып!

— От басасың,
О, бала,
Маңайына жолама!
Қақпан шығар...
Кім білсін,
Сактанбасқа бола ма.

Ожет сөзге көнбеді,
Қолын бір-ақ сермеді.
Аллы барып абайлап
Көзәйнекті жердегі.

Әрі-бері аударып,
Үңіледі таңданып,
Көк шалғынның ішінде
Қорқақ жатыр жан бағып.

— Қалмау үшін қақалып,
Елген дәмін таталық, —
Өжет жалтыр әйнекті
Салды аузына апарып.

Ожет сөзі дем беріп,
Қорқақ келді ерленіп:
— Өзін болып,
Мен болып,
Жеп алайық тең бөліп.

— Дәмі қандай мынаның,
Түсінбедім, шырағым, —
Өжет мұрнын шүйіріп,
Қасып қойды құлағын.

— Жетер жеке жегенің,
Дәмін мен де көрейін,
Ас па,
Тас па,
Әп-сәтте
Ажыратып берейін.
— Сужүрегім,
Сабыр ет,
Түршы өзін әрірек.
Тас секілді пәленің
Тіпті мүлде дәмі жоқ.

— Тек аузыма салайын,
Болмаса бір жалайын!
— Жалай қойшы,
Пысылдап
Барады екен танауың.

Бір татпаған ғұмыры
Салды аузына шынышы.
Бірнеше рет сорған соң,
Тарады бар күдігі.

— Сүйкімсізін дәмінің,
Өзін жей ғой, бауырым.
Үнатамын мен өзім
Шөптің тәтті тамырын.
— Кейін қарын тойғанда,
Бәлкім, жарар ойнауға.
Апарайық қиратпай
Олжамызды орманға.

Бірі – коркак,
Бірі – өжет,
Ағайынды сұр кожек
Жетті жүйткіп орманға,
Қарын ашып,
Күйді озек.

Қоректеніп алғасын,
Сусындары қанғасын,
Екі көжек отырды,
Ермек етіп олжасын.

Таңып көріп жонына,
Алды қайта қолына.
Іліп көріп мойнына,
Ұнатпады оны да.

Киіп еді сиракка,
Суси берлі бірақ та.
Ақыры қос ілгегін
Асты апарып күлакка.

Жонді шықты мұнысы,
Осы шығар дұрысы.
Екі көздің алдына
Қона қалды шынысы.

Міне, қандай тамаша!
Кетті өзі жараса.
Көрінеді бәрі айқын
Шынысынан қараса.
Қыраттарлы,
Сайларды
Өжет еркін шарлайды.

Жаркыратып әйнегін
Қорқытады аңдарды!

Басталғанша жорығы,
Басылмады желігі.
Би биледі,
Ән салды,
Алып-ұшып көңілі.

— Көзәйнекті көжекпін,
Елден ерек өжетпін!
Ештеңеден,
Ешкімнен
Қорықпағанға не жетсін!

Жауға бермес енді аған,
Сужүрегім, ер маған!
Қайтарайын кегінді
Қасқырлардан қорлаған!

Кейін мүмкін сенбеуін,
Ерлігімді көр менің!
Өмір бойы есіңде
Жүреді бұл серуенің!

* * *

Бірі — қорқақ,
Бірі — өжет
Ағайынды сұр көжек
Кездесті де Қасқырға,
Тиісті Өжет
Тіл безеп.

— Әй, қанішер!
Неменс,

Аншы қуып келе ме?
Сәлем берсең қайтеді
Алдыңдағы төрсеңе.

Ырылдайсын несіне,
Пысқырмаймын сесіңе!
Қуғаныңды кешегі
Түсірші өзің есіңе.

Кеткен менің көп есем,
Қайырмайсың неге сен?
Көжек атым құрысын,
Қазір сені жемесем!
Сырттан бәрін бақылап,
Қорқак кетті қалтырап:
— Ойбай!
Есің дұрыс па,
Аузыңды жап,
Акымақ!

Намыс буып,
Қорланып,
Тұрды Қасқыр долданып.
Бір ұмтылып бұларға,
Сәл кідірді ойланып.

“Қорқак көжек кәдімгі
Неғып бүйтіп қағынды?
Әлін білсе не етеді,
Қайтіп шаппак қанымды?!”

Бір толғасам,
Ексеуі
Кенірдекке кетеді.
Анық қоян екені,
Қыр көрсету

Не тені!
Қояндарлын қай кегі
Қайтушы еді, зәндемі?!
Бірақ...
Мынау бір түрлі...
Шатынап түр әйнегі!

Ойлаған жөн мұны да
Бекер алмас қырына...
Бекер емес!
Бар нәле
Көзіндегі шыныда!"

Үрей жеңіп,
Түңіліп,
Жарау белі бүгіліп,
Қашты қасқыр бүкендеп,
Кері қарай бұрылып.

* * *

Бірі — қорқак,
Бірі — өжет
Ағайынды сұр көжек
Кездесті де Түлкіге,
Тиісті Өжет
Тіл безеп.

— Аялдашы,
Аруым,
Жарылқасын тәнірім!
Бой бітімнің бөлсек-ау,
Көз ұшынан таныдым.

Бірақ маған құбылма.
Уақытым жоқ тұруға.

Әзілқой деп ойлама,
Ашулымын, шынында.
Кеткен сенде көп есем,
Қайырмайсың неге сен?
Көжек болмай кетейін,
Бүгін сені жемесем!

Қоркак кенет ерленіп,
Қойды бұған дем беріп:
— Қасқырды да қылғыдық,
Жей салайық тең бөліп.

Жымиғансып зорланып,
Түлкі түрлы қорланып.
Бас салмақшы болды да,
Сәл кідірді ойланып.

“Қоркак көжек кәдімгі
Бүгін неғып қағынды?
Тазы болса бір басқа,
Төгер еді қанымды.

Жайратпақшы түлкіні!
Қандай жаман күлкыны.
Жедік дейді қасқырды,
Жай әңгіме күлкілі.

Шошытпақ боп зәндемі
Мылжындайды әрнені!
Бірақ... Озі бір түрлі
Шатынап түр әйнегі!

Ойланған жөн мұны да,
Бекер алмас қырына.
Бекер емес!
Бар пәле
Көзіндегі шыныда!”

Батпай тура карауға
Түлкі көшті амалға.
Көжектерге иіліп,
Мын құбылды табанда.

Бұландатып құйрығын,
Асырды бір кулығын:
— Қарандаршы,
Мырзалар,
Қандай ашық күн бүгін!

Сығырайып жанары
Көжек күнге қарады....
Түлкі болса зымырап
Қырдан асып барады.

* * *

Бірі — қорқақ,
Бірі — өжет
Ағайынды сұр көжек
Кездесті де Тазыға,
Тиісті Өжет
Тіл безеп.

— Қайдан шықтың серендеп,
Ойлама қан төгем деп.
Келді менің кезегім,
Қайыратын сенен кек.

Ата жауым сен едің,
Сыбағанды берейін.
Омыртқанды опырып.
Қабырғаңды сөгейін!

Бауырына бұрылып,
Айтты Қорқақ бұйырып:

– Серейте сәт мұны да.
Шекесінен бір ұрып!

Намыс қысып,
Қорланып,
Тазы түрлы долданып.
Бір оқталып қууға
Сәл кідірді ойланып.

“Қара мұның кеселін.
Бола қоймас есебің.
Жүндей түте салармын
Жиналсаң да нешеуін!
Қырдың қорқак қояны
Қылжақтамақ болады.
Кемігенмен қайратым,
Тазымын қой мен әлі!

Сендейлердің дәрмені
Маған мәлім, зәндемі!
Бірақ...
Мына бір түрлі...
Шатынап түр әйнегі!

Ойлаған жоң мұны да.
Бекер алмас қырына.
Бекер емес!
Бар пәле
Көзіндегі шыныда!”

Кәртең тартқан шағында
Басын тығып бауырға.
Тұңғыш рет қояннан
Тазы қашты ауылға.

* * *

Бірі — қорқак,
Бірі — ожет
Ағайынды сүр кожек
Қайтқан кезде жорықтан,
Шыркады Өжет
Бір кезек.

— Каскыр,
Түлкі,
Тазыға
Айттық біраз базына.
Бұйырмалық біреуміз
Аңқаулардың аузына.
Бұрын бүйтін жортпаған
Бір мұратқа жетті аған.
Қандай қызык қорқытқан.
Қандай бақыт қорықтаған!

КӘДІМГІ КӨЖЕК

Бірі қорқак,
Бірі ожет
Ағайынды сүр кожек
Күндіз бірге ойнайды,
Қоректерін бірге жеп.

Отырып қос түбірге,
Тынығады іңірде,
Кеш қараңғы тартқанда,
Жайғасады бір інге.

Шошитын аң атаулы
Көзөйнегін қаһарлы
Бас жағына жасырып,
Үйықтайды ел қатарлы.

Ұмыттырып қайғыны,
Еткен елге әйгілі
Осы әйнекке
Таңулы
Екеуінің тағдыры.

Көзәйнегі барында
Қадірі артты қауымға.
Жүрген жоқ па
Ықтырып
Жолдасын да,
Жауын да.

Жарқыратып кигенде,
Желік кірер бір демде.
Желеу іздеп тұрады
Әзілдеуге,
Тілдеуге.

Шолған болып шалғайды,
Маңайға көз салмайды.
Жылмаң қаққан түлкілер
Тура қарай алмайды.

Осы орманға
Екеуі
Еркін билік етеді.
Қасқыр,
Қарсақ қымсынып,
Сәлем беріп өтеді.

Жастан қолдан баптаулы,
Құмай тазы мақтаулы
Аңшы айтақтап тұрса да,
Көжектерге
Батпайлы.

Бойын қайрат кернеген,
Қүдіреті зор деген
Арыстан да
Бұларға
Тұра қоймас қолденең.

Көк перісі қыран да,
Шүйілмейді бұларға.
Мұндай атак,
Мұндай бақ
Біткен емес бір аңға.

Болған сайын әйгілі,
Асқан сайын айбыны,
Адамзатқа
Асқынды
Араздығы,
Жаулығы.

Мылтық ұстап оқтаулы,
Қояр емес жортқанды.
Көзәйнекті көжекпен
Өздері әлі
Қорықпайды.

Бір шарасы оның да
Жүреді екен ойында.
Айтты Өжет осыны
Бір әңгіме сонында.

— Бізді аңдитын айнала
Адам атты жау ғана.
Бір қорқытып,
Өздерін
Келтірген жөн тәубаға!

Күтпеген дәл осыны,
Қорқақ қатты шошыды.
Өз бастарын жұтпаса
Өжеттің бұл шешімі.

Бақырайып көзі оның,
Күтті сөздің кезегін.
Орағытып,
Майдалап
Жеткізді ақыры өз ойын:

— Елге мәлім сиқыры
Жеңдік қызыл түлкіні.
Қазір мүлде мүләйім,
Байланғандай
Қу тілі.
Жарған талай торыны,
Жан шошырлық жорығы,
Жоламастай еттік біз
Маңымызға
Боріні.

Мықты деген қазығы,
Гайсақтаттық тазыны.
Аузын әсте ашпайды,
Қағылғандай
Азуы.

Қыр көрсету соларға
Аз ерлік пе қоянға.
Көзіңдегі әйнектен
Адам қорқа қояр ма.

Адам деген тақсырға
Аузыңды анық аштың ба?
Алды-артыңды абайла,

Менменсінбе,
Асқынба!

Өсіп кеткен көз еті
Тыңдар емес Өжетті.
Келсе керек өзінің
Желігетін мезеті.

— Жетер осы езгенің,
Су татиды сөздерің!
Өз аузыңды жабуға
Жарамай ма
Өз қолың.

Қара басын ойлаған,
Сен қорқақсың,
Сорлаған!
Ең болмаса,
Қызық қор,
Есінді жи,
Ер маған!

* * *

Бірі қорқақ,
Бірі ожет
Ағайынды сұр көжек
Үлкен жорық үстінде,
Әзіл де жоқ,
Үн де жоқ.

Өжет киген әйнегін,
Орындамақ әлгі ойын.
Жалтақтайды қорқағы,
Қалыңқырап сол кейін

Самайдан тер тамшылап,
Екі аяғын қайшылап,
Өзі салған сүрлеумен
Келе жатты Аңшы қарт.

Екі көжек андыған,
Шыға келді алдынан,
Шалкасынан құлады,
Шошын кетіп
Шал бұдан.

— Батырекем,
Солай ма!
Қош келіпсіз тоғайға!
Жалынарсыз сіз бүгін
Тұңғыш рет
Қоянға!

Намыс қуған екеуміз,
Қайда біздің көкеміз?!
Киіп алып терісін,
Қызып жүр ме
Шекеніз?

Біздің ата жауымыз,
Қиын болар халіңіз!
Боршаламай тұрғанда
Жолыңызды
Табыңыз.

Сізге қояр шартымыз —
Жауыздыقتан қайтыңыз.
Көзәйнекті кожектен
Аулық жүрсін
Халқыңыз!

Бірі — қоркак,
Бірі — өжет
Ағайынды сүр көжек
Жерде жатқан аңшыны
Жіберердей мүлде жеп.

Қос жанары бұлдырап,
Тастағандай ұрғылап,
Мылтығына сүйеніп,
Тәлтіректеп
Тұрды қарт.

Мына екі жүгірмек
Қояр емес дігірлеп:
Есеңгіреп сөйледі
Ерні ғана күбірлеп:
— Қалып тұрмын
Мен қайран,
Жандай шошып оянған,
Әйнегімді жоғалған
Көріп мына қояннан.

Байқасамшы мен мұны,
Болды сыры белгілі.
Менің жаман әйнегім
Есірткен ғой сорлыны.

Сыбдыр етсе жапырақ,
Жаны шығар ақымақ.
Шошытқан-ау аңдарды
Көзәйнегі шатынан.

Көрінгенге күпініп,
Тентек ұлша құтырып,
Даңдайсуын қарашы,
Тазыдан да,
Құтылып.

Жүрген мына тайрандап,
Қос көжекке қайран қап:
— Көзәйнекті әкел!— деп,
Жіберді қарт
Айқайлап.

Қорқытыпты бұрын жай,
Аңқауларды бірыңғай.
Тосын шыққан дауыстан
Тұра безді
Құйындай.

Көзінде ме,
Қайда еді,
Ұшып кеткен әйнегі.
Өткені ғой басынан
Батырсынған дәурені.

Бүгінгідей ойында
Болғандай бас жоюға.
Серілік те,
Ерлік те
Қалмапты енді бойында.

Жансауғалау оңай ма,
Жетті ентігіп тоғайға,
Айналды олар кәдімгі
Су жүрек сұр қоянға.

* * *

Аңшы әуелі қорланып,
Көзәйнегін келді алып.
Жайлап сүртіп
Кигенде
Айналасын көрді анық.

Ашу тарап бойдағы,
Байсалдырақ ойлады.
Абзалы,
Әр нәрсенің
Өз орнында болғаны.

Тоғай ішін мекендеп,
Пана тауып екеулсп.
Қарауылға ілінбей
Жүре берсін сскендеп.

Такпаса да шыныны,
Шықпаса да бүйірі,
Қымбат шығар қоянның
Қорқып сүрген ғұмыры.

ЖҮЗ ЖАҢЫЛТПАШ

1

Алты жасар Ақан ғана
Ауылдағы сақау бала.
Таяқты да таяқ дейді,
Таракты да таяқ дейді.
Қаймақты да қаймақ дейді,
Қармақты да қаймақ дейді.

2

Семіз доңыз сегізден туар,
Семіз саулық егізден туар.
Сегізден туған доңыздан торі
Егізден туған қозым көп шығар.

3

Ала жайын айбарлы
Жағалауда аунайды.
Көк айдыннан телегей
Шығып қалған кемедей.
Терең ордай сасыған
Аузы үлкен басынан.
Мұрты ұзын тұрқынан,
Тұрқы ұзын мұртынан.

4

Бізде “бес” ала алатындар да бар.
Ән сала алатындар да бар.
Мал баға алатындар да бар.
Нан соға алатындар да бар.

5

Қасқа болсын,
Шақта болсын,
Тақыр болсын,
Бақыр болсын,
Бірақ баста
Ақыл болсын.

6

Айбалта өткір ме,
Жай балта өткір ме?
Жай балта өткір ме,
Айбалта өткір ме,
Қай балта өткір?

7

Саматқа санақ қонатын емес,
Саусағын санап болатын емес.
Онысы кейде кем болып шығады,
Кейде кенет он болып шығады,
Кейде тіпті мол болып шығады,
Ессбі сөйтіп өзгеріп тұрады.

8

Құланның құнан оза ма,
Құнанның құлан оза ма?
Құнан да құлан сияқты,
Құлан да құнан сияқты.
Жібермес тұяқ тұяқты.

9

Қаққанда бөрнеге,
Қисайды шеге неге?
Шегенің өзінен бе?
Ағаштың безінен бе?
Балғаның сомынан ба!
Баланың қолынан ба?
Белгілі енді бәрі,
Біздіңше, қол кінәлі.

10

Жолаушыны арбалы
Тонаушылар байлады.
Қырда жортқан көп аңшы
Тонаушыны байлады.

Жолы болған жолаушы
Қара жолмен заулады.
Тонаушылар байлаулы
Жаралы аңша аунады.

11

Тастай ауыр ақ сақам,
Ақ сақаммен жақсы атам.
Жақсы атқаным емес пе,
Ұлдарды зар қаксатам.

12

Тана тағып, тай мінген,
Шапан жауып, нар мінген,
Мал жинаған әркімнен
Табыскерге таңмын мен.

13

Айналайын, Майлаяғым,
Сырттанысың сары даланың.
Қансонарда шалған аңның —
Қанжығама байлағаным.

14

Көк аспанда жұлдыз бар,
Қара суда күндыз бар.
Жұлдыз түнде жылтырар,
Күндыз күндіз жылтырар.

15

Сотқарлықтан мүйіз шықса шекеге,
Токтар сотқар айналмай ма тексеге.
Ендеше оның тоқтарлығы сотқарлық,
Не болмаса сотқарлығы тоқтарлық.

16

Тетелес екеуіміз.
Біріміз — көкеміз,
Біріміз — бөпеміз.
Егессек екеуіміз,
Қызарып шекеміз,
Бөтен боп кетеміз.

17

Әппақ күлше секілді оттан шыққан,
Әппақ қыздар көбейді оқтау жұтқан.

18

Алатауда неше мың шың бар?
Қаратауда неше мың шың бар?
Алатауда бір мың шың бар,
Қаратауда бір мың шың бар.

19

Жай қарап жүргенің —
Ай қарап жүргенің.
Ай қарап жүргенің —
Жай қарап жүргенің.

20

Араның тісі қыши ма,
Баланың қолы қыши ма?
Ара тісі қышымаса,
Балаларды шағар ма?
Бала қолы қышымаса,
Ойыншығын шағар ма?

21

Ағасы қарындасын іздеп жүр,
Қарындасы қарындашын іздеп жүр.
Ағасына қарындасы керек,
Қарындасына қарындашы керек.

22

Тойымсыз қомағайлар да көп,
Шабакшыл шорағайлар да көп.
Шатакшыл одағайлар да көп,
Тек қана толағайлар жоқ.

23

Торы атты да жараттым,
Кер атты да жараттым.
Тынысы кең торы аттың,
Екпіні зор кер аттың.

24

Ұртымда бір құртым бар,
Құртым тынбай бұқтыңдар.

Құртым бітті езіліп,
Ұртым кетті созылып.

25

Құс келді,
Қыс кетті.
Қыс келді,
Құс кетті.

26

Шідерімді іздедім,
Күдерімді үзбедім.
Табылғанша шідерім,
Үзілмейді күдерім.

27

Ала қоржыннан қонжық шықты,
Қонжыққа еріп борсық шықты.
Борсықтың майы қалыңырақ,
Борсықтан қонжық ауырырақ.

28

Қадалған денеме
Шеге ме, жебе ме,
Кене ме, немене?
Тыныштық берем бе?

29

Оқуға салақтар
Тек кітап парақтар,
Сабақта алақтар,
Далада далақтар.

30

Қырық сырық,
Шірік сырық,
Сынып-сынып,
Бітті құрып.

31

Ноқталап мінген ала тайлағым
Тайрандап шапты дәу атандайын.
Дуылдап кетті алақандарым,
Токтаған шақта алақайладым.

32

Туыстардың қаны мен қамы аралас,
Ауылдастың малы мен дәмі аралас,
Азаматтың бағы мен дауы аралас,
Бұл жалғанда болады бәрі аралас.

33

Көлден ұшқан көп үйрек
Бұрынғыдан көбірек.
Тыныш екен төңірек,
Кобеймеске жөні жоқ.

34

Атасы батасын берді,
Апасы малтасын берді.
Батаға арқасы қозды,
Малтаға қалтасы толды.

35

Бір атаксыз арал екен,
Арал толы марал екен,
Жас маядай маралдарды
Арал өзі бағады екен.

36

Шаңкылдап ұшқан ақ шағалалар
Шабакты шапшаң қақса ғана алар.

37

Базардан қауын алдым,
Қауынның дәуін алдым.
Қақ жарып дәнін алдым,
Бір тіліп дәмін алдым.

38

Ала жаздай бал аралары
Сай аралады,
Дала аралады.
Шүпілден тұрған шаралардағы
Мысқалдап жиған сары ала балы.

39

Бір қап күртты
Ұрлап күртты.
Осы сұмдық
Қинап бітті.
Сұық қолды
Жұмбақ тіпті.

40

Тау сияқты тамырсыз,
Мал сияқты бағусыз,
Күм шағылдар қайырсыз
Көше берер дамылсыз.

41

Асқардың қысы да қыс,
Жазы да қыс.
Асса асар,
Аспаса аспас
Басынан күс.

42

Кетпеннің басын басса,
Тиеді сабы басқа,
Ал егер сабын басса,
Тие ме басы басқа?

43

Қан жайлау жақсы ма,
Сары жайлау жақсы ма?
Қай жайлау жақсы?
Ойланбай айтшы.

44

Қаймақты айырдым,
Тайлақты қайырдым.
Қаймағым май болды,
Тайлағым мал болды.

45

Барса келмес — барса келмейтін,
Келсе бармайтын жер емес.
Барып-келіп жүргендер де,
Барғысы келіп жүргендер де жоқ емес.

46

Шапанымда сан қалтам бар,
Қай қалтамда сары малтам бар?
Малтам жалғыз, қалтам сансыз,
Тапқан алсын, малтам даусыз.

47

Құр қайтпасын ала қабыңыз,
Шөлін бассын балаларыңыз,
Ал қарбыз ала барыңыз,
Қара қарбыз ала барыңыз.

48

Көл бетінде көгілдір
Бес момақан көгілдір
Қос аққудың соңынан
Көлеңкеше еріп жүр.

49

Бөгелек қандай,
Көбелек қандай?
Бөгелек улы,
Көбелек нұрлы.

50

Сақалымды шырпып киіп,
Самайымды қырқып киіп,
Етігімді сүртіп киіп,
Тымағымды сілкіп киіп,
Пырағыма кеттім мініп.

51

Жылтыр мұздай тайғанақ
Қарауытқан жарқабақ.
Жарқабақтың жарығын
Паналайды жарқанат.

52

Теміртаудың темірі көп,
Қарағандының көмірі көп.

Темірлісіне көмір керек,
Көмірлісіне темір керек.

53

Ағама ат тағалаттырдым,
Жеңгеме жалын тазалаттырдым,
Анама токым жаңалаттырдым,
Өзім бәрің қадағалап тұрдым.

54

Көбік қарлы қарашада,
Қомдап мініп жаңа шана
Ойнап жүрген бала-шаға
Таратпаса, тараса ма.

55

Шық бермейтін Шығайбай,
Түк бермейтін Шығайбай –
Барлығы бір Шығайбай.
Айнымайды әманда
Шығайбайдан Шығайбай.

56

Сабада да қымыз бар,
Шарада да қымыз бар.
Сабадағыны пісіп іш,
Шарадағыны күйіп іш.

57

Қалың жауды ақша қар,
Ақ мамықтай ақша қар.
Ауламызға тұрғыздық
Ақша қардан ақ шаһар.

58

Мініп алып қайыққа,
Салдым ауды Жайыққа.
Тарылмады Жайық та,
Жарып қалдым балыққа.

59

Қырдын қызыл көбелегін
Қуаласам деген едім.
Үстіне жас шөмеленін
Бір аунасам деген едім.

60

Атам ағаш шапты,
Аппак жаңқа шашты.
Жаңқаны отқа жағып,
Апам тамақ асты.

61

Қозының көгенделгендері маңырап тұр,
Көгенделмегендері жамырап жүр.

62

Түйе маған
Шұбат берді.
Шұбат маған
Қуат берді.

63

Тоғайда шоғайна
Жабысар борбайға.
Кей бала ондайда
Басалы ойбайға.

64

Айтқанымнан қайтпаймын.
Айтқанынан қайтқанды
Азамат деп айтпаймын.

65

Жуан жігіт жуан атты
Қуа-қуа дуадақты,
Ұстай алмай дуадақты,
Жуан атын тұралатты.

66

Қаштым қатты-ақ,
Үшты қалпақ,
Балақ сатпақ,
Аяқ батпақ.

67

Жайшылықта сақпаным бар,
Қасқыр шапса, “аттаным” бар.
Сақпаныммен коі кайырам,
“Аттаныммен” қасқырдан айырам.

68

Бір тағысын даланың
Бір тағымен шаламын.
Аман болса қыраным,
Жаман болмас тымағым.

69

Ойпаңдардан алған жұлып,
Қойнауларда қалған бұғып
Қаңбақтарды қара дауыл
Бара жатыр малдай қуып.

70

Сабакты қайталауын
Қайталағанмын,
Сұраққа бірақ жауап қайтара
Алмадым.

71

Меймандар ардақты
Жай жатты,
Мінеки, ай батты,
Таң атты.

72

Әппақ қардай жейдем,
Жуып берген жеңгем.
Кірлегенін терден
Біледі ғой жеңгем.

73

Мынау оншен жаңа алаша,
Сары алаша, ала алаша.
Жаңаша егер бағаласа,
Бір қаралық әр алаша.

74

Қой тұяғы батқан жерге
Қараң-құраң қак тұрар.
Ат тұяғы батқан жерден
Асау бұлақ атқылар.

75

Тұмсығы балғаға айналар,
Балғасы қайлаға айналар,
Қайласы қайыңға қайралар
Тоқылдақ тоғайлы сайда бар.

76

Көз тартатын жарқырап,
Алтыным бар жарты қап.
Тоқсан тоғызы тай тұяқ,
Сексен сегізі қой тұяқ.

77

Жаз шыққанда
Түн қысқарар
Қыс түскенде
Күн қысқарар.

78

Тостағаның толар-толмас
Ас ішесің тояр-тоймас.
Күні бойы тындыратын
Жұмысың да болар-болмас.

79

Баяғыда Арқарлы
Болса керек арқарлы,
Болмаса егер арқарлы,
Атала ма Арқарлы?

80

Ағаш кессе аралап,
Алар қолын жаралап.
Әрі салақ, әрі олақ
Бала болған жаман-ақ.

81

Қызыл түлкі қылт етті,
Қара мылтық дүңк етті.
Қызыл түлкі сылқ етті,
Аңшы мұрты бүлк етті.

82

Көкем салқын сүтті
Қылқылдатып жұтты.
Бұлтыңдатып ұртын,
Сүртті сұлу мұртын.

83

Қайда құрған қақланым,
Қақланымды таппадым.
Қоян сүйреп қашыпты
Ойып ордың ақ қарын.

84

Шеген атам шебер елі,
Елден асқан қол өнері.
Кесте болып түсе-тұғын
Ерге қаққан шегелері,

85

Тықырайған жалы әлі
Мынау қандай жабағы?
Жабағы деп тұрғаным
Құлан шығар жабайы.

86

Сарқырайды Ақжайық,
Жарқырайды ай жарық.
Келе жатыр нән қайық,
Көк айдынды қақ жарып.

87

Апама ине сабақтадым,
Далаға жиі қаракталдым.
Тайымның жалын тарақтадым,
Оқусыз қалды сабақтарым.

88

Тұлпардан тұлпар озбаса,
Сұңқардан сұңқар озбаса,
Тұлпардан сұңқар озбайды,
Сұңқардан тұлпар озбайды.

89

Қанағатсыз Қанағат —
Толмайтуғын қара қап.
Дастарқанды жағалап,
Ас ішелі шаралап.

90

Әжем тамақ асты,
Мәжен жағаласты.
Әжем кесе жуса,
Мәжен ала қашты.

91

Жағалауда көп шатыр,
Аспан түстес көк шатыр.
Ақ шабакша шоршып жүр
Көк айдында көп батыр.

92

Сары жайлау жайлағаным,
Кілең күрен айдағаным.
“Сарыжайлау” салған әнім,
Базарбайдай бай баламын.

93

Шалбарын тапса,
Байпағы жоқ,
Байпағын тапса,
Қалпағы жоқ.
Салақтың сондай
Салпағы көп.

94

Кендірден кенеп шығар,
Кенептен елек шығар,
Електен кебек шығар.
Кебек те керек шығар.

95

Тайға тоқым сал, балам,
Сайға тоқты жай, балам.
Тоқтың қойға айналса,
Төлге толар айналан.

96

Қырық пышактан қашайық,
Қырық күшакты ашайық.

Қырық пышак дегенді
Қырық күшак жеңелі.

97

Жау табу оңай,
Мал табу қиын.
Алты алу оңай,
Қайтару қиын.

98

Айдың толғаны —
Айдың ортасы болғаны.

99

Аузында сау тіс жоқ,
Білегінде күш жоқ,
Көрмеген түк істеп
Қайтіп қымыз піспек.

100

Қара күйын далада соғады,
Ала күйын адамда соғады.
Даланың қара күйынынан
Адамның ала күйыны жаман.

МАЗМҰНЫ

БАЛАБАҚТА

| | |
|-----------------------|----|
| АСЫҒУ | 3 |
| ТАҢЕРТЕҢ | 3 |
| КЕШКІЛІКТЕ | 4 |
| ЕРЕКШЕ КҮН | 5 |
| АПТАНЫҚ АЯҒЫНДА | 8 |
| ДЕМАЛЫС | 8 |
| МАУСЫМДАР | 10 |

КОКТЕМ КҮНДЕРІ

| | |
|----------------------------|----|
| НАУРЫЗ | 10 |
| СОҢҒЫ ҚАР | 10 |
| ТЫРНАЛАР | 11 |
| ҰЯ | 11 |
| ЖАҢБЫРДАН СОҢ | 11 |
| КҮРЕС | 12 |
| СЕКІРМЕК | 12 |
| КӨБЕЛЕК | 12 |
| ЖАЛАУ ӨСІП ТҮРҒАНДАЙ | 13 |
| СЕҢ | 13 |
| ТҮНДЕ | 14 |
| АШЫҚ КҮН | 14 |
| ТІС | 15 |
| ОРЫНДЫҚ | 15 |
| БІР АТТА | 15 |
| “ДӘРІГЕР” | 16 |
| АЯҒЫ АУЫР ЖЕҢГЕМНІҢ | 17 |
| АҚЫЛ ТІС | 18 |
| КЕРЕК | 18 |
| БАЛА МЫСЫҚ | 18 |
| ЖҮЛДЫЗШЫ | 19 |
| АСАР | 22 |
| ДӘУ ЕМЕН | 22 |
| ЖАРЫС | 30 |
| БЕС ҚАРУ | 30 |
| МАУБАСТАР | 31 |
| ҚҰРДАСТАР | 31 |
| ИС | 32 |
| ТАЛАП ПЕН САҒАТ | 32 |
| АСАННЫҢ АМАТЫ | 33 |
| КӨЛЕҢКЕ МЕ, БАЛА МА? | 34 |
| ШЫНЫҒУ | 34 |

| | |
|-------------------------------|-----|
| КЕРІКТІҢ МОЙНЫ | 35 |
| КУЛЫҚ | 36 |
| БАЙЛАУЛЫ БАЛА | 36 |
| АСЫҚШЫ | 38 |
| ҚОНАҚ КЕЛГЕНДЕ | 38 |
| “ҚАРА ТЕҢІЗ” | 39 |
| СӘЛІМ “БАТЫМ” АТАНБАҚ | 40 |
| АРЫСТАНМЕН АЙҚАС | 40 |
| ЖАҚСЫ МЕН ЖАМАН | 41 |
| ОТКІНШІ | 43 |
| ЕРДЕННІҢ “ЕРЛІГІ” | 45 |
| ЕҢБЕКТІҢ ЕҢ ТӘТТІСІ | 46 |
| АРАША | 47 |
| ҚЫРЫҚ СЕРКЕШТІҢ ХИКАЯСЫ | 50 |
| МЕН ОРТАНШЫ БАЛАМЫН | 52 |
| ДЕЙ САТАМ | 56 |
| БОЛАТ ПЕН ҚОНАҚ | 56 |
| ҚАҚБАҚТАР | 57 |
| ТЫРНА, ТОТЫ, ТОҚЫЛДАҚ | 58 |
| ҚУ ҚҰЙРЫҚ | 61 |
| НЕ ЖАУЫП ТҮР? | 62 |
| ТАЛАС | 64 |
| “ЖЫРТҚЫШТАР” | 68 |
| ҚОЛ АРБА | 71 |
| КҮДІК | 74 |
| АҒАШ АЯҚ | 75 |
| ШОМЕТЕ | 79 |
| ІҢІРДЕ | 82 |
| БАТЫР | 83 |
| КӨКТЕҢ КЕНЕ ЖАУА МА? | 84 |
| ӘЖЕМ | 86 |
| АСАУ | 86 |
| ЖЕЗДЕ | 87 |
| БОЛСА | 89 |
| “ТАРҒЫЛ” ТУРАЛЫ ХИКАЯ | 89 |
| ЖОЛСЫЗ ЖОРЫҚ | 96 |
| ТИРДЕ | 106 |
| ҚАНАШТЫҢ ҚЫЛЫҒЫ | 107 |
| ТӘГІНІ ЖЕГЕНДЕ | 107 |
| КӨРГЕН ЕКЕН | 108 |
| ЕҢБЕК ЕТТІК | 108 |
| АТАМНЫҢ ӘНІ | 109 |
| НЕМЕРЕ | 110 |
| ЕСЕКТІҢ КҮШІ | 111 |
| АҒАЙЫНДЫ ЕКЕУМІЗ | 117 |

| | |
|------------------|-----|
| ТҮС | 126 |
| ҚАРА МЫСЫҚ | 131 |

ЖАЗ КҮНДЕРІ

| | |
|---------------------------|-----|
| ШАҢҚАЙ ТҮС | 133 |
| ҰЗАҚ КҮН | 133 |
| ҚАРБЫЗ | 134 |
| САРША ТАМЫЗ | 134 |
| ОЙНАУ ҮШІН | 135 |
| ФУТБОЛШЫЛАР | 136 |
| ШЕГЕ КӨТЕРГЕН КІРПІ | 144 |
| ЕҢ ҚОРҚЫНЫШТЫ ЕРТЕК | 147 |
| ҚАР МЕН ҚОЗЫ | 152 |
| ҰМЫТШАҚ ҰЛУ | 159 |
| МЕН ҚАЙСАР ҚҰМЫРСҚА | 159 |
| ОЖЕТ КӨЖЕК | 167 |
| КӨЗӘЙНЕКТІ КӨЖЕК | 178 |
| КӘДІМГІ КӨЖЕК | 189 |
| ЖҮЗ ЖАҢЫЛТПАШІ | 197 |

Қастек Баянбай

Таңдамалы шығармалар


I том

Баспа директоры Ш. Байкенова
Редактор-корректор Е. Кәпкызы
Көркемдеуші дизайнер Б. Еженов
Компьютерде беттеген Б. Еженов
Суретші Настя Ковалева

ИБ №78

Теруге 22.03.2007 ж. жіберілді.
Басуға 12.05.2007 ж. қол қойылды.
Пішімі 84×100 ¹/₃₂. Қағаз офсеттік
Басылымы офсеттік. Есептік баспа табағы 14
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №539.
“Балалар әдебиеті” баспасы. 050009
Алматы қаласы, Абай даңғылы 143
тел/факс: 2-42-23-57

Тапсырыс беругінің файлдарынан Қазақстан Республикасы «Атамұра корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинатында басылды. 050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.





ISBN 9965-650-69-1



9 789965 650697